

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИМ
М.БӨКЕНБАЕВ атындағы
АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

С.А.Мендыбаева

ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы

Оқу құралы

Ақтөбе, 2025 ж.

ӘОЖ
КБЖ
М

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институтының Ғылыми кеңесінде басып шығаруға ұсынылды

Пікір жазғандар:

1. К.Т. Куанжанова – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, PhD
2. Н.И. Каирова - Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты жалпы білім беру пәндері кафедрасының бастығы, з.ғ.к.,

Мендыбаева С.А.

М ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы оқу құралы/ С.А.Мендыбаева – Ақтөбе: Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атын. Ақтөбе заң институты, 2025. – б.

ISBN

«ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» оқу құралында енгізілген ситуациялық тапсырмалар мен тест сұрақтары курсанттардың білімін кеңейту және тереңдету, қорытындылау мақсатында құрылған. Оқу құралды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ведомствалық оқу орындары курсанттарын оқыту үшін қолдануға болады.

ӘОЖ
КБЖ

Кіріспе

Ішкі істер органдарында қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды. Аталған пәндегі оқытудың басты мақсаты курсанттардың білімдік жүйесін жетілдіру, қоғамдық қауіпсіздікті қалыптастыру мен қорғау, жедел-қызметтік міндеттерді орындауда полиция қызметкерінің кәсіптік қызметінде біліктіліктерін жетілдіру.

Оқылатын «ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» пәнінің негізгі міндеттерінің бірі ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби моральның қағидаларын курсанттарға терең ұғындыра білу, сонымен қатар қоғамдық-саяси, заң және арнайы пәндермен өзара органикалық байланыста көрсету; патриоттық сезімді дамытып, қоғамға қарсы құбылыстарға жол бермеу; адамгершіліктік-кәсіби деформацияға қарсы тұра білу. Оқылатын пән мәдениетке, тәрбиеге, өзара қарым-қатынастарды дұрыс жолға қоя білуге көп көңіл бөледі. Жалпы философиялық дүние танымдық түсініктер ішкі істер органдарының қызметінің ерекшеліктеріне байланысты қарастырылады.

Аталған курс қызметкерлерінің құқықтық, адамгершіліктік және эстетикалық мәдениетін арттыру ішкі істер органдарының негізгі істерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты курсанттар үшін қоғамда болып жатқан әр түрлі процестерді дұрыс талдап білу және демократиялық қоғамның адамгершіліктік және рухани байлығын қоғамда кездесетін құбылыстар мен қылмысқа қарсы қоя білу ең негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Оқу құрал мақсаты: – Оқылатын пәннің жалпы логикасы қоғамда болып жатқан демократияландыру, гуманизм және әлеуметтік өзгерістерге объективті түрде баға беріп, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің рухани дүниесінің қиын да қарама-қайшы жақтарын ашып, олардың адамгершіліктік-құқықтық негіздерін көрсету.

Оқу құралында курсанттардың патриоттық сезімді дамыту, қоғамға қарсы құбылыстарға жол бермеу, адамгершіліктік-кәсіби деформацияға қарсы тұра білуге үйрету. Оқу құралында 6 тақырып қаралған.

«ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» пәнін оқыту кезінде оқытушының курсанттардың білімін, ептілігі мен дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, алдына қойған мақсатты сонымен қатар жоғары сапалы моральдық-адамгершілік және еріктік қасиеттерін

тәрбиелеуді жетілдіру, таңдаған мамандықтарының кәсіби маманы ретінде дайындауға міндетті.

Оқу материалын тереңдетіп оқыту мақсатында Басқарма және психология кафедрасымен тест сұрақтары оқытылатын тақырыптарына сәйкес жасалған.

Бақылау және тест сұрақтары курсанттардың оқу материалын меңгеруінің тексеруге мүмкіндік береді. Жағдаяттық сұрақтар қиын тапсырмалардан тұрады, яғни құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметтерінде туындайтын тәжірибелік жағдайларда курсанттардың теориялық кәсіби этикасы білімін қолдануына тексереді.

Жинақ алты бөліктен құрастырылған және «Заңгердің кәсіби этикасы» пәнінен оқу-жұмыстық бағдарламасынан алынып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында талқыланып, Ғылыми кеңесінде мақұлданып, басып шығаруға ұсынылды.

Кейбір тапсырмалар мен сұрақтарда жалпы адамзаттың моральдық бағаларын және ПО қызметкерлерінің қызметіндегі кәсіптік адамгершілік құндылықтарының мазмұндарын ашып көрсетілді.

Тест сұрақтарын шешу үшін ең алдымен курсант тақырып бойынша теориялық материалды, сонын ішінде дәрісті, оқулық бөлімдерін, нормативтік-құқықтық актілерді білу қажет.

Оқытушы пәннің барлық материалын қамтитын сұрақтар тізбесін дайындайды.

Оқытушы бірнеше тест сұрақтарын шешкен курсантты қорытындылап бағалауы қажет.

1.тақырып. Этика ұғымы және оның пәні.

Қазіргі кезде біздің қоғамда адамды танып-білуге деген ұмтылыс күннен-күнге артуда. Этика да, құқық та адамтанушы пәндер ретінде қалыптасуда. Бұл екеуін біріктіретін басты өзек - адам. Осындай тоғысудың нәтижесінде ғылыми талдаудың жаңа бағыттары ретінде құқық философиясы немесе тәжірибедегі құқықты орнықтырумен байланысты жеке құқық, жергілікті құқық және т.б. қалыптасады. Құқық философиясына жүгіну — қазіргі заманғы адам өмірінде құқықтың алатын орнын түсінуге ұмтылыс. Құқық философиясы - құқықтың танымдық, құндылықты және әлеуметтік негіздері туралы ғылым, құқықтың мәні туралы ілім. Басқаша сөзбен айтқанда адамның қандай себептердің нәтижесінде және қандай мақсаттар үшін құқықты орнықтыратындығы туралы ғылым¹

Құқық этикасы белгілі бір дәрежеде құқық философиясының сипатына ие. Алайда, сонымен қатар, құқық этикасының өзіне тән бірқатар ерекшеліктері де бар. Философия әр түрлі мектептер мен бағыттарға объективтік шолу жасауға, барлық құқықтық теориялардың жиынтығы мен олардың дүниетанымдық негіздерін қамтитын белгілі бір көзқарас қалыптастыруға ұмтылады. Ал құқық этикасы тек бір ғана аспектіні таңдайды. Ол, біріншіден, құқықты емес, құқықтағы адамды қарастырудан, екіншіден, адамның құқыққа деген құндылық қатынасын талдаудан құралған. Бұл қатынас адамның құқықтық шындықты бағалауын білдіреді. Мұндай бағалау әрқашан жекелік сипатқа ие және іштей еркін бола тұрып, адамгершілік сипатты да иеленеді: адамның еркіндік, әділдік, жақсылық пен жамандық, басқалар мен өзінің алдындағы борышы туралы көзқарасымен тығыз байланысты болады.

Құқықты түсінуде негізгі екі бағыт бар: объектіге зор мән беретін (объектоцентристік) және субъектіге зор мән беретін (субъектоцентристік) бағыттар. Этика бұлардың екіншісін таңдайды. Яғни, құқық этикасының субъектоцентристік бағыты басқа бағыттарды жоққа шығарады: бұл жерде ең маңыздысы — субъектінің мүдделері (бұл мәселеге ұқсас жағдай ретінде сот процесіндегі адвокатты тағайындау мен оның ролін атауға болады: адвокат әрқашан сотталушының мүддесін білдіреді).

Ал объектоцентристік бағыт адамға құқықта қалыптасқан мүмкіндіктерге тәуелді ауыспалы сипат береді. Яғни, адам жүріс-тұрыс еркіндігі "берілетін" немесе "берілмейтін" объект ретінде түсіндіріледі.

Құқық этикасының пәніне анықтама берместен бұрын, этиканың пәні мен құқықтың пәнінің анықтамаларын келтіріп өткен жөн болар.

Мораль дегеніміз не? Бұл сұрақтың жауабы зерттеушінің объектоцентристік немесе субъектоцентристік бағытты ұстануына байланысты әртүрлі болады.

¹ Қазақстан Республикасы Конституциясы 30.08.1995 ж. (02.02.2011 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.)

Объектоцентристік дүниетаным адамды табиғи-тарихи үрдістің нәтижесі ретінде қарастырады. Бұл көзқарасқа сәйкес, адамның дамуы экономикалық, саяси, техникалық жағдайлармен анықталады. Мұндай дамудың жоғарғы сатысы болып адамның ақыл-парасаты табылады. Аталған бағыт арқылы көптеген мәселелерді түсіну қиынға соғады: неге тарих көп жағдайларда адамды гуманизациялаудан алшақтатады, неге адам нақты жағдайларға нашар бейімделеді, неге ол қарама-қайшылықсыз бақытты көтере алмайды және т.б.

Субъектоцентристік дүниетаным адамды басқаша қабылдайды. Бұл бағытқа сәйкес, адамның бойында болмыстың барлық құпиялары көрініс тапқан. Оны тек ұтымды әдістермен танып-білу мүмкін емес. Адам — микрокосмос, оның әлемінің нақты айқын шегі жоқ. Тарих дегеніміз адамның өзін-өзі дамытуының "соқыр тәуекелі"¹, ал объективтік шындық — адамның ішкі күш-қайратының дамуының, көрініс табуының нәтижесі.²

Құқықтың пәніне жүгінуде, құқық туралы әдебиетте оны түсінудің кем дегенде екі жолы бар екендігін ескеріп өткен жөн: құқықты кең мағынада түсіндіру және тар мағынада түсіндіру. Кең мағынада құқық әдет-ғұрыпты (әдет құқығы), дінді (қанондық құқық), табиғи құқықты, позитивтік құқықты, тірі құқықты және т.б. қамтиды. Тар мағынада құқық мемлекет жариялаған нормалар мен заңдардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, іс жүзінде құқықты түсінудің екі жолы қалыптасқан.

Адамдар әрекеті мен өнегелік сипатын айқындау үшін әр ұлттың өз өлшемі болған. Этностық өлшем моральдан да тереңірек жатыр. Белгілі бір таптың тұрмыс-тіршілігін, мұратын белгілейтін қоғамдық сананың айрықша формасы, қоғамдық қатынастардың ерекше түрі мораль (имандылық, имансыздық) дегеніміздің өзі жалпы адам баласының өнегелілік құбылыстарының туындысы.

Өсіп келе жатқан жас өрендер өздерінің ұлттық мәдениетін дамыта отырып, ғылымда, өндірісте, әскери және құқық салаларында еуропалық сияқты алға басу, яғни өркениетте оларға теңелуі қажет. Адамның мәдени болмысы өзі туып-өскен, тәрбиеленген мәдениеттің болмысына байланысты толысады. Адам баласының рухани жетілуінде шарықтаулар мен құлдыраулар алмасып отырған. Адамзат баласының әлеуметтік және рухани өмірінде үздіксіз қозғалыс болуы заңды құбылыс. Ұрпақ өткенді меңгеріп, қабылдап, түсініп, өзіміздің тарихи, рухани, мәдени байлықтарымызды, оның берік іргетасына сүйене отырып игеретін, бүкіл әлемдік өркениетке лайықты орын алатын кез туды.

Жалпы адамзаттың өркениет қазынасына өз үлестерін қосқан халықтардың мәдени және ғылыми мұраларын зерттеу — ғасырлар тереңінде өздерінің ізгі ойларын ұсынған ұлы адамдардың есімдерін ғана емес, әр ұлттың өзіне тән бай мәдениетін де көрсетеді. Басқа әлем халықтары сияқты қазақтар да бай, дамыған мәдени-ғылыми, философиялық ойлары бар халық. Мұндай зерделі халықтың әлемдік мәдениеттен тыс қалуы қиянат. Мақтануға да, өзгеге жарқыратып көрсете аларлық рухани қазынамыз, ата-баба қалдырған өткеніміз бар. Әрбір халықтың

² Қазақстан Республикасы Заңы «ҚР ПО туралы» 23.04.2014 ж. (08.11.2015 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді)

ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген әлеуметтік-философиялық ой-пікірлері болады. Жастардың мәдени және рухани өсу белестерін анықтау ісі өз алдына бір мәселе. Сонымен, ұлттың рухани мұрасы азаматқа ортақ болғанымен, әр халық оны түсінуге өз тіршілігі тұрғысынан келеді. Қазақ жерінің батысы Атыраудан, шығысы Алтайға дейін созылып, орасан зор көлемді алып, ертеден рулық, тайпалық бөлінуіне қарамастан, түрлі аймақтардағы дүниетанымдық көзқарастары ортақ.

“Қазақтың кең алқапқа қоныс тепкен, сан жағынан көп өзіндік этномәдени мұрасы бар. Бірегей антропологиялық тұрпаты, ұлттық мінезқұлқы бар екенін де естен шығаруға болмайды. Бір ғажабы – аса зор кеңістігі мекендегініне қарамастан, сол кезеңде өз рухына қуат берелік нәр таба алады да, рухани дүние байлығы адамзатқа ортақ болғанымен, әр ел оны түсінуге өз тіршілігі тұрғысынан келеді”, - деп жазады Қазақстан философтары І.Ерғалиев пен Е.Телібаев.³

Егемендікке қол жеткізгеннен соң жаңа тәуелсіз мемлекеттер өздерінің ұлттық ой-сана, салт-дәстүрлерімен қоса, жалпы мәдени – рухани дүниелеріне зер сала бастады. Ұлттық қоғамдық ойлар ішінде дәстүр мен қазіргі уақыт арасындағы қайшылық пайда болды. Батыстың рухани байлықтарына тәнті болудан арылып, ұлттық ойдың ерекшелігін меңгерудің уақыты келді. Бірақ Еуропаға тән нәрсенің барлығын бойды ала қашудың қажеті жоқ. Қазіргі кезде ұлттық және жалпы адамзаттық рухани байлықтары тиімді үйлестіру мәселесін алға қоя отырып, оларды мүлдем жаңа жағдайда сабақтастыра жүйелеу қажеттілігі туып отыр. Мұның өзі өркениеттіліктің тіке жолына түсінуге мүмкіндік берумен қатар, біздің қоғамдық-әлеуметтік және рухани өміріміздегі ерекшеліктерді игеруге жағдай жасайды. Осы айтылып отырған тұжырым студенттердің қазіргі ұлттық санамыздың өткенін, бүгінгі игілігін, болашақ мақсатын диалектикалық тұтастыққа қарастырып, дүниетанымдарының сапалық нәтижелерін дамытуға мүмкіндік береді.

Белгілі тарихшы Л.Гумилев “Өз тарихын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес”, - деген пікірін қолдауға тұрарлық. Ендігі жерде қоғамның рухани өміріндегі қажеттіліктерді (факторлар. әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәденирухани кешендер, т.б.) жан-жақты түбегейлі зерттеп, бағыт-бағдарын саралап, жасөспірімдердің дүниетанымдарын нарықтық экономика талаптарына сай қалыптастыру білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған ауқымды мақсат.

А. А. Гусейнов моральдың ерекшеліктерін былай анықтаған:

а) ол адамның бірігіп өмір сүру қабілетін сипаттайды және адамдар арасындағы қатынастардың нысанын білдіреді;

ә) моральдық заң әрекеттің субъектісі мен объектісін бөліп қарастыруға жол бермейді, яғни, моральды жариялау мен оны өз басынан өткеру — бұл біртұтас үрдіс;

³ Қазақстан Республикасы Президентінің № 153 29.12.2015 ж. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» жарлығы

б) мораль — адамның ерікті түрде өз мойнына алған ауыр жүгі. Мораль — адамның өзін-өзі бәске тігуімен сипатталатын ойы. Сократ у ішуге мәжбүр болған. Иса пайғамбар керіп шегеленген. Джордано Бруно отқа жандырылған. Ганди өлтірілген. Міне, бұл ойдың ұтыстары осындай.

Заңдар жекелеген адам санаттарына қатысты қатал, моральға қайшы, қайырымсыз болуы мүмкін. Неге? Бұл сұраққа жауап беру үшін, мораль мен құқықтың өзара әсерін талдауға тырысып көрелік. Яғни, алдымен, құқықтың адамгершілік құндылықтар мен моральдық нормалар туралы көзқараста қалай көрініс табатынын, содан кейін, моральдың құқыққа қалай әсер ететінін қарастырайық.

Мораль адамзат қоғамының немесе жеке адам дамуының белгілі бір кезеңінде, яғни, филогенезде және онтогенезде пайда болады. Моральдан бұрын адамдық "Меннің" қалыптасуының сатылары орын алады:

а) *Табыну сатысы* адамның "Біз" феноменінен көрініс табатын әлеммен біртұтастығын, оның әлем мен басқа адамдардан ажырамайтындығын, адамның дүниетанымының басқалармен біртұтастығын білдіреді;

ә) *Мәдениет сатысы* адам қызметінің және адамдық ерекшеліктердің алуан түрлілігі жағдайындағы мәдени нысандарды іріктеуді білдіреді. Бұл сатыда біз адамгершілік деп атайтын адамдар арасындағы өзара қарымқатынастардың табиғи нормалары қалыптасады, негізгі адамгершілік құндылықтар: еркіндік, жақсылық, жамандық, әділдік пайда болады. Мәдениет сатысы өркениеттің пайда болуымен аяқталады.

б) *Социум сатысында* жақсылық, жамандық, еркіндік құндылықтары борыштың әлеуметтік түсінігіне ауысып, нақты бір қоғамда әлеуметтендіріледі де, әлеуметтік және құқықтық нормаларға айналады. Бұл көзде олардың адамгершілік бастамасы біртіндеп жоғалып, жойылып кетеді. Егер алдыңғы сатыда біз *гуманистік этика* (фр. *hitaпііе* — адамды сүю) туралы сөз қозғасақ, бұл сатыда *әлеуметтік этика* жөнінде пікірлер айтылды. Әлеуметтік этиканың ерекшелігі — ол жекелеген, нақты бір адамның емес, социумның мүдделеріне бағытталған. Адам бұл этикада қоғам әсер ететін объект ретінде немесе басқа социум (қоғамның немесе белгілі бір әлеуметтік институттың бөлігі) ретінде көрініс табады.

Әлеуметтік этика, ең алдымен, адамның жүрі-тұрысының сыртқы келбетіне, оның этикеттік имиджіне назар аударады. Ол адамдағы сыртқы мен ішкі элементтерді тікелей түрде бөліп қарастырады, сөйтіп, оны еркіндіктен айырады. Осыған байланысты, адамға сыртқы әсер мен жеке мінез-құлық арасындағы ішкі шиелініс қайнар шегіне жетіп, ол сыртқы қарамақайшылықтардан көрініс табады⁴.

Осылай, қазіргі кездегі түсініктегі құқық салыстырмалы түрде кеш, өркениеттің пайда болуы жағдайында пайда болған. Ол күрделенген сыртқы әлеуметтік өзара әсерлесулердің жүйесінде адам тұлғаға айналған кезде пайда болады. Осы кезде адамның жекелеген адамдық бастамасы көлеңкеге, яғни, жыныстық, достық қарым-қатынастар, жеке шығармашылық әлеміне ауысады, ал бұл жағдайда адамгершілік норма, құндылықтың қажеттігі туындайды. Занды

⁴ Ғабитов Т.Х. Заңгер этикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 66 б.

социологизм асқан дәлдікпен әлеуметтік психологияның, антропологияның, адам биологиясының жаңалықтарынан, техникалық өнертабыстардан не алуға болатынын "ескере" отырып, құқықтың, заңның барлық салаға талғаусыз әсер ететіндігін көрсетеді.

Құқық жүріс-тұрыстардың сыртқы жағына, ал этика олардың ішкі жағына мән береді. Олардың өзара күресіне қарамастан, құқықтық норма өзінің моральдық, адамгершілік мазмұнының арқасында ғана өмір сүреді. Осы жағдай арқылы көптеген "бос" заңдардың өмірде көздесуі түсіндіріледі. Сондықтан да, құқық моральдық климатты, адамгершілік құндылықтарды сақтау үшін мүдделі. Себебі, олар құқықты қоректендіріп отырады.

Құқықтық және адамгершілік нормалардың шиелінісі көп жағдайларда адамды зорлауға, қанауға бағытталған тоталитарлық жүйе заманында мемлекет мүдделерінің адамның табиғи құндылықтарымен қайшы келетін заманында орын алады. Бұл шиеліністен шығудың бірден-бір жолы — құқықты өзгерту, оны адамға қарай ыңғайландыру, адамның мүдделері мемлекет мүдделерінен жоғары тұратындай, ал мемлекет адамның өзін-өзі жүзеге асыруына мейлінше мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін құрал болатындай етіп жағдай жасау.

2. Ситуациялық тапсырмалар:

1. Жедел іздестіру қызметкерлерінің күніне орай сіздің тікелей бастығыңыз бұл кәсіби мейрам болғандықтан, үлкен мерей той ұйымдастыру керектігі туралы айтты. Бұл ұйымдастыратын іс шараға барлық АІБ қызметкерлерін шақыру керек, сол күні біздің бөлімде тек қана кезекші бөлім жұмыс жасайды. Барлық қызметкерлер сол тойға түгелімен шақырылсын деп бұйрық етті. Мерей той жасауға ақшаны өз қалталарыңнан шығарыңдар, бір жылда бір рет келетін мейрам деген болатын. *Бұл бұйрықты әдептілік көзқарасы бойынша бағалап беріңіз.*

2. Сіздің қарындасыңыз жолдасы учаскелік полиция инспекторы Асанмен бірге үлкен жол көлік апатына түсті. Қарындасыңыз есін жиғаннан кейін, досы Асанның мас күйінде рөлге отырып, жылдамдықты асырып көлікті жүргізгендіктен осындай оқиғаға тап болғанын айтты. Бірақ, ол қасында болған Асанның сол көлік апатынан қайтыс болғанын білмеді. Сіздің барлық туыстарыңыз жиналып, біз туралы әзірше қарындасыңызға айтпау керек деп шешті. *Сіздің ойыңызша, бұл әрекет әдепті ме? Әдептілік тұрғысынан түсіндіріп көріңіз.*

3. Сіз ІБ жұмыс жасағаныңызға он жылдан асты. Бірақ, күнделікті бөлімде болатын таңертеңгілік жиналыста, сіздің бастығыңыз, барлық қызметкерлердің көзінше жасаған жұмысыңызға байланысты сізді балағаттап, адамгершілік қасиетіңізге тіл тигізеді. Бұл жағдайда сіз ең алдымен, жаңадан келген жас қызметкерлерден қысыласыз, себебі күнделікті бұндай айқайды естіген жас мамандар сізді сыйламай, күлкі етеді. *Сіздің ойыңызша, басшыңызға ескерту жасау керек пе? Бұл жағдайда сіздің іс-әрекетіңіз?*

4. *Полиция қызметкеріне қажетті қасиеттер қандай? Арсыздық, әдептілік, сыпайылық, ұстамсыздық, ұстамдылық, екіжүзділік, шынайылық, сенімділік,*

ұқыптылық, мұқияттылық, дәлділік, шыдамсыздық, менмендік, табандылық, үлкендерді құрметтеу, ашкөздік, езбелік, адалдық, ақкөңілділік.

5. Жол – патрульдік полиция қызметкері жұмысын атқару кезінде, жол ережесін бұзған жүргізушіні тоқтатты. Полиция қызметкерінің әрекеті қандай болу қажет?



б. а) Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Абай Құнанбаев.

б) Аз сөйлер де, көп тыңдар хас асылдың баласы. Махамбет Өтемісұлы.

в) Өзі таза адам өзгеге күйе жаға алмайды. Күйе жағу үшін өзінде де күйе болу керек. Ғабит Мүсірепов.

г) Адамның басшысы- ақыл, жетекшісі- талап, шолғыншысы- ой жолдасы- кәсіп, қорғанышы- сабыр, қорғаушысы- мінез. Би- шешендер.

д) «Сіз»- әдеп, «Біз»- көмек. Мақал- мәтел.

е) Адамның алдымен адам сипаты болуға тиіс. Міржақып Дулатов.

Мағынасын ашып көрсетіңіз? Бұл айтылған нақыл сөздер полиция қызметіне қатысы барма?

7. Төмендегі түсініктерге анықтама беріп көріңіз: кәсіби мораль, кәсіби жауапкершілік, кәсіби орындаушылық, кәсіби ар-намыс, кәсіби белсенділік, кәсіби әдеп, кәсіби шынайылық, кәсіби ұстамдылық, кәсіби ұқыптылық.

8. «Адамның жақсылығы мақсатына қалай жетуінен емес, мақсатына жететінінен айқындалады» Абай Құнанбаев. Бұнымен келісесіз бе? Өз пікіріңізді айтыңыз.

9. Ішкі істер бөлімінде жаңадан еден жуушы жұмысқа алынды. Бұл адамның орындайтын жұмысы, таң ертең келіп, барлық кабинеттерді жуып, тазалау. Бір

кабинетте сіз үш адам болып отырсыз. Бір күні еден жуушы үстелдің үстін жинап, шаңын сүртіп жатқан кезде, бір әріптесіңіз оған: «менің құжаттарыма тимеңіз, не шаруаңыз бар»- деп жекіп тастайды.

Әдептілік жағынан бұл әріптесіңіздің әрекетін қалай бағалар едіңіз?

10. *Полиция қызметкері ретінде, келесі сұрақтарға жауап беріп көріңіз:*

- А) Кімді өлтіруге жеңіл: террористтік акт жасаған адамды немесе педофилді?
 - Б) Жұмыс барысында, Сізге қатты әдепсіздік көрсеткен адамды есіңізге түсіріңіз. Сіз бұл тұлғаның қандай қылығына, қасиеттеріне, дәрекілігіне мән бердіңіз.
 - В) Мас күйінде бөлімшеге жеткізілген жасөспірім қызбен сөйлесу барысында қандай күйде боласыз?
 - Г) Сіздің ойыңызша, өз өзіне қол жұмсап, өлген адамның туыстарына барып, бұл хабарды жеткізу оңай ма? Неліктен?
 - Д) Сіз кімді әдепсіз тұлға деп есептейсіз? Әр қайсысына түсінік беріп көріңіз.
- жағдайы төмен адамдарды;
 - өзге нәсілді адамды;
 - зорлаушыны;
 - адам өлтірушіні;
 - жезөкшені;
 - арсызды;
 - қарттарды;
 - ұрлықшыны.

3.Тест тапсырмалары:

1. Этос ежелгі грек сөзінен аударғанда қандай мағына береді?

- А) этика
- В) ғылым
- С) аспан
- Д) заңгер
- Е) ғарыш

2. Этика ғылым ретінде қашан қалыптасты?

- А) VII ғасырдан
- В) X ғ.
- С) XX ғ.
- Д) XIII ғ.
- Е) XV ғ.

3. Этика термині шығатын, орысша эквивалентінің көне грек сөзі:

- А) ізгілік
- В) рақымшыл
- С) келген жері (мекені)
- Д) игілік
- Е) білім

4. Этика ғылымының негізін салушы

- А) А. Блок

- B) Гиппократ
- C) Сократ
- D) Платон
- E) Аристотель

5. «Үлкен этика» атты еңбектің авторы

- A) А. Блок
- B) Гиппократ
- C) Аристотель
- D) Платон
- E) Сократ

6. «Ілімнің басты идеясы – бақыт, ақыл және рақымшылдық»- деген кім?

- A) Әбу Насыр әл Фараби
- B) Әбу Али Ибн Сина
- C) Аристотель
- D) Гиппократ
- E) Сократ

7. Адам игілігіне жарайтын іс- шараларды, қасиеттерді зияткерлік (интеллектуалды) және этикалық (ерік-жігерлі) деп бөлген кім?

- A) Әбу Насыр әл Фараби
- B) Әбу Али Ибн Сина
- C) Аристотель
- D) Гиппократ
- E) Сократ

8. Аристотель әділеттіліктің қандай түрлерін бөліп айтқан?

- A) қоғамдық пікір
- B) адамгершілік сипаттары
- C) салт жоралар
- D) барлық жауап дұрыс
- E) дұрыс жауап жоқ

9. «Адам деген атқа лайықты болу үшін қайырымды болу керек» деген кім?

- A) Әбу Насыр әл Фараби
- B) Әбу Али Ибн Сина
- C) Сократ
- D) Аристотель
- E) Гиппократ

10. Гуманистік этиканың француз тілінен аударғанда білдіретін мағынасы (humanite)

- A) моральдық мінез-құлық
- B) шындық
- C) дүниетаным
- D) адамды сүю
- E) ержүректілік

№2 тақырып. Қазақстан Республикасы ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасының категориялары

Борыштық категория - жалпы этикада және қызметтік этикада ерекше категория. Моральдық ортаның жеткілікті негізін: мейірімді бол, намысты бол, әділетті бол сияқты негіздер құрайды. Қол! Басқа категорияларына қарағанда борышында күшті әрі басқыншы жағдай. Ол осы идеяны негіздей қоймай, сонымен оған бағынышты: шақырады, талап етеді, оны өмірге айналдыруға мінезін міндеттейді. Борыш адам болуы- ол оның жағдайын, талабын біле қоймай, сонымен осы талаптарды тәжірибеде жүзеге асыру⁵

Атақтылар ішіндегі көбісі борыш сезімді үлкен дәрежеге көтереді. И. Кант жазғандай, борыш бұл адамның өзінен асатын дәрежеге көтереді.

Құқық қорғау органының қызметкерлерінің қызметтік борышы қоғамдық борыштың негізгі бөлігі, ол оның адамгершілік объективті борыштық мазмұнының моральдық құндылығы, ол жоғары және әділетті сұрақты шешуіне бағынышты, яғни адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, өзінің, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті нығайту. Бірақ та, әскери борыштық потенциалды мүмкіндіктерін айқындауы, егер қоғамдық міндеттер жеке ретінде танылса немесе қабылдаса, олар өзінің қызметіне байланысты дәлелді және әділетті істе жүзеге асуы мүмкін.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің борышы-бұл азаматтарды қорғау объективті қажеттіліктерден, қоғам мен мемлекетті қорғаудан туындайтын және мемлекеттік-құқықтық талаптармен және ішкі адамгершілік туындылармен негіздейтін жоғары және құрметті міндет болып табылады.

Ерік пен борыштың сәйкестенуі — бұл өзіндік адамгершілік апофез болып табылады. Объективті борыш және ерік талаптардың қатынасы әр түрлі ғалымдардың пікірлерімен қаралады. Кейбіреулерінің ойлары бойынша міндет пен еріктің арасында ешқандай қарсылықтар жоқ. Бірақ әрбір адам бұған қарсы нәтижеге келеді. Әрине, жеке қоғамдық міндеттің өзінің талабы ретінде ескерілуі міндет пен еріктің арасындағы қашықтықты қысқартады. Сонымен бірге өзге мән – жайлар дұрыс емес, яғни борыш пен ерік өздеріне қарсы екі бағыт ретінде қарастырылады. Бұл көзқарас, егер борыш сыртқы, ішкі жатқызылмауы ретінде болуы мүмкін. Борыш пен ерік бірін-бірі шектемейтін қарама-қарсылар. Олар өте күшті жақындасуы немесе шектесуі мүмкін, бірақ та ешқашан бір-бірін шектемейді. Борыш-бұл ұжымның, қоғамның, тұлғаның ерікті атрибуты.

Адамгершілік адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, олардың мемлекетке және қоғамға қатынасын негіздейді. Мемлекет пен қоғам адамға осындай талаптар береді, адамгершілік күнделік өмірдегі нормалардан бейнеленеді және негізделеді, яғни белгілі бір идеалға сәйкестендіріледі.

Адамдардың ескерілетін мораль нормалары оның ішкі сенімдердің басылуымен бейнеленеді. Қоғамдық мораль әрі қарай қоғамдық және мемлекеттік

⁵ Молдабеков Ж.Ж., Маханбетова А.Ә., Оралбекова А.Ш. Кәсіби этика. Оқулық. – Астана, 2008. – 158 б.

құрылыстың нығаюына себебін тигізеді. Сонымен бірге активті тұлғаны қалыптастырады. Борыш-бұл барлық моральдық нормалардың жиынтығының адамның қызметтік тәжірибесінен бірлесуін айтамыз.

Құқық қорғау органдарында қызметкердің қызметіндегі борыш, ол бірінші дәрежеге және құралы ретінде қарастырылады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тәртібінің механизмі, олардың ұжымындағы адамгершілік қатынастар 3 негізгі факторларға негізделеді:

- қызметкердің ұжымнан, мемлекеттен және қоғамнан бағыныштылығы, оның қоғамдық қолдау мен мақұлдаудағы мүддесінің ұят сезіміндегі эмоционалдық көзқарасын табу.
- белгіленген бостандық, яғни қызметкердің тәуелсіздігі, ол оның объективті мүмкіндіктер ішіндегі өзінің тәртібін таңдау мүмкіндігін көрсетеді.
- қызметкердің жауапкершілігі, яғни оның «тәуелсіз» әрекеттерден мүмкін болатын салдары үшін, атап айтқанда, әрбір қызметкердің өзінің адамгершілік нормалар ішіндегі моральдық таңдауы үшін жауапты болуға дайын тұруы.

Борыштың адамгершілік мазмұны, заң күші бар құқықтық талаптармен қосылады. Қызметтік борышты белгілейтін және қорытындылайтын барлық қатынастар адамгершілік және құқықтық беделіне иеленеді. Мораль нормалардан шектелуі- бұл әрқашан бір уақытта құқықтық нормалардың бұзылуына әкеп соқтырады. Құқықтық қызметтік борыштық жарлықта, антта, нұсқаулықтарда көрсетілетін талаптарында, сонымен бірге моральдық баға мен құқықтық норма орын алады. Қызметтік борышта моральдық күшпен айырылған құқықтық талаптар жоқ, сондай-ақ құқықтық жеделден айырылған адамгершілік нормалар жоқ.

Құқық қорғау қызметін реттейтін құқықтық актілерде осы екі қоғамдық талаптардың ара-қатынасы тығыз және терең болып табылады. Құқықтық және адамгершілік нормалар жоғары ұйымдастыру дәрежесін қамтамасыз етеді. Қызметтік борыш активті күшке ие, яғни қызметкерлердің өзінің жұмысын нақты және уақытында орындалу ісіне және ойлауына, өзінің еркінің алдына қойған мақсаттарға жетуі үшін әсер етеді.

Адамгершілік борыштың негізі құрамы болып-өзіндік тәртіп болып табылады. Жедел іздестіру процесс қызметіндегі қызметкерге құқықтық әсер немесе ұжымның әсері оның ішкі жеке ойлауымен, ұятпен сәйкес келуі, бұл оның мінезінің тұрақтылығымен моральға жат болмауына кепілдік бермейді.

Құқық қорғау қызметкердің қызметтік борышты орындаудың адамгершілік критериясының түсінігінде тек тәжірибе нәтижелер ғана емес, сонымен қызметтік ниеттері кіреді.

Қызметтік борышты орындау адамгершілік құндылығы туралы жауап объективті әрекеттің салдары (оның нәтижелері), субъективті ойлаулары (әрекеттің ниеттері) жекелігінде бермейді. Оны жүзеге асыру үшін қызметінің өзіне қойған мақсаттарды орындау үшін жауапкершілік дәрежесін, оның қызметтік іскерлігіндегі маңызын, сонымен нақты мақсаттарды шешу мүмкіндіктері мен осы әрекеттің салдарын анықтаудың маңызы зор. Сонымен бірге, қызметкердің нақты әрекеттің адамгершілік бағасы оны алдындағы қызметтің есебі анықтайды.

Құқық қорғау органның қызметкерлері өздері - намыс адамдары. Оларда, әсіресе, өзінің қызметтік борышты орындауда айқындалады. Оның негізгісі- бұл бейбіт уақытында батырлықты, өзін-өзі ұстауы, сонымен бірге өзін құрбан етуі болып табылады.

Ол борышты орындау үшін жоғарғы тағайындау мен күнделікті қауіптермен айтылмайды. Олар оны жай орындайды және азаматтар ол үшін алғыстарын айтады.

Қызметкер мен ұжымның намыстарының сәйкестенуі, мақтау сезімін оятады, яғни қызметкердің құқық қорғау органында жатқызылатынынан моральдық қанағаттандырылады. Бірақ қазіргі кезе немесе соңғы кездерінде құқық қорғау органының беделі қоғам пікірлерінде төмен дәрежеге ие болғанмен, оны құқық қорғау жүйесі бүкіл халық арасында қажетті және оңды ретінде бағаланады. Қызметкердің борышы-құқық қорғау органының беделін қоғамдық пікір, көзқарастарына жоғарыға көтеру және оларда болған салт-дәстүрлерді қалпына келтіру.

Қайырымдылықтың нақтыланған нысанының бірі әділеттілік болып табылады. Ол ізгіліктер арасында негізгі орынды алады, себебі, адамдар арасында ізгіліктер мен зұлымдықтар бөлінісін сипаттайды және бағалайды. Әділеттілік адам өмір сүруінің тәсілдері мен шарттарының бағасы ретінде адамдар өмірі мәнімен тығыз байланысты. «Әділеттілік», -деп жазады Д. Роулс,- ғылым жүйесінде ең басты ізгілік ретінде ақиқат саналатыны сияқты, қоғамдық институттардың ең басты ізгілігі болып табылады.

Қоғам өз мүшелеріне игілік беріп қана қоймай, ол әділеттілік қағидасымен тиімді реттелгенде ғана жақсы ұйымдасады. Жалған теорияның ертелі-кеш теріске шығатыны сияқты, әділетсіз қоғамдық қатынастар да жойылуы немесе түзетілуі тиіс. Әділеттіліктің кепілдікке берген құқықтары саяси сауда объектісі бола алмайды.

Әділеттілік ұғымы, сонымен қатар, салыстырмалы, нақты, тарихи болып табылады. Алғашқы қауымдық мәдениетте әділеттілік «қанға-қан, жанға-жан» мағынасында табуға, талионға жақын тұрды. Ру игілігі құдайлардың мәңгіге бекітілген заңдары қамқорлығында болды. Әділеттілік осы қасиетті дәстүрлерге дұрыс қатынаспен сипатталды. Оны бұзғандар жазаға тартылды. Оның көріністерінің біріне рулық кек институты жатады.⁶

Рулық құрылыстан өркениетке өтуге байланысты әділеттіліктің жағарыдағы ұғымы оның таратушылық түсінігімен алмасты. Алдыңғы орынға әділеттілік-теңдік шықты. «Бәріне бірдей бөлу» идеясы мен көбірек алып қалуға ұмтылу адамзаттың кейінгі моральдық дамуына үлкен ықпал етті. Тек моральдық дамуда ғана емес, әділеттілік пен теңдік туы астында революциялар, бүліктер, басқыншылықтар болды. Теңдікті жүзеге асыру үшін мемлекеттік биліктің қандай да бір органына қоғамдық өнімді орталықтандырған басқару құқығын беру керек. Алайда, бұл моральдың салдары адамдардың орасан зор мөлшерінің

⁶ А.А.Салимов, А.А.Умурзакова Заңгер этикасы. оқу-тәжірибелік құралы Ақтөбе, 2016. – 66 б.

жойылуына және қалғандарының кедейшілікке ұрынуына алып келді. «Әлеуметтік әділеттілік» деген тіркес те «халықтық демократия» сияқты жай семантикалық бос сөз ғана. Бөлінуші әділеттілік идеясы- әрбір индивид өз адамгершілік абыройына сай алуы тиіс деген мұндай кеңейтілген адамзат қауымдастығында өз мәнін жоғалтады⁷

Алайда, абстрактілі теңдік пен бөлініс әділеттілігінің жарамсыздығы әділеттіліктің моральдық қағидасының құнсыздануын білдірмейді. Д.Белл жазғандай, «адамзат санасының табиғатында әділеттіліктің моральдық схемасы барлық әлеуметтік тәртіптің қажетті негізі болып табылады: заңдылықтың болуы үшін билік ақталуы тиіс және ақырында дәл осы адамгершілік идеялар, яғни, қалаулы нәрсе туралы көзқарастар адамзат ұмтылыстары арқылы тарихты қалыптастырады».

Енді намысты құрайтын келесі категория туралы, яғни берген сөзінде тұруы. Сөзінде тұратын адам! Бұл адамның маңызды қасиеті, кейбір кезде ол намыс түсінігімен ұқсастырады. Егер сөзді берсең- оны ұста. Құқықтық тәртіпті сақтау органының қызметтік намысын түсіретін, ол берген сөзінде тұрмау, одан шектелуі. Намыс категориясы құқық қорғау қызметкерінің адамгершілік мәдениетінде маңызды болып табылады. Намыстың мазмұны категория ретінде адамның жалпы мәдениетінің дәрежесіне, оның діни және физикалық дамуына, мемлекеттік негізде ойлау мүмкіндігіне тікелей байланысты болады. Оған әрқашанда үйрену қажет.

Ар-ұят өмірдің әр түрлі көріністерінде шатасқан түрінде көрінетін феномен. Ар-ұят түрлері мазмұнының айырмашылықтары бар ма? Тарихтың барлық өн бойында қарама-қайшы қондырғыларды ұстанатын адамдар өз «ар-ұятымыз бойынша» әрекет еттік деп есептеді: Конфуций мен Сократ, Заратустра мен Платон, Иса мен Мұхаммед адамдарды руханилыққа, ар-ұят пен ар-ождан үніне құлақ түруге шақырса, инквизиторлар мен ксенофобтар, басқыншылар мен тирандар өз ар-ұяттары бойынша әрекет еттік деп санады⁸

Авторитарлы ар-ұяттың екі түрі бар. Таза ар-ұят- бұл авторитет саған ырза деген сана; кінәлі ар-ұят- ол саған ырза емес деген сана; кінәлі ар-ұят- ол саған ырза емес деген сана. Таза ар-ұят игілікті жағдай мен қауіпсіздік сезімін тудырады, өйткені ол авторитет қолдауын және оған жақындығын білдіреді. Кінәлі ар-ұят қорқыныш пен үміт үзушілікті тудырады, өйткені авторитет еркіне қарсы әрекет жазалану қаупіне әкеледі.

Бағынбау басты күнә, ал тіл алғыштық басты ізгілікке айналады. Бас шұлғушылық авторитеттің жоғары билігі мен данышпандаған, оның өз еркі бойынша бұйыру, марапаттау және жазалау құқығын мойындауды білдіреді. Авторитет өз бұйрықтары мен тыйымдарын, марапаттаулары мен жазалауларын түсіндіруге дейін төмен түсе алады, бірақ индивидтің авторитетке еш сын айтуға

⁷ Сокова З.К. Профессиональная этика: Курс лекций. М.: ЦИИНМО КП МВД России, 2000. – 204 б.

⁸ Шеретов С.Г. Профессиональная этика юриста: Учебное пособие. –Алматы: Юрист, 2009. – 148 б.

құқығы жоқ. Индивидтің сын айтуға батылы жеткендігінің өзі айғақ ретінде оның кінәлілігінің дәлелі болып табылады.

Авторитеттің прерогативі қандай болмасын, мейлі ол ғаламның билеушісі немесе тағдыр жіберген халықтың әкесі болсын, олардың және адамдардың кез-келгені арасындағы түбірлі теңсіздік. Міне, авторитарлы арұяттың негізгі догматы осы.

Авторитарлы ар-ұятпен салыстырғанда гуманистік ар-ұят - бұл сыртқы санкциялар мен қолдауларға бағынбайтын және әрбір адамға берілген біздің өзіміздің жеке дауысымыз. Ол ар-ұяттың дұрыс қызмет етуі немесе оның бұзылуына біздің бүкіл тұлға-тұрқымыздың жауабы. Ар-ұят адам мақсатының орындалуын бағалайды, ол өмір өнеріндегі табыстарымыз бен шалыстарымыз туралы хабар беріп отыратын біздің бойымыздағы ақпарат⁹

Сонымен, ар-ұят – бұл біздің өзімізге өзіміз беретін жауабымыз. Бұл бізден жемісті өмір сүруді, толық және үйлесімді дамуды талап ететін біздің нағыз «Меніміздің» дауысы. Бұл біздің адалдығымыздың қорғаны, өзімізге тұра алу қабілеті, тіпті өзімізге «Иә!» деп тәкаппарлықпен айтуға мүмкіндік беретін қабілет. Жеке ар-ұатымыздың дауысын есту үшін, біз өзімізді тыңдауымыз керек, ал бұл біздегі мәдениет адамдарының көпшілігі үшін қиынға соғуда.

Ар-ұят ұғымы, егер берік өмірлік сенімі болмаған жағдайда, бай және игілікті адамдарда өте тайғанақ болуы мүмкін. Дәулеті енді құрала бастаған адаммен байлыққа тойынған адамның ар-ұят туралы ұғымы әртүрлі болуы ықтимал. Адамның ар-ұяттылығының маңызды элементі бала кезден басталған тәрбие болары хақ. Оған оны қоршаған орта, сол ортаның психологиясы мен құндылықтық бағдары зор ықпал етеді. Сондықтан да, іскер адамдар маман таңдағанда бұл адамның ар-ұятына әсер ететін факторларды ескеруі қажет.

Ар-ұят ұғымына тарихи кезең, ұлттық, территориялық, климаттық ерекшеліктер де орасан ықпалын тигізеді. Ар-ұят ұғымының қазіргі кезең мен өндіріс үрдісіне машиналар, механизмдер енді ене бастаған 18-19 ғасырлар арасында айырмашылығы бар екендігін де ескерген жөн.

Кәсіби этиканың маңызды категорияларының қатарына абырой категориясын жатқызуға болады. Кәсіби абырой - бұл өз борышын жантәнімен орындаудың жоғары әлеуметтік құндылығын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өздерінің түсінуі және оның қоғамдық көзқараспен танылуы. Абырой сезімі - бұл құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өздерінің түсінуі және оның қоғамдық көзқараспен танылуы. Абырой сезімі - бұл құқық қорғау органдары қызметкерлерінің істері мен әрекеттерінің қуатты қозғағыш күші.

Абырой категориясы қадір-қасиет категориясымен тығыз байланыста. Бұл категориялар іс жүзінде өздерінің объективтік мазмұны бойынша сәйкес келеді, бірақ оларды нысандары бойынша ажыратуға болады. Абыройды бағалау- бұл қоғамдық көзқарасты бағалау, ал қадір-қасиетті бағалау- бұл, ең алдымен, тұлғаның өз қалауы бойынша жүзеге асырылады. Әрине, қадірқасиетті бағалау қоғамдық көзқарастан алшақ жүзеге аса алмайды, алайда, бұл жерде өзіндік

⁹ Этика юриста / Составитель Т.Х.Габитов: Учебное пособие для юридических вузов. – 2-е изд. – Алматы: Данекер, 2000. – 127 б.

бағалау ерекше рольді иеленеді. Ал бұл бағалау, өз кезегінде, тұлғаның қоғам алдындағы жетістіктерін сезінуіне негізделеді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің басым көпшілігі абыройдың адамдары. Бұл қасиет олардың қызметтік борышты орындауында көрініс табады. Оның ерекшелігі бейбіт өмір кезінде де қайраттылықты, ұстамдылықты, өз ісіне жан-тәнімен берілуді талап етумен сипатталады. Әрине, олар өз қызметінің маңыздылығы, борышты орындаумен байланысты тұрақты қауіп туралы ешкімге жария салып айтпайды. Олар өз міндеттерін жай ғана атқарады, халық осы үшін де оларға риза.

Құқық қорғау органдары қызметкерінің абыройын ол өзі қызмет етіп жүрген ұжымның, бөлімшенің абыройынан бөліп қарастыруға болады. Сол себепті де, ол өзінің қызметтес серіктерін ұятқа қалдырарлықтай әрекеттер жасамауға тырысады. Ұжымның абыройы- жеке қызметкердің де абыройы. Абыройды сүю құқық қорғау органдары қызметкеріне тән қасиет. Дұрыс түсінілген абырой жалпы іске кедергі жасамайды, керісінше, оны орындауға қосымша күштер береді. Ал абыройға табыну жағымсыз сезімдермен ұштасса, онда ол мансапқорлыққа айналады. Мұндай жағдайда адам өзінің пайдакүнемдік мақсаттарына жету үшін кез-келген құралдар мен жолдарды пайдалануға дайын болады.

Қызметкер абыройы мен ұжым абыройының ұштасуы мақтаныш сезімін, яғни, құқық қорғау органдары қызметкерінің осы жүйеде қызмет ететіндігін сезінудің моральдық қанағаттанған сезімін тудырады. Соңғы жылдары құқық қорғау органдарының беделі қоғамдық көзқарас алдында біршама төмендегенімен, құқық қорғау органдары жүйесін халық қажетті деп түсінеді және жалпы алғанда оған оң баға берілуде. Қызметкердің борышы- құқық қорғау органдарының беделін қоғамдық көзқарас алдында тұрақты түрде көтеріп отыру және бұл органдардың ең жақсы дәстүрлерін қайта жаңғырту. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің абыройы оның жақсы дәстүрлерге деген қатынасынан да көрініс табады. Дәстүрлерді ұмыту немесе оларды аяққа таптау қызметтік ортада қатаң сөгіс табатыны сөзсіз. Дәстүрлер- бұл тек тарих емес, сонымен қатар, қоғамдық тәртіпті қорғаушы жас буынды тәрбиелеудің қуатты құралы.¹⁰

Сонымен қатар, дәстүрлерге сүйену олардың дамуын, алдыға қарай қозғалысын білдіретінін ескеріп өткен жөн. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің абыройы олардан болашаққа деген ұмтылысты, өзінің кәсіби міндеттерін орындау үшін жаңа әдіс-тәсілдерді және қазіргі заман техникасын меңгеруді талап етеді. Ол үшін басқа елдердің құқық қорғау органдарының жетістіктері мен жұмыс тәжірибесімен танысудың маңызы зор. Бұл біздің құқық қорғау органдарының абыройы мен қадір-қасиетін нығайтып, жоғарылата түседі, қызметкерлердің кәсіби борышын тиімді орындауға көмектеседі.

¹⁰ Юридическая этика /Под ред: А.С.Кобликова. – М., 1999.

Абырой категориясының тағы да бір құрамдас бөлігі- өз сөзінде тұру. Сөзінде тұратын адам! Бұл- адамның маңызды қасиеті, тіпті, оны кейде абырой түсінігімен теңестіріп жатады. Сөз бердің бе- сөзінде тұр, уәде бердің бе-орында. Әйтпесе, адамдар сені сыйлаудан қалады және өтірікші, бос сөздің адамы деген атқа қаласың. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің абыройын құртатын басты кемшілік- айтқан сөзінде тұрмау. Ақыр аяғында мұндай қызметкер беделінен айырылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, абырой категориясы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершілік мәдениетінің ішіндегі ең маңыздыларының бірі. Абыройды қадірлеу, бағалау- бұл борыш әрі күнделікті міндет. Абыройдың мазмұны белгілі бір дәрежеде адамның жалпы мәдениетінің деңгейіне, оның рухани және физикалық дамуына, мемлекет туралы ойлай білу қабілетіне тәуелді. Ал бұған үздіксіз, тұрақты үйрену керек.

Теңдік туралы идеяның өзі гуманистік әлеуетін сарқыған жоқ. Бұқаралық санада теңдіктің үш түрі кездеседі: Құдай алдында, мораль алдында және заң алдында. Теориялық ойдағы «мүмкіндіктер теңдігі» концепциясы қызығушылық туғызады. «Нәтижелер теңдігін» талап ету байлықтың кедейлер пайдасына қарай радикалды қайта бөлінісін білдіреді, ал бұл бөлініс пен экономикалық өсімнің арасындағы байланысты бұзады. Кірістің шамалы болса да қайта бөлінісі инвестиция есебінен тұтынуды ұлғайтады және экономикалық өсімнің қарқынын баяулатады. Кезінде Аристотель «мөлшер бойынша теңдік» пен «абыройы бойынша теңдіктің» айырмашылығын айтқан болатын және теңге теңсіз ретінде, теңсізге тең ретінде қатынас орнатар әділетсіздік пайда болатынын айтқан еді. Д.Беллдің пікірінше, теңсіздік индивидтің қоғамдағы орнымен анықталатын өмір жағдайына, әлеуметтік ортаға, қызмет түріне, мұрасына сәйкес келуі тиіс.

Д. Белл бойынша, азаматтардың бұл категориялары арасындағы теңсіздікті олардың әлеуметтік мәртебесі, табысы мен беделінде, жеке қабілеттер теңсіздігі жағдайында қоғамдық еңбектің жойылмайтын нәтижесі ретінде мойындау керек. Тиімділігі жағынан да, әділеттілігі жағынан да дұрыс бөліністің жалғыз-ақ қағидасы төмендегідей: әркімге жеке қосқан үлесіне қарай және оның өз әрекет саласындағы өкілеттілігі мен сіңірген еңбегіне қарай беру. Адамдарға пайда әкелетін теңсіздіктер әділетті және әркімге де өмірде табысқа жетуге мүмкіндік беріледі¹¹

Алайда, қоғам игіліктердің бірден-бір қолға жинақталуы мен қалғандарының кедейшілікке ұрынуына жол бермеуі тиіс. Қоғамдық топтар арасындағы мұндай айырмашылыққа әр түрлі әлеуметтік қимылдар арқылы қарсы тұру қажет. Қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық және моральдық мәселелерді реттеуде мемлекеттің ролі күшеюде. Ендігі жерде өмірдегі теңсіздік үшін жауапкершілікті нарыққа артып қою мүмкін емес. Жолы болмағандардың

¹¹ Ботавина Р.Н. Этика деловых отношений: Учебное пособие. – М.: Статистика и финансы, 2003. – 206 б.

топтық құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Бұл мәселелерді шешу адамзат дамуына әділеттілік жолмен жетуге жағдай жасайды¹²

Барлық ғылым түрлеріндегі сияқты этикада да бірқатар категориялар бар. Категориялар заңдармен, қағидалармен, әдістермен біріге отырып, кезкелген ғылымның мазмұнының негізін құрайды. «Категория» сөзінің өзі грек тілінен шыққан. Ол арқылы шынайы өмірдің маңызды жақтарын көрсететін мейлінше жалпы түсініктер сипатталады. Ол — адам танымының өзекті пунктері.

Этика категориялары - моральдың ең мәнді жақтары мен тұстарын көрсететін, ғылым ретіндегі этиканың теориялық аппаратын құрайтын жалпы түсініктер. Этика категориялары адамгершілік сананың теориялық деңгейінде өмір сүреді. Олар — рухани, идеалды тәртіптің құрылымдары, болмыстың адамгершілік жақтарының субъективтік көрінісі, әлеуметтік құбылыс ретіндегі мораль туралы жүйеленген, ғылыми негізделген, теориялық білімдер жиынтығы. Этикалық категориялардың ерекшеліктерін, түрлерін және мәнін қарастырудың теориялық қана емес, жалпы әдістемелік те маңызы зор. Оларсыз кәсіби-этикалық категорияларды талдау мүмкін емес, себебі, олар жалпы этика категорияларының нақтыландырушысы болып табылады. Бұл категориялардың сандық ауқымы өте кең, сондықтан да олардың ішіндегі ең маңыздыларына ғана тоқталамыз, себебі құқық қорғау қызметкерлерінің қызметінде олардың алатын орны ерекше.

1.Төмендегі түсініктердің анықтамасын қойып шығыңыз:

Түсінік	Жауап №	№ р/с	Анықтама
Абырой		1	Жоғары, бірақ өз өзін аса бағаламау
Кеңпейілділік		2	Өмірдің жоғарғы қажеттіліктерін қажеттеу
Намыс		3	Бағалар мен құндылықтардың сәйкестігі
Әділдік		4	Адамның құндылығы, адамдардың оң қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті
Парыз		5	Төмендетуші қажеттіліктерге қарсы тұратын өз өзі сыйлау қажеттілігі
Ұстанымдылық		6	Оң қажеттіліктерге адам табиғатының бейімделуі
Ұят		7	Өзін өзі аса бағалау
Мақтаныш		8	Адам құндылығына қоғамның қабылдауы

¹² Кильмашкин Н.Ф., Кильмашкина Т.Н. Психологические средства общения в системе ОВД: Учебное пособие. – Кустанай: КВШ МВД РК, 1996. – 60 б.

Өзбетінше		9	Тек жеке жоғарғы адами қажеттіліктердің үстемдігі
Ерлік		10	Ауысымды тұлғалық қажеттіліктен өзге құндылықтар мен құндылықтарға қарсы қабылдаулар
Игілік		11	Тұлғалық қажеттіліктерге қарамастан құндылықтардың қалушылығы

2. Сіз жұмыс жасайтын бөлімшеде қызметкерлер «Мұқтаж адамдарға көмек» науқаны ұйымдастыралатыны туралы сізге хабар берді. Бұл игілік істің бірі. Бірақ, қазіргі уақытта сіздің үш балаңыз бар, онымен қоса әйеліңіз жұмыс жасамайды. Жанұяның асыраушысы тек сіз ғана. Бірақ бұл науқанға қатыспау, сіздің сараң екендігіңізді көрсететін сияқты.

Бұл жағдайдан шығудың қандай жолын ойластыратын едіңіз? Түсіндіріп беріңіз?

. «Үлкенге- құрмет, кішігі- ізет» біріңғай адамгершілік нормасын түрлі жағдайларда қолданып көр:

- көлікте;
- анаң бүгін әріптесіңмен бірге футбол көруге бармай, уақытты онымен өткізуді өтінді;
- басшы, жұмыс барысында сіздің ойыңызша теріс пікірді басшылыққа алып отырды;
- оқытушы сынақты автомат түрінде қойып беруге уәде беріп, кейін бас тартты;
- Сіз 70 жастағы есірткі тасушыға үкім шығаруға тиісті сот уәкілісіз.

4. Жұмыс барысында әр түрлі жағдайлар кездеседі. Мысалы аса қауіпті қылмыскерлерді ұстау, террористтерді заласыздандыру, банк тонаушыларын қарулансыздандыру, үй тонаушыларды ұстау, өзін-өзі өлтіруге барғалы жатқан адамды аман алып қалу, туған баласы соққыға жыққан қарияларды құтқару, т.с.с.

Бұл жағдайларда сіздің әрекетіңізге, ой санаңызға, адамгершілік қасиеттеріңізге не әсер етуі мүмкін?

5. Жағдайы төмен адам, аса ауыр қылмысқа барады. Яғни, бір үйде жөндеу жұмыстарын жүргізіп беремін деп, пәтер иелерінің сеніміне кіреді. Сөйтіп аз уақыт өтіп, пәтер иелерінің сеніміне әбден кірген қылмыскер, үй қожайынын қажет құралдар алу керек деп, дүкенге жібереді. Сол уақытта, қожайынның әйелі, екі жасөспірім баламен үйде қалады. Пәтер иесінің үйде жоқтығын пайдаланған қылмыскер, өзінің досын шақыртып, әйел мен екі жасөспірім баланы жауыздықпен өлтіріп, үйді түгелдей тонап кетеді. Дүкенге барып келген пәтер иесі, болған жағдайды көзбен көріп, кім жасағанын бірден түсінеді. Бұл жағдай туралы тез арада полиция қызметкерлеріне хабарлап,

келулерін айтады. Бірақ оқиға орнына келген полиция қызметкерлері, осындай жағдайларға еті үйреніп кеткендіктен, пәтер иесі, шағымданушыға аса назар аудармай өз жұмыстарын жасайды.

Сіздің ойыңызша, полиция қызметкерлерінің бұл әрекеті дұрыс па? Адамгершілік тұрғыдан түсіндіріп беріңіз.

6. 2011 жылдың қараша айының 12 жұлдызында Тараз қаласы тұрғындарының басына зұламатты қасіретті үйірген лаңкесті құрықтауда ерлік көрсетіп, ОПД Жол полициясы жеке взводының командирі, полиция капитаны Ғазиз Байтасов мерт болды. Ғазиз көзі тірісінде өз ісіне деген адалдық, қызметіне деген жауапкершілік үлгісін танытқан болатын. Күні- түні таңдаған кәсібінің ауыртпалығын аса ұқыптылықпен сезініп, отбасы мен бауырларына деген қамқорлығын есте еш төмендетпеген.

Полиция қызметкері Ғазиз Байтасовтың ерлігі мақтан тұтарлық па? Халық қаһарманына лайықты қасиеттерді дамытуда сіз қандай күш жігеріңізді жұмсар едіңіз?

7. Полиция қызметкерлері бұдан былай қала көшелерін күзетуде тек аппақ көліктермен жүретін болды. «Ақ түс тазалықтың, адалдықтың, әділдіктің, ашықтықтың белгісі. Сондықтан бүгіннен бастап, Павлодар қаласының полиция қызметкерлері қала тұрғындарының тыныштығын, қоғамдық тәртіпті күзету үшін қара көлікпен емес, ақ түсті көлікпен жүріп қызмет етеді», - деді ПД бастығы С.Күсетов. Оның айтуынша полиция қызметкерлерінің ақ түсті көлікке ауысуы олардың жұмыс істеу деңгейінің жоғарлауына, адамдардың сеніміне кіруіне ықпал етуі тиіс. Халық арасында «қара қарға» келеді деген сөз бар. Алдағы уақытта қала халқы полиция қызметкерлерін әділет үшін күресетін адал жандай көрсе екен дейміз.

Бұл жаңалық үзіндісіне сіз қандай пікір айтар едіңіз? Адалдықтың, әділдіктің белгісі ақ түс екеніне келісез бе?

8. Әр жыл сайын «Қарттар мерекесіне» орай полиция қызметкерлері аудандағы барлық қарттардың үйін аралап, мерекесімен құттықтайды. Жалпы бұл іс шараның басты мақсаты, қарттарды құттықтаумен бірге, тәрбиелік мақсатта бөлімше қызметкерлерінде кеңпейілділік, адамгершілік, ұят, құрметтілік, адалдық қасиеттерін дамытуға арналған болатын.

Сіздің ойыңызша, бұндай іс шаралар өткізу дұрыс па? Жоғарыда айтылған қасиеттерді дамытуға көмек береді ме?

9. Адамгершілік қасиеттің төмендігіне қазіргі заманда шағым көп. Сіздің ойыңызша, төмендегі жағдайларды қалай алдын-алуға болады?

А) қызметкерлердің бір-бірін көре алмай, жаман қылықтарын басшыға жеткізу;

Б) достар арасында, отбасында, жұмыста саяси және идеялық келіспеушіліктердің болуы;

В) әркім тек өзін ойлайтындығы;

- Г) қылмыстың көбеюі;
- Д) қарапайым іс-әрекет мәдениетінің жоғалуы;
- Е) ұрпақтар байланысының тоқтатылуы;
- Ж) порнографияның таратылуы.

10. Елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғап отырған полиция қызметкерлерінің кейде келеңсіз жағдайларға ұрынып, жемқорлыққа жол беріп жататыны белгілі. Ал ішкі істер органына келіп, үстіне полиция формасын киген адамның ары да, ожданы да таза болуы тиіс. Және де полиция өз жұмысына терең бойлай алмайтын, өз қызметін түсінбейтін көлденең көк атты жүрмеуі керек. Полиция формасы қарапайым халыққа қоқан-лоққы көрсету емес, оларды қорғап, қылмыс пен тәртіпсіздіктің алдын алушы адамға міндеттелген арнайы киім үлгісі. Форманың жауапкершілігінде сол адамның ұяты туруы керек. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халқына жолдауы (2012ж).

Бұл үзіндіде ҚР Президенті полиция қызметкерлеріне керекті қандай қасиеттерге тоқталып өткен? Бұл қасиеттерді дамытуда, сіз қандай ұсыныс жасар едіңіз?

3.Тест тапсырмалары

1. «Бостандықтан қашу» атты кітабында Э.Фромм не туралы жазған?

- А) Адамгершілік туралы
- В) Бақыт туралы
- С) Жақсылық пен зұлымдық туралы
- Д) Мазохистік феноменнің нысандары туралы
- Е) Барлық жауап дұрыс

2. Аристотель өзінің «Никомах этикасы» еңбегінде адам өмірінің барлық игіліктерін 3 топқа бөлген:

- А) жалпы жеке және әлеуметтік;
- В) сыртқы рухани және денелік;
- С) материалдық рухани ;
- Д) Гипотеза, санкция және диспозиция
- Е) жалпы және ерекше

3. «Гуманизм» латын тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді?

- А) намыс
- В) борыш
- С) мораль
- Д) әділдік
- Е) ізгілік

4. Деспрективті этика деген не?

- А) жақсылық пен жамандықтың мәселелерін оқытатын этика бөлімі
- В) этиканың тарихын оқытатын, этика бөлімі
- С) нақты қоғамдық социологиялық және тарихи аспектілерін зерттейтін, этика бөлімі
- Д) адамгершіліктің генеологиясын оқытатын этика бөлімі

Е) кәсіби этика

5. Кәсіби қызметпен қамтамасыз етілген, өз ара қатынас (сипатын ал) ізгілік сипатын қарастыратын белгілі әлеуметтік топтық мінез құлық ережесінің жиынтығы болып табылатын этиканың бөлімі:

А) этикалық аксеология

В) кәсіби этика

С) заң этикасы

Д) медециналық этика

Е) қызметтік этика

6. Адамды жоғары құндылық деп мойындауды, Адамға, оның жоғарға көтерілу мүмкіндіктерене сенуді білдіретін дүниені танудың этикалық принципі:

А) антропоцентризм

В) теоцентризм

С) социоцентризм

Д) гуманизм

Е) этатизм

7. Гедонизм — грек тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді?

А) жамандыққа шақыру

В) ләззат іздеу, қызыққұмарлық

С) борыш өтеу

Д) ұрпақ қалдыру

Е) қызметтік этика

8. Кәсіби әдеп:

А) еңбек ұжымының және әр маманның жекелей қарым қатынасы;

В) кәсіби борыштын жақсы орындалуын қамтамасыз ететін маманның жекелей өнеге сапасы;

С) ішкі кәсіби ұжымдардағы өзара қарым қатынас және белгілі кәсіпке тән спецификалық өнеге нормалары;

Д) кәсіби тәрбиенің ерекшеліктері;

Е) барлық жауап дұрыс.

9. Қоғамдық тәртіпке қайшы мінез- құлық:

А) жанға ауыр тиетін жағдайларда пайда болатын жүйкелік- психикалық қозу

В) әлеуметтік нормаларға қайшы келетін, әлеуметтік тәртіпке және айналадағы адамдардың амандық- саулығына қауіп төндіретін мінез- құлық

С) басқа тіршілік иесін басуға және зиян келтіруге бағытталған дұшпандық

Д) нақты тұлғаның белгілі бір қоғамда және белгілі бір кезеңде бекітілген нормалардан ауытқушылық

Е) араңдатушы, күшейтпелі және қолдаушы факторлар жиынтығы

10. «Өзіңе жасалғанын қаламайтын қылықтарды сен де басқаларға жасама» - деген:

А) А. Блок

В) Гиппократ

С) Конфуций

Д) Платон

Е) Сократ

№3 тақырып. Мораль. Мораль функциялары, оның құрылымы және элементтері

Мораль (латын тілінен аударғанда *moralis* — адамгершілік, ізгілік; *mores* — нравы) қоғамдық сананың ерекше нысаны мен қоғамдық қатынастардың бір түрі болып табылатын адамның жүріс-тұрысын реттейтін нормативтік реттеудің бір құралы.

Мораль дегеніміз адамдардың бір-біріне және қоғамға деген қатынасын, сондай-ақ таптық қоғамда өз табы мен партиясына және дұшпан таптар мен партияларға деген қатынастарын бейнелейтін қоғамдық сананың формасы. Екінші сөзбен айтқанда, мораль дегеніміз адамдардың қоғамдағы мінез-құлқына қойылатын талаптар мен ережелер нормаларының жиынтығы.

Құқық та адамдар арасындағы қатынастарды ретке келтіретін ережелер мен нормалар жиынтығы екенін білеміз. Моральдық нормалардың айырмашылығы сол, олар құқықтық нормалар сияқты қағазға жазылмайды және мемлекет тарапынан зорлауға негізделген емес, қоғамдық пікірге, адамның ішкі сеніміне, әдетке негізделген.

Адамдардың мінез-құлқына баға беретін негізгі өлшеуіш, анықтауыш, сайып келгенде, қоғамдық мүдде, ал таптық қоғамда таптық мүдде болып табылады. Қоғамдағы белгілі таптың, халықтың қоғамдық пікірі адамның бір қылықтарын адамгершілікке жататын жақсы іс деп бағаласа, енді біреулерін адамгершілікке жатпайтын теріс қылық деп бағалайды¹³

Моральдың нормалары мен принциптері өзгермейтін мәңгі емес. Керісінше әрбір қоғамдық формацияның экономикалық негізіне сәйкес пайда болған моральдық нормалар мен принциптер қоғамдағы экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты өзгеріп отырды, бір қоғамда әділетті деп саналатын моральдық нормалар басқа қоғамда әділетсіз болып саналуы мүмкін. Мысалы, баю үшін алыпсатарлықпен айналысу қазіргі біздің қоғамның моральдық нормаларына әбден сәйкес келсе, ал социализм тұсында адамгершілікке жатпайтын қылық деп бағаланып, саудагерлік үшін сотқа тартылатын еді. Демек, қоғамның экономикалық негізгі қандай болса, оның моралы де сондай болмақ. Әрбір қоғам өз моралын тудырып, оны сақтайды.

Мораль - қоғамдық сананың ең көне формасы. Оның шығуы өте ерте кездегі адамдардың еңбекке деген инстинктік мінез-құлық формасынан адамдар ұжымдастырушылыққа байланысты болды, яғни адамдардың санасынан тыс және оған тәуелсіз стихиялы түрде қалыптасатын материалдық қатынастары олардың санасында мінез-құлықтың белгілі бір нормалары мен ережелері түрінде бейнеленеді де жүзеге асатын саналы да мақсатты еңбекке тәуелді болады¹⁴

¹³ Кокорев Л.Д., Котов Д.П. Этика уголовного процесса. – Воронеж, 1993.

¹⁴ Кунанбаев А. Слова назидания. – Алматы, 1999

Ол адамдар арасында анықтаушы сипатқа ие аталған қоғамда қабылданған жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік, лайық және лайық емес түсініктерге сәйкес қағидалар мен нормалар жүйесін құрайды. Моральдың талаптарын сақтау рухани әсердің күшімен, қоғамдық пікірмен, ішкі сеніммен, адамның ар-ұятымен қамтамасыз етіледі.

Мораль өмірдің барлық аясындағы адамдардың санасы мен жүрістұрысын реттейтін болғандықтан, моральдың бір ерекшелігі болып табылады (өндірістік әрекет, тұрмыс, отбасылық, тұлғааралық және басқа да қатынастар). Мораль сонымен қатар топаралық және мемлекетаралық қатынастарға да таралады.

Моральдық қағидалар барлық адамдарды қамтитын, қоғамның ұзақ уақыт үрдісіндегі тарихи дамуының мәдениетпен өзара қарымқатынастарының негіздерін бекітетін жалпыға бір маңызға ие болып табылады.

Адамның кез-келген әрекеті, іс қимылы әр түрлі сипаттағы маңызға ие болуы мүмкін (құқықтық, саяси, эстетикалық және басқа), бірақ оның адамгершілік жақтарын, моральдық мазмұнын бірыңғай жүйемен бағаланады. Моральдық нормалар күнделікті қоғамда дәстүр күшімен, жалпыға бірдей және ұстанатын барлық тәртіппен, қоғамдық пікірмен жүргізіледі. Олардың орындалуы барлығымен бақыланады.

Моральда жауапкершілік рухани, идеалды сипатқа ие (осуждение или одобрение поступков), адам сезінуі, іштей қабылдауы және өздерінің әрекеттері мен іс қимылдарын түзетін және бағыттауы арқылы моральдық бағалау нысанында жауап береді. Мұндай бағалау лайықты және лайықты емес, міндетті және міндетті емес түсініктермен қабылданған жалпы қағидалар мен нормаларға сәйкес болуы қажет¹⁵

Мораль адамның адамдық тұрмысының шарттарына, адамның негізгі сұраныстарына тәуелді, бірақ қоғамдық және жеке сананың деңгейімен анықталады.

Мораль қызметтері мәселелерін зерттей келе, тәрбиелік, болжамдық, танымдық, реттеушілік, бағалаушы-императивтік, бағыттаушылық, мотивациялық, коммуникативтік және тағы басқа қызметтерін бөліп көрсетеді. Заңгерлердің басты мүддесі негізінде моральдың реттеушілік және тәрбиелік қызметтері болып келеді.

Реттеуші қызмет мораль қызметінің жетекші қызметі болып табылады. Мораль қоғамның, басқа адамдардың да мүдделерін ескеру негізінде адамдардың тәжірибелік әрекеттерін бағыттайды және өңдейді. Сондықтан моральдың қоғамдық қатынастарға белсенді әсері жекелеген әрекеттер негізінде жүзеге асырылады.

Моральдың тәрбиелік қызметі адамдар тұлғасының және өзіндік сананың құрылуына қатысады. Мораль мақсат пен өмірдің мәніне қатысты пікірлерге, адаммен өзінің қасиетін сезінуге, қоғам мен басқа адамдардың алдындағы борышына, құқығына, тұлға қасиеттеріне қатысты құрмет қажеттілігіне

¹⁵Опалев .В. Умение обращаться с людьми. Этикет делового человека. М.: Культура и спорт, 1996.

септігін тигізеді. Бұл қызметті гуманистік тұрғыда сипаттауға болады. Ол моральдың реттеушілік және басқа да қызметтеріне әсерін тигізеді.

Мораль адамгершілік әрекетті, яғни, қоғамдық сананың ерекше нысанын, сонымен қатар, қоғамдық қатынастардың түрлерін, қоғамда әрекет ететін жүріс-тұрыс нормаларын және адамның әрекетін реттеуді қарастырады.

Адамгершілік сана моральдың идеялық, субъективтік жағын көрсететін оның бір элементі болып табылады. Адамгершілік сана адамдарға олардың борыштары ретіндегі белгілі бір анықталған мінез-құлық ережелерін, тәртіптерін көрсетеді. Адамгершілік сана моральдық талаптарға сәйкес көзқарасында әр түрлі әлеуметтік құбылыстарға (өмір салты, оның мақсаттары, жүріс-тұрысы және тағы басқалары) бағасын береді. Бұл бағалау құптау не сынау, мақтау не мадаттау, ұнату не ұнатпау, жақсы көру не жек көру арқылы көрінеді. Адамгершілік сана - қоғамдық сананың және бір уақытта тұлғаның жекелеген сана саласының нысаны болып табылады. Ең соңында адамгершілік сезімдермен (ар, намыс, ұят, өкіну және тағы басқа) байланысты адамның өзіндік бағалауы маңызды орынды алады¹⁶

Моральдық нормалар —адамның қоғамдағы жүріс-тұрысын, оның басқа адамдарға, қоғамға және өзіне қатынастарын реттейтін әлеуметтік нормалар. Олардың орындалуы қоғамдық пікір күшімен, аталған қоғамда жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік туралы көрінісі арқылы жүзеге асырылады. Моральдық нормалар әлеуметтік топқа немесе нақты сол қоғамға тән белгілі бір анықталған жағдайларда өз-өздерін ұстаудағы жүріс-тұрыс ережелерінің мазмұнын анықтайды.

Моральдық нормаларды мақсаттылығы, тиімділігі және жақтаушы жағынан жүріс-тұрыс ережелері негізінде нысанға келтіруде қоғамда әрекет ететін нақты қағидалар, идеалдар, жақсылық пен зұлымдық туралы түсініктер қойылған.

Адамгершілік нормалардың орындалуы адамгершілік санкцияларының сипатын анықтайтын бедел және қоғамдық пікір күшімен, субъектінің лайықты және лайықты емес тануымен, ізгілікті және ізгіліксіз нормалармен қамтамасыз етіледі.

Моральдық нормалар ерікті түрде орындалуға жатады. Оларды бұзу жағымыз сипаттағы және рухани әсер етуге бағыттылған адамның жүріс-тұрысын талқылайтын моральдық санкцияларға әкеп соғады. Моральдық санкция моральдық нормалар мен қағидаларда құралған адамгершілік талаптарды бекітеді.

Моральдық нормаларды бұзуда моральдық санкциялардан басқа да санкциялар қолданылады, мысалы, тәртіптілік немесе қоғамдық ұйымдармен көрсетілген нормалар. Моральдық нормалар жағымсыз жағынан да, тыйым салушы нысанда да, сонымен қоса позитивтік негізде де көрінеді.

Моральдық қағидалар — қоғамда қалыптасқан адамгершіліктің, ізгіліктің мазмұнын ашатын адамгершілік талаптарды көрсетудің бір нысаны болып

¹⁶ Разум сердца: мир нравственности в высказываниях и афоризмах. – М., 1990.

табылады. Олар адамның адамгершілік негіздерін көрсететін және адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипаттамасының басты талаптарды анықтайды және жеке және нақты жүріс-тұрыс нормаларының негізіндегі адам әрекетінің жалпы бағытын анықтап көрсетеді.

Егер моральдық нормалар адамның нақты қандай іс-әрекет жасау керек екенін анықтаса, ал моральдық қағидалар адамға әрекет етудің жалпы бағыттарын береді.

Моральдық қағидалар қатарына адамгершіліктің мына бастаулары кіреді - гуманизм — адамды жоғарғы құндылығы ретінде тану; альтруизм — жақынға қызмет ету; ұжымдылық— жалпы құндылыққа танымды түрде ұмтылу.

Адамның моральдық таңдау жағдайында шешім қабылдауы нәтижесінде әрекет жасауы белгілі бір дәрежеде басқа адамдардың, қоғамның мүддесіне өз әсерін тигізеді. Моральдық таңдау тұлғаның басқа адамдармен шынайы байланысын көрсететіндіктен, ал нәтиженің олар үшін белгілі бір мәні болатындықтан, ол әрқашан осы тұлғаға белгілі бір жауапкершілікті жүктейді және арқылы жүзеге асырылады.¹⁷

Моральдық нормалар әлеуметтік топқа немесе нақты сол қоғамға тән белгілі бір анықталған жағдайларда өз-өздерін ұстаудағы жүріс-тұрыс ережелерінің мазмұнын анықтайды.

Моральды нормалар мен құндылықтар жүйесі ретінде талдау оны статистикалық жағдайдағы қоғамдық құбылыс ретінде көруге мүмкіндік береді. Моральдық таңдау көзқарасы тұрғысынан моральды танып-білу оның динамикалық жағын ашуға, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі нормалардың, қағидалардың, адамгершілік құндылықтардың және бағалаудың қызметін көруге мүмкіндік береді.

Моральдық таңдауды кейде, тіпті, тар мағынада, адамның шешім қабылдаудағы саналы әрекеті ретінде түсіндіреді. Алайда, осы шешім қабылдану үшін белгілі бір объективтік және субъективтік алғышарттардың, таңдау шарттарының және осы таңдауды жүзеге асыру үшін мүмкіндігінің бар болуы қажет. Шешімнің қабылдануымен таңдау әрекеті аяқталмайды. Оның жалғасы болып шешімді жүзеге асыру құралдарын таңдау, оны іс жүзінде жүзеге асыру және нәтижелерді бағалау болып табылады.

Этика ұғымында моральдық көріністердің аса маңызды саласы және олардың жалпы теория жүзінде іске асырылуы көрсетіледі. Оларда адамгершілікті білімнің тарихи даму барысындағы түпкі мақсаты көрініс алады. Мораль ұғымында этиканың іргелі онтологиялық және аксиологиялық негіздері қаланады. Олар моральдық бағытта адамдардың адамгершілікті әрекетін нормативті-бағалаудағы әртүрлілігін айқындай отырып, танымдық әрекеттің жетекші рөлін атқарады.

Әдетте, этиканың категориялары да біртекті болады деуге болмайды. Олардың бірі адамгершіліктің өзіндік мәнін, тұлғалық және әлемдік дамудың түпкі мақсатын, моральдың жалпы бастапқы принциптерін айқындаса (бұл ұғымға:

¹⁷ Халиулина В.П. Профессиональная этика юриста: Учебное пособие – М.: Изд-во РУДН, 2004. – 161 б.

«игілік», «жақсылық», «рақымшыл», «шындық», «бақыт», «әділеттілік», «махаббат», «сүйіспеншілік» және т.б. жатады), *екінші бір үлкен тобы* тұлғаның жалпылама адамгершілікті негіздерін анықтайды. (Бұл мына ұғымдарда көрініс алады: «парыз», «ұят», «ар», «намыс», «абырой» және т.б.). Ал *үшінші тобы болса* моральдың «ашу-ыза», «табалау» ұғымында шоғырланған жағымсыз принциптерінің соңғы көріністерін белгілейді. Оның мазмұны өтірік, көре алмаушылық, жек көрушілік, сатқындық, жауыздық, оңбағандық және тағы басқа адамгершілікке жат түсініктер туралы көріністерде ашылады.

Моральдың ең жоғары принципі ретінде дәстүрлі түрде *гуманизм* саналады. Бұл ұғымның этимологиясының өзі ежелден адамгершілік деген түсінікті, оның адамға деген жоғары көзқарасын көрсетеді. Гуманизм – адамгершіліктің ең жоғары бастауы. Гуманизм түсінігінде мораль адамның барлық ісіне, талпынысына, өміріне мән беретін басты негіздің бірі десе болады. Гуманизм идеясымен адамзаттың бүкіл рухани мәдениетінің қалыптасу тарихы тығыз байланысты. Бұл идеялардың басты өзегі болып, адамның шексіз мүмкіндіктеріне деген сенімі және оның бақытқа жету мақсатындағы қабілеті саналады¹⁸

Мораль адамзат тағдырын шешуді көздемейді. Оның міндеті – гумандық және адамгершілік идеалдарына сәйкес тарихи тұрмыс-тіршілігіне нақты рухани бағыт беру. Мораль – тарихи ұғым. Ол адамзат пайда болғаннан бастап әлеуметтік тұрмыстың мазмұнын анықтайтын жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың қатарына жатады және адам мен қоғам қанша өмір сүрсе сонша оның маңызды қасиеті болып қала береді. Бұны алғашқы қауымдық қоғам жағдайындағы мінез-құлық нормалары, құлдық қоғам мен орта ғасыр кезеңіндегі мораль, жаңа және жаңарған кезеңдегі этика, қазіргі қоғамдағы этика, яғни адамгершілік прогресі дәлелдейді. Бұл туралы диссертацияда жан-жақты мазмұндалады.

Мораль, адамдардың мінез-құлқын нормативті тұрғыда реттейтін тәсіл бола тұра, қоғамдық қатынастың ерекше және маңызды саласы болып саналады. Ол моральдық сана мен моральдық мінез-құлық тәжірибесін құрайтын әлеуметтік болмыстың материалдық және идеалдық салаларын қарастырады.

Моральдық сана - моральдың рухани саласы: мінез-құлықтың нормасы және принциптері, мақсатты нұсқаулар, эмоциялар, сезімдер, нанымсенімдер, әсерленушілік, ерік-жігер және т.б. идеалды факторлар. Ол адамдардың тыныс-тіршілігімен және тарихи тәжірибесінің бейнесі болып табылады, әлеуметтік сабақтастық механизмінің және тіршілік әрекетті бағыттап, ұйымдастырудың функцияларын орындайды, тұлғаның мінезқұлық нәтижелерін бағалайды.

Моральдық сана адамдардың қатынасында екі деңгейлік бағытта жұмыс істейді: эмоционалдық-сезімдік (әдеттегі сана) және *рационалдық-теориялық* (этика).

¹⁸ Шепель В.М. Имиджология. Секреты личного обаяния. М.:Культура и спорт. ЮНИТИ. 1994 (2-е изд. – 1997).

Біріншісі адамдардың қарымқатынасын анықтаса

а) басқа адамдарға (ұнату немесе ұнатпау, сену немесе сенбеу, қызғану, жек көру және т.б. сезімдері); ә) өз-өзіне (сыпайылық, инабаттылық, талап қоя білушілік, намысшылдық, мансапқұмарлық, адамгершілігін сезіну және т.б.);

б) қоғамға (қоғам алдындағы жауапкершілігі, ұлтжандылық, ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш және т.б.); *екіншісі* этикалық білім, түсінік, мінез-құлық нормасы туралы принциптер мен қағидалар жүйесі, моральдық кодекс, адамгершілікті теориялық тұрғыда негіздеу болып табылады.

Моральдық сана қоғамның дамуына және жеке бастың жинақтаған мінез-құлық тәжірибесіне байланысты қалыптасып, адамгершілік ұғымдары мен ой қорытындыларының формасы түрінде көрінеді.

Моральдық сананың қалыптасуы жеке бас тарапынан моральдық категорияларды меңгеру ғана емес, ол жеке бас бойында көрініс беретін моральдық принциптерге деген көзқарасты қалыптастыру және осы принциптерді өзінің мінез-құлқына енгізуге ұмтылыс болып табылады. Осы жағдайда моральдық ұғымдар моральдық сенімге айналады да, моральдық мінез-құлық мотиві пайда болады.

Моральдық сана мен моральдық сенім адамгершілікке тәрбиелеу процесінде қалыптасады. Моральдық сананың қалыптасуына баланың отбасындағы тәрбиесі, өзіндік санасы, дүниетанымы, ұжымның көзқарасы әсер етеді. Белгілі қылықтарды моральдық бағалау арқылы, қоғамдық пікір нәтижесінде моральдық әдетті, моральдық сезімді, демек, моральдық сананы дамытудың негізгі мәйегін дайындайды.

Адамгершілік ұғымдары (категориялар) – жеке бастың басқа адамдарға және қоғамға қатынасындағы моральдық қарым-қатынастың мәнді жақтарын бейнелейтін ұғым. Моральдық категориялардан моральдық сана көрінеді. *Моральдық категорияларға*: ізгілік, борыш, шыншылдық, абырой, ождан, жауапкершілік жатады. Моральдық ұғым мазмұны мінез-құлықты бағалаумен және оның мотивімен байланысты. *Адамгершілік қатынас моделі* моральдық нормалардан көрініс табады, олар ең алдымен қоғамның мінез-құлыққа міндеттеген шешімін қабылдайды, қоғамның сұранысына қарай адамгершілік қатынасты жоспарлайды және оларды жүзеге асырудың амал-жолдарын қарастырады.

Моральдық нормалар қоғамдық көзқарас нәтижесінде туындап, адам мінез-құлқында бекиді де, ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр, әдет-ғұрып, әдет арқылы беріледі. Мұндағы дәстүр адам өмірін ұйымдастырып қана қоймайды, оны белгілі бір тәртіпке бағындырады, қоғам қабылдаған және қолдау беретін жазылмаған заң түріндегі адамгершілік талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. *Нормаларға*: «кісі өлтірме», «ұрлама» «өтірік айтпа», «берген сөзіңде тұр», «жалқау болма», «жазықсызға жала жаппа», «тәртіпті бол», «әдепті бол», «басқаларға сыйлы бол» және т.б. адамгершілік талаптар жатады.

Адамгершілік нормалары адам үшін маңызды қоғамдық және жеке бастық салаларды, мәселен, еңбек ұжымы, отбасы, қоғамдық ортадағы мінез-құлықты,

ер адам мен әйел адам, ата-ана мен балалар арасындағы қатынасты және т.б. реттеп отырады. Олар жеке басты түрлі жағымсыз жағдайлардан, қоғамдық тәртіпті бұзушылықтан сақтайды, қоғамды келеңсіз құбылыстардан қорғайды. *Моральдың мінез-құлық тәжірибесі саласы* қоғамдық моральдың қазіргі жүйесінің принциптерін жүзеге асырады және тұлға әрекет жасағанға дейінгі тәртіптің өте оңды моделін қалыптастыратын жеке моральдық сана деңгейімен анықталады.

Моральдық сана мен моральдық мінез-құлық тәжірибесі әрдайым өзара байланыста болады, ұдайы бірізділікте жүзеге аса отырып, бір-біріне көмектесе әрекет жасайды және себепші болады: тәжірибеден санаға, санадан жаңа тәжірибеге және т.б. Моральдық мінез-құлық тәжірибесі моральдық санаға ауысады немесе керісінше.

Мораль – білім мен іскерлікті өмірде пайдаланумен шектелмейді, оларды жүзеге асыру процесін атқарады. Моральдың барлық құрылымдық элементі біртұтас жүйе ретінде құндылық бағдарды, моральдық іс-әрекеттің мақсатын, оған жетудің құралдарын (адамгершілік мөлшерлерді), іс-әрекет мотивациясын, ұсынылған немесе алынған нәтижелерге берілген көзқарастарды қарастырады¹⁹

Мораль мазмұнының аса маңызды сипаты болып: адамды адамдар арасындағы қатынастың ең жоғары мақсаты мен құндылығы ретінде анықтау; тіршіліктегі белсенді көзқарастың негізінде іс-әрекеттік идеал мен мақсаттың болуы; құралдарды таңдауда талғамдықтың, жағдайларда нақтылықтың болуы; адамдар арасындағы қатынаста нормативтіпсихологиялық бағыттаушы механизмнің болуы; тәртіпті «жақсылық пен жамандық» тұрғысында бағалаудағы міндеттілік; тіршіліктің принциптеріне сүйене отырып жамандыққа қарсылық көрсету қажеттілігі саналады. Бұл белгілердің бәрі моральдың атқаратын қызметін (моральдық сана мен моральдық мінез-құлық тәрбиесін қоса есептегенде) анықтайды.

Мораль адамдар арасындағы қарым-қатынастың идеологиялық саласы (яғни рухани өмірге қатысты) *болып табылады* және қоғамдық сананың басқа формаларының (ғылым, дін, өнер және т.б.) жалпы қасиеттеріне, сонымен бірге тек қана өзіне тән өзіндік ерекшеліктеріне ие болады. Оның аса маңызды қасиеттеріне мыналар жатады: мазмұнының әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қамтамасыз етілуі, бүгінгі таңдағы жағдайларға салыстырмалы дербестілік, қоғамдық процеске белсенді ықпал етудегі мүмкіндіктері, дамудағы сабақтастық, қоғамдық сананың басқа формаларымен өзара іс-әрекеттестігі. Бұл қасиеттер моральды және мазмұны материалдық, рухани факторлармен, нақты тарихи-әлеуметтік жағдайлармен айқындалатын қоғамдық мәні бар, қоғамдық сананың құбылыс ретіндегі басқа формаларын сипаттайды.

Моральдың өзіне тән негізгі қасиеттеріне императивтілікті, нормативтілікті және бағалаушылықты жатқызуға болады. Бұл үшеуі моральдық

¹⁹ Щеглов А.В. Профессиональная этика сотрудников органов внутренних дел. – М., 1999.

қатынастардың қызметтік механизімін белгілей отырып, әрдайым бірлікте жүзеге асады. Олардың мазмұны мынадай жолдармен қалыптасады: моральдық, ұлттық моральдық нормаларды қоғамдық санада бекіту, адамдардың қоғамдағы тәртібінің моделін ұлттық әдептің негізіне сүйене отырып жасау, оның жеке адамның тәрбиесіне сәйкес талаптарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің тәсілдерін ойластыру. Қазіргі қоғамның жалпы рухани дағдарысы жағдайында моральдың маңызды қасиеттерін аса қатаң түрде жүзеге асыру талап етіледі. Оның талаптарын қазіргі әлеуметтік шарттардың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүлтіксіз орындау ғана дағдарыстағы жағдайларды жеңуді және жаңа рухани деңгейге көтеруді қамтамасыз етеді²⁰

Моральдық сана оның функцияларын да анықтайды. Мораль аса маңызды жалпы адами құндылықтардың қатарына жатады. Оның ролін адамға күнделікті тұрмыс-тіршілігіне бейімделуде, әртүрлі әлеуметтік проблемаларды шешуде, рухани ізденістерде көмектесетін компаспен салыстыруға болады. *Мораль мынадай негізгі функцияларды атқарады:* тәрбиелік, дүниетанымдық, танымдық, коммуникативтік, бағалаушы, реттеуші, интегративті (1-сурет). Бір-бірімен тығыз байланыста, бірін-бірі толықтыра қызмет атқаратын бұл функциялар қоғамдық қатынас пен адамдардың өзара қатынасы барысында жүзеге асады. Адамның мінезқұлқының алғашқы негізі болып тұлғаның мінез-құлқына және тіршілік бейнесіндегі рухани құндылықтар мен қажеттіліктердің жиынтығы ретінде *идеал ұғымы* саналады. Идеал адамның жеке басының бақыты туралы көзқарасты (сезімдік-эмоционалдық сала); өмірдің мақсаты мен қажеттілігін (олар әртүрлі деңгейде болуы мүмкін); іс-әрекеттің мотивін; басқа адамдарға қатынасын (қарым-қатынас сипаты); идеалға жетудің тәсілдерін қарастырады. Ол жағымды өнегелердің негізінде атақты тұлғалардың беделінде, мінез-құлықтың жекеленген адамгершілікті бағдарламасында нақты бір істі жасауда дамиды. *Идеалдың ең басты қасиеті* – адамды жоғары дәрежеге көтеру, оны бұрынғысынан да жақсы етіп көрсету, жағымды қылықтарға бағыттау болып табылады. Идеал – шынайы өмірмен, күнделікті тіршілікпен байланыста, қоғамның ықпалы мен адамгершілікті, *моральдық қарымқатынаста* жүзеге асады. *Моральдық қатынас* – бұл тұлғаның рухани болмысы мазмұнының және деңгейінің көрінісі, ал *адамгершілікті мәдени қатынас* болса оның аса маңызды рухани құндылықтарының санатына жатады. *Адамгершілікті мәдени қатынас мынадай қажетті элементтерді қарастырады:* қарым-қатынас мақсатын қоя білу; серіктесті таңдай білу; мотивтер мен көңіл-күйді әсерлендіре білу; қарым-қатынас формалары мен тәсілдері, қорытынды нәтижесі және оларды бағалау. Ол моральдық сенімнің, моральдық білім нормасының, моральдық іс-әрекетке даярлығының, ұстамдылығының болуын болжайды. *Қатынастағы адамгершілікті мәдениет адамгершілікті санамен мінез-құлықтың бірлігін қарастырады және ішкі, сыртқы* деп екіге бөлінеді. *Ішкі мәдениетке* тұлғаның рухани болмысының негізін құрайтын адамгершілікті идеал мен мақсат, мінез-құлық нормалары

²⁰ Энциклопедия этикета. СПб., 1996.

және принциптері жатады. Тұлғаның ішкі мәдениеті сыртқы мәдениетті қалыптастыруда жетекші роль атқарады.

*Моральдың мазмұнындағы адамдардың қарым-қатынасы принциптерін екі түрге бөліп қарастыруға болады: 1) барлығына ортақ принциптер, олар барлық рухани қатынас жүйесіне негіз болады және қоғамдық сананың барлық саласында көрініс табады (саяси, құқықтық, көркемдік, ғылыми, философиялық, діни, моральдық); 2) моральдық қатынас саласына қатысты принциптер. Оларға гуманизм, ұлтжандылық, ұжымдылық, шыншылдық, жауапкершілік, интернационалистік, өзге ұлт өкілдеріне құрмет және т.б. жатады*²¹

Осы орайда адамзат қоғамы дамуының өте ерте кезеңдерінде қалыптаса бастаған қатынастың этикалық принциптерін де атап өтуге болады: альтруизм, эгоизм, аскетизм, еріктілік, стоицизм, квиетизм, утилитаризм, конформизм, пробабиллизм, талаптылық. *Альтруизм* (басқа адамға жақсылық жасау мақсатында өз қызығушылығын құрбан ету); *эгоизм* (басқалармен қарым-қатынаста өз мүддесін жоғары қою); *аскетизм* (идеалға жету мақсатында өмірлік ләззаттан бас тарту); *ерліктік*; *стоицизм* (басқалармен қарым-қатынаста моральдық талапты негізгі борыш ретінде орындау); *квиетизм* (әлемдегі құбылыстарға селкостық таныту); *утилитаризм* (пайда көзіне ұмтылыс); *конформизм* (жеке бастық позициядан бас тартып, ұжымдық позицияға бас ұру); *пробабиллизм* (моральдық жауапсыздық, антигуманды әрекеттегі қолдау); *талаптылық* (моральдық борышты, жауапкершілікті орындаудағы жоғары талап). Аталған моральдық принциптер қоғам дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап қалыптаса бастады. Олар адамдардың мінез-құлқындағы маңызды этикалық талаптар тұрғысында адамгершілікті қатынастағы субъектілердің іс-әрекеті бағытын анықтайды.

2. Ситуациялық тапсырмалар:

1. Полиция қызметкері ең алдымен өз қызметіне адал, ұстамды, білімді де білікті маман болуы қажет. Бірақ әр бір полиция қызметкері ең алдымен жеке тұлға, сол себептен де ол қоғамға қызмет етіп жүргенін ұмытып, қарапайым азаматтарға тән қылықтарды жасауы мүмкін.

- 1) автокөлікті ұрлау;
- 2) көршінің бағынан алма ұрлау;
- 3) пара алу;
- 4) ешкімге айтпай, қайырымдылық жасау;
- 5) домалақ арыз жазу;
- 6) жолдасыңның үстінен арыз жазу;
- 7) достарыңмен ортақтасып жинаған ақшаны жұмсап қою;
- 8) жол ережесін бұзу;
- 9) «жаяу жүруші» жолынан өтпей, жолды кесіп өту;
- 10) 103 нөміріне хабарласып, қоя салу.

²¹ Этическая мысль: Научно-публицистические чтения / Под. общ.ред. А.А.Гусейнова. – М.: Республика, 1990. – 480 б.

Ойланып көріңіз, «Сіз, ІІО қызметкері емессіз, сіздің жасап жатқан әрекетіңізді ешкім көріп тұрған жоқ». Сіз қандай әрекетке баратын едіңіз? Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.

2. Егер барлық жағдай ақшамен шешілетін болса.

Сіз, АІБ Әкімшілік полиция бөлімінің басшысысыз. Өзіңіз жаңадан үйленгенсіз, бүгін сіздің жарыңыздың туған күні. Ал сіз, осы туған күнге неше күннен бері дайындалып жүрсіз, бірақ кенеттен үйге қайтар уақытта жұмыс бабымен сіз оқиға болған жерге шығуға міндетті болдыңыз. Барлық жұмысыңызды аяқтап үйге оралғанда, қонақтар тарап кеткен, ал сіздің әйеліңіз сізге ашулы. Сіз жарыңызды ренжітіп алдыңыз, ол адамның кешірімін алу үшін қандай ақша берер едіңіз? Бұл жағдайды ақшамен емес әрекетпен шешуге болады ма?

3. Зорлық-зомбылық, қорқыту, кемсіту, ар-намысын қорлау, мәжбүрлеу бұл адамгершіліксіз. Бірақ тәжірибе барысында бұл адамгершіліксіздік жиі қолданады.

Сіздің ойыңызша, мақсатқа жету үшін, бұл қасиеттерді қолдану дұрыс па?

4. Төмендегі түсініктерге анықтама беріңіз: үміт, сенім, махаббат, ізгілік, ақкөңілділік, кішіпейілділік, шынайылық, мақсаттылық, жақсылық, борыш, адамсүйгіштік, мораль, игілік, үрдіс, дәстүр.

5. Қандай уәждемеге байланысты адам өлтіруге болмайды?

- себебі түрмеге түсесің;
- себебі, мені де өлтіріп кетуі мүмкін;
- себебі адам өмірі қасиетті;
- себебі ешқандай қылмыс адам өміріне тұрмайды;
- себебі мен ешкімді де тірілте алмаймын.

6. Осы суреттерді көрген кезде, көңіліңізде қандай сезімдер ұялайды?





7. Сіз полиция капитаны Асылбековпен бала кезіңізден доссыз. Бір мектепте, бір сыныпта оқыдыңыз. Барлық сіздің араласатын адамдарыңыз бір. Асылбековтың отбасымен сіздер туыстай жанұяңызбен араласасыз. Тіпті мамандық таңдаған кезде де, ойларыңыз бір жерден шықты. Сөйтіп, сіз Асылбеков екеуіңіз полиция қызметкері атанып, полиция лейтенанты атағына да қол жеткіздіңіздер. Бір бөлімшеде жұмыс жасап жүргеніңізге де біраз уақыт болды. Бір күні сіз, досыңыз, әріптесіңіз Асылбеков, істі оңынан шешіп беремін деп азаматшадан пара алып жатқанын көріп қойдыңыз.

Сіз оны айыптайсыз ба? Бұл туралы басшыңызға айтасыз ба? Жауабыңызды түсіндіріп көріңіз.

8. Өз міндеттерін орындауда полиция қызметкері заңды тұрғыда қажет және рұқсат етілген мақсаттарға жету үшін өзінің барлық құқықтарын пайдалануға міндетті; сонымен қатар, ол нақты жағдай үшін қажетті болуы мүмкін зорлықты пайдалануда шектен аспауы тиіс. Себебі, өзінің қызметтік борышын өтеу барысында полиция қызметкері зорлыққа баруға мәжбүр болады.

Сіздің ойыңызша полиция тек ерекше жағдайларда ғана, тек белгілі бір саналы мөлшерде ғана зорлықты қолдана алама?

9. Кәмiлетке толмағандар ісі жөнiндегi полиция қызметкері жанұя жағдайы төмен және профилактикалық қадағалауда тұрған жасөспірім Исабековты өзіне шақыртып алып, бұл жасөспірім профилактикалық қадағалауда тұрған кезде жаз айнының демалысында да «мен сені қадағалап, үйіңе барып тұрамын» деп ескертеді. Себебі сен тәртіпсіз баласын деп қорқытты.

Сіздің ойыңызша кәмiлетке толмағандар ісі жөнiндегi полиция қызметкері Исабековтің ар-намысына тиетін сөз айтты ма? Полиция инспекторы қандай психологиялық әдістерді қолданды?

10. Бұл жердегі полиция қызметкерінің ішкі жан күйін анықтап, не себепті бұлай жасағанын анықтаңыз, сонымен қатар полиция қызметкері қандай жағдайда болмасын өз эмоцияларын әр уақытта қадағалап жүруі тиіс пе?

Полиция инспекторы кезекшіліктен үйіне қайтып келе жатып, жолда жол апаты болғанын көреді. Сол жерге келген кезде полиция инспекторы жол апатына түскен машинаны өзінің әкесінің машинасы екенін байқайды. Тез арада сол жерде жүрген жол полиция инспекторына барып, апат болған көліктің иесі кім және ол қайда екенін сұрайды. Жол полиция инспекторы жүргізушісі жарақат алып, оны жедел жәрдем машинасы алып кеткенін айтады. Сол жерде полиция инспекторы әкесі тірі екенін біліп, өз эмоцияларын тыя алмай жылап жібереді. Сол кезде сол жерде жиналған жұртшылық бұл полиция инспекторына қарап, «жол апатынан қорқып жылап тұрсынба?» деп сұрайды. Бұл сөзді естіген полиция қызметкері тез арада сол жерден алыстап кетуді ойлайды.

3.Тест тапсырмалары

1. «Бақыт – әр адамның көзейтін мақсаты, үлкен игілік» деген....

- A) Әл Фараби
- B) Аристотель
- C) Конфуций
- D) Платон
- E) Сократ

2. Адамның ішкі жан- дүниесіне кіретін өлшем:

- A) биологиялық
- B) әлеуметтік
- C) психологиялық
- D) санасыздық
- E) барлық жауап дұрыс

3. Отан сүйгіштік, қызметіне адалдық:

- A) әлеуметтік өлшем
- B) биологиялық өлшем
- C) психологиялық өлшем
- D) табиғи өлшем
- E) барлық жауап дұрыс

4. Этика неге пікір айтады:

- A) өмірдің мағынасы неден құралады;
- B) адамның арнауы неден құралады;
- C) жақсы мен жаман айырмашылығы қандай;
- D) барлық жауап дұрыс
- E) дұрыс жауап жоқ

5. Кәсіби этика - бұл:

- A) адамның күнбе-күнгі қызметін реттейтін адамдық шаманың құрамы;
- B) адамның спорт қызметін реттейтін адамдық шаманың құрамы;
- C) адамның кәсіби қызметін реттейтін адамдық шаманың құрамы;
- D) барлық жауап дұрыс
- E) дұрыс жауап жоқ

6. «Әдепті адамды әртүрлі себептерге байланысты жазалама» деген кімнің сөзі:

- A) Аристотель
- B) Құнанбаев
- C) Маркс
- D) Конфуций
- E) Платон

7. «Барлық адамдық ұстанымдар құдайда» деген кімдер:

- A) Антикалық этикасы
- B) Орта ғасырдың этикасы
- C) Жаңа кезең этикасы
- D) барлық жауап дұрыс
- E) дұрыс жауап жоқ

8. «Құлайтынды құлат, кемігенді кеміт, тіл тигізгенді тағы тіл тигіз, ал егер бұған бүлік шығарса, онда күшті шындықты өлтір» деген кімнің сөзі:

- A) И. Кант
- B) Ф. Аквинск
- C) Ф. Ницше
- D) Конфуций
- E) Платон

9. «Зорлық-зомбылық жасамаушы күшті қару» деген сөзді кім айтқан:

- A) В. И. Ульянов
- B) М. Ганди
- C) Спиноза
- D) Ф. Аквинск
- E) Ф. Ницше

10. Қандай аталған ережелер этикаға жатпайды?

- A) күніне екі рет тіс тазалау қажет;
- B) қоғамдық көлікте үлкенге орын бер;
- C) ұрыстың сөздерін кері айтпа;
- D) барлық жауап дұрыс
- E) дұрыс жауап жоқ.

№4 тақырып. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіптік қарым-қатынас жасау мәдениеті

Мәдениет дегеніміз жалпы мәдениет түсінігі, сонымен қоса, заңдық мәдениеттерді анықтайтын мемлекеттік қызметтің сапалы сипаттамасы.

"Мәдениет" термині (латын тілінен аударғанда cultura — тәрбиелеу, білім беру, даму) кең мағынада және барлық салада қолданыла отырып, жанжақты талқыланады.

"Мәдениет" түсінігі жалпы мағынада адамдармен құрылған және құрылатын материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде қаралады.

Мәдениет қоғамның өндірістік, қоғамдық және рухани өмірінің жетістіктерін көрсетеді. Сонымен қатар, сол мезетте шаруашылық және танымдық қызметтің деңгейін, дәрежесін сипаттайды.

Мәдениеттің материалдық және рухани түрлерін ажыратамыз. Материалдық мәдениет материалдық қызметтің барлық аясын және оның нәтижелерін кірістіреді. Бұл еңбек, тұрғын, күнделікті тұрмыс құралдары, байланыстар және киім болып табылады. Рухани мәдениет рухани өндірістің, танымның аясын қамтиды. Бұл ғылым, адамгершілік, дін, мифология, тәрбие. Бұған философия, құқық, этика, эстетика, әдебиет, өнер, архитектура кіреді.

Кей жағдайда мәдениетті тар мағынада, яғни, нақты қоғамдағы өмірдің рухани жағдайын ғана көрсетеді.

Мәдениет жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды енгізеді. Ол үнемі даму үстінде болады. Рухани құқықтың құрамдас бөлігіне құқықтық мәдениет енеді. Құқықтық мәдениет — бұл құқықты тәртіпті қамтамасыз ететін, тұлғаның құқықтық қорғалуын қамтамасыз ететін әлеуметтік қатынастардың құқықтық реттелуінің қоғаммен жеткен дәрежесі. Ол тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының заңды түрде қорғалуымен және даму дәрежесімен, қоғамдық өмірдің нормативтік реттелуімен, құқықтық тәртіп негізінде сипатталады. Ең соңында құқықтық мәдениет әлеуметтік әділеттілікті құқықтық жағынан, қоғамның гуманизациялау дәрежесіне қатысты бағаланады.

Құқықтық мәдениет мынадай басқа мәдениет элементтерімен байланыста: философиямен, саясаттанумен, дінмен және т.б.

Құқықтық мәдениет адамгершілік мәдениетпен тығыз байланысты:

қоғамның адамгершілігі жоғарылаған сайын, құқықтық мәдениеті де жоғарылай түседі.

Құқықтық мәдениет — рухани мәдениеттің саласы. Құқықтық мәдениет рухани негіз бола отырып, материалдық мәдениетпен байланысты және белгілі бір әсерін тигізеді.

Азаматтармен және заңды тұлғалармен қарым-қатынастарда мемлекеттік биліктің өкілі ретінде ішкі істер органдарының қызметкерлері:

азаматтардың мемлекет институттарына сенімін нығайтуға ықпал ету;

1) қарапайымдылық танытуы, өзінің лауазымдық жағдайын, оның ішінде көлік, сервис және өзге де қызметтерді алу кезінде баса көрсетпеуге және пайдаланбауы;

2) өзінің іс-әрекеттермен және шешімдерімен қоғам тарапынан негізді сынға ұшырамауға сынағаны үшін қудалауға жол бермеуі, оған төзімділікпен қарауы, оң сын-ескертпелерді, кемшіліктерді жою мен өзінің кәсіби қызметін жақсарту үшін пайдалануы;

3) өтініштерді қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуі, олар бойынша заңда белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануы;

4) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге, қарым-қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге де жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі;

5) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауы;

6) сыпайы және әдепті болуы тиіс.

Құқық қорғау органдарындағы материалды-техникалық базаның жеткіліксіздігі, әлеуметтік жағдайының төмендеуі секілді факторлер қылмыстың тиімді алдын-алуына кедергі келтіріп отыр.

Құқық қорғау органдарының тиісті ақпараттық қолдауы жоқтығынан, әрі тұрғындардың құқықтық мәдениетін көтеруге бағытталған белсенді қызмет шараларының жоқтығы халықтың заң күшіне деген сенімсіздігін туғызып, биліктің әділетсіздігі жөнінде сенім туғызуға жол беріп отыр. Қылмысқа қарсы күресті тиімді жалғастыру үшін барлық мемлекеттік және жергілікті билік пен басқармалардың үйлесімді күш салуының негізінде, құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз етудің жүйелі беріктігін қалыптастыру мақсатында кешенді шара қолдану керек. Құқық қорғау органдарының бірлескен әрекеттілігі мен үйлесімділігін жақсарту мақсатында Үйлестіру кеңесі отырысының қорытындысы бойынша облыстағы криминогендік жағдайды жақсартуға бағытталған ұсыныстар шығарылды.

Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататынын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететіндігін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретінін сезінеді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің азаматтар мен қоғамның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз етудің бағдарламасынан үзінді алатын болсақ, алға қойған міндетті іске асыру үшін:

электрондық мемлекеттік қызметтерді енгізу жолымен азаматтарға және ұйымдарға қызметтер көрсетудің сапасын жақсарту мен мерзімін қысқарту және мемлекеттік электрондық деректер базасына қол жеткізуді қамтамасыз ету; сот шешімдерін қабылдаудың ашықтығына және олардың уақытылы орындалуына жәрдемдесетін рәсімдерді енгізу; бюджетті әзірлеу мен оның атқарылуының ашықтығын, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қаражатты бөлу және пайдалану туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ететін құқықтық және әкімшілік тетіктерді дамыту; азаматтық қоғам институттарына бірқатар арнайы рұқсат беру функцияларын дәйекті түрде беруді қамтамасыз ету; жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізуді нақты

құқықтық регламенттеуді қамтамасыз ету; мемлекеттік органдардың қызметтер ұсыну ережелерін әзірлеу; сыбайлас жемқорлық көріністері мен мемлекеттік қызметшілер мүдделерінің қақтығысының алдын алу үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда ішкі бақылау жүйесін құру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы саласында

құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің қалыптасуы жөніндегі ісшараларды жүзеге асыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларды іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету қажет¹

Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында мынадай ісшаралар жүргізілетін болады:

мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіктері мен рұқсат беру функцияларының қосарлануына және негізсіз кеңейтілуіне әкелетін нормаларды алып тастау; мемлекеттік қызметте лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының алдын алуды құқықтық реттеуді жетілдіру; мемлекеттік билік органдарының шешімдер қабылдау процесінің ақпараттық ашықтығын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;

бюджет қаражатының жұмсалуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету үшін құқықтық жағдайлар жасау; мемлекеттік басқару органдарының қызметіне қоғамдық әсер ету тетіктерін енгізу;

Қазақстан Республикасы заңнамасының халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық-іс жүргізу кодексіне, қылмыстық кодекске, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу; қоғамдық мүдделерге сай келетін заңды қызметке айналдыру мақсатында мүдделерге қолдау көрсету туралы нормаларды заңнамалық бекіту; алдымен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін өзгертуді көздейтін немесе азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті сараптама белгілеу; ақпарат көздерінің құпиялылығын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы ақпаратты хабарлайтын куәлар мен адамдарды қорғау институтын нығайту.

2. Ситуациялық тапсырмалар:

1. *Ұсынылған ережелерден моральға қатысын таңдаңыз:*

- жұмысқа келгенде ең алдымен кезекші бөліміне кіріп, барлығымен амандасу керек;
- жұмыс уақыты аяқталып, қайтып бара жатқанда тікелей бастығыңнан рұқсат сұрау қажет;
- мемлекет азаматы оның заңын сыйлау қажет;
- тікелей бастығыңның жұмысын бұлжытпай, уақытымен дайындау қажет;
- берілген тапсырманы орындамаған жағдайда, өтірік айтпа;
- айттынба – сөзінде тұр;
- барлық күмәннен сақтан;
- кез келген барлық келтірілген моральдық шығынды төлеуі керек;
- полиция қызметкері адал, сыпайы, зейінді, мейірімді, әдепті болуы тиіс.

2. *Моральдық және мәдениеттілік арасындағы айырмашылық қандай? Төмендегі әрекеттерді сыпайылық, адамгершілік, , дөрекілік қасиеттеріне бөліп көрсетіңіз:*

- ПД басшысы, бөлімше басшылары, сізден шені үлкен, жасы үлкен не айтсада қарсы келмеу;
- сіз үйіңізге өзіңіз жұмыс жасайтын жердегі АПБ сыйлы қонақтарын шақырдыңыз, отырыс болып жатқан кезде, сіздің жағдайы төмен, кедей бір туысыңыз келеді, бірақ сіз оны уйге кіргізбейсіз;
- қазіргі заманғы жастардың ашық шашық, белін, ішін ашып киінуі;
- түнде өте қатты әуен қосу;
- қандай жағдай болмасын, өз туыстарыңызбен бірге болу;
- ең бірінші орынға ата- анаңды қою;
- кемтар адамдарды кемсітпеу;
- үстел үстінде тісінді тазарту;
- мұқтаж адамдарға көмектесу;
- аяғы ауыр келіншекке орын беру;
- қарт кісінің ауыр заттарын көтеруге көмектесу;
- шақырған жерге өтірік сылтау айтып бармай қалу;
- жұмыс уақыты аяқталмай, үйіңізге қайтып кету;
- ойнап жатқан балардың арасына түспеу.

3. Сіздің ойыңызша, ересектерге қарағанда жастарға аса лайықты қасиеттер қандай: дөрекілік, сарандық, достарына деген сыйластық, төзімсіздік, екіжүзділік, шыншыл, адалдық, ашушаңдық, сыпайылық, еркелік, ержүректік, ұялшақтық, тілтабысқыш, ақылдылық.

Сіз таңдаған қасиеттерді оң және теріс деп бөліңіз.

4. Мораль бізді адамға тән өмір сүруге шақырады. Бұл түсінік мағынасы қандай? Адамға қажеттіліген қарай төмендегі тапсырмаларды белгілеп

шығыңыз. Басқа адамдардың жауаптарымен салыстырып, өз пікіріңізді айтыңыз.

- 1) кемсітусіз өмір сүру;
- 2) өзінді дәріптеусіз өмір сүру;
- 3) материалдық қамтумен өмір сүру;
- 4) шығармашылыққа толы өмір;
- 5) қойылған мақсаттарға жетуге арналған өмір;
- 6) қойылған мақсаттарға жеткен арналған өмір;
- 7) қорқынышсыз өмір.

5. Адамгершіліктің алтын ережесі: біреуге ор қазба өзін түсесің, әртүрлі жағдайда қолдан:

- 1) екі саудагер сауда келісімі жөнінде келіспеуде;
- 2) қарт адам жастардың көмегіне зәру;
- 3) ұры мүлікті ұрлауда;
- 4) аш адам нан ұрлауда;
- 5) құрбылар таныстарын өсектеуде;
- 6) азамат әскер қызметінен бас тартуда.

6. Қызметкер өзінің жұмысын дұрыс жасамай, берілген уақытты бұзады, оның айтуынша бұған бастық ұрыспайды.

Қылмыскердің қылығын анықтаңыз. Бастығы қандай психологиялық бұзылыстарды бастан кешіруде? Бұл жағдайда тікелей бастығы қандай шара қолдану керек?

7. Қазіргі заманғы этика көп назарды эвтаназия мәселесіне аударады.

Сіздің туысыңыз, ағаңыз үлкен жол апатына түсіп, ауруханада жатады. Дәрігерлердің айтуынша, ол өзі демалып жатқан жоқ, оның орнына аппарат қондырғысы демалдырып тұр, ми клеткалары өліп қалған. Сіздің ағаңызды емдеп жатқан дәрігер, ағаңызды қинамай, аппараттан сөндіріп, жерлеу рәсіміне дайындалыңыз дейді. Сіз ағаныздың осы халде жатқанына шыдай алмай, оны аппараттан сөндіруге бел буасыз.

Сіздің бұл ісіңіз ізгілікті ме? Эвтаназияға бару оңайға соғады ма? Моральдық тұрғыдан жауап беріп көріңіз.

8. Мына тізімдердің арасынан негізгі азаматты тауып алыңыз:

- әдемі кейіну;
- берген сөзіне әрдайым тұру;
- қиыншылықты еркекше көтеру;
- барлығы сияқты өзіде солай жүреді;
- өзіннің қызығушылығынды әрдайым орында;
- қандай жағдай болсада өтірік айтпау;
- әртүрлі сұрақтарды ұжыммен шешу;
- өзінің немесе басқаның ар-намысын қорғайды.

9. Төменде көрсетілген жағдайлар ІІО қызметкерлерінің жұмысында жиі кездеседі, сол себептен халықпен қатынас барысында ережелерді ұстану қажет?

- айыпталушымен профилактикалық әңгіме жүргізу;
- әкімшілік учаскідегі тұрғындардан жауап алу;
- қайтқан адамның үйіне естірту;
- зорлаушылыққа түскен жәбірленушіден жауап алғанда;
- сізге жағымсыз адамнан сөйлесу кезінде.

10. Полиция қызметкері жұмыс барысында өзін ұстамды, сабырлы, адамгершілігі мол қызметкер ретінде көрсетуі қажет. Бірақ азаматтармен қарым қатынас кезінде, алдын алу жұмыстары кезінде әр түрлі жағдайлар кездеседі. Сізді қалыптан шығаратын жағдай болады, оған нені жатқызасыз?

- балағаттап жатса;
- ар- намысымды қорлап, таптап жатса;
- жасаған жұмысыма күмән келтірсе;
- сыбайлас жемқорлықпен айналысады деп жатса;
- жұмысыма адал екендігіне күмән келтірсе.

3. Тест тапсырмалары

1. «Адам – антропологиялық суреттің қайнар көзі және соңы» деген кім?

- A) И.Кант
- B) Гиппократ
- C) Аристотель
- D) Конфуций
- E) Фромм

2. «Соғыс- соғысушы екі жақ үшін де ауыр зардап»- деген кім?

- A) Демокрит
- B) Гиппократ
- C) Гоббс
- D) Платон
- E) Фромм

3. «Билікті иемденген тұлға барлық заңдардан тәуелсіз»- деген кім?

- A) Демокрит
- B) Гиппократ
- C) Гоббс
- D) Платон
- E) Фромм

4. «Соғыс- жекелеген және қоғамдық зардаптардың негізгі қайнар көзі»- деген кім?

- A) Демокрит
- B) Гиппократ
- C) Гоббс
- D) Платон

Е) Фромм

5. ПО қызметкерлеріне ұстамдылық қажет. Анықтамасын табыңыз.

А) аяушылық білдіруге қабілетсіздік, қатігездік, өзін – өзі мақтау, мақтаншақтық;

В) байсалдылық, бір нәрсені дәл сақтауға бейімділік, бірізділік, байсалды болу;

С) тез көңгіштік, эмотивтілік, сезгіштік;

Д) тұлғаның топтық немесе әлеуметтік құндылықтарға бағытталғандылығы, оларға сай әрекет ету;

Е) қоршаған ақиқат болмыспен, адамдармен араласпау, интеллектуалды, рухани мазмұнның болмауы;

6. ПО қызметкері адамгершілік нормаларын басшылыққа алу қажет ететін шешім қабылдауда «норма- идеал» нормасын ұстану қажет. Анықтамасы қандай?

А), тұлғаның өз әрекеттерінің салдарын сезініп, осы сезінуге сәйкес, моральдық нормаларды басшылыққа ала отырып әрекет ету;

В), адамның жүріс- тұрысының жоғарыдан анықталып қойғандығы, оның таңдау еркіндігі болмағандығы;

С), мұның жиынтығына бүкіл классикалық этика мен адамгершіліктің барлық қарапайым қағидалары негізделеді;

Д), қызметкердің өз қызметтік міндетін атқару барысындағы шынайы жағдайдың нақты шарттарымен және мүмкіндіктерімен өлшенетін және шешімнің қай жерден бастап адамгершілік емес сипатты иеленетін төменгі шегін көрсететін норма;

7. «Қылмыс туралы үндемеушілер өз қолдарын қанға жуады»- деген кім?

А) Аристотель

В) И.Кант

С) Э.Фромм

Д) Платон

Е) М.Ремарк

8. Адамның дұрыс жүріс- тұрысты таңдауының негізі болып табылатын бірінғай ереженің болуы мүмкін емес, алайда өмір талаптарына сәйкес, «.....» негізін ұстануы тиіс. Ол қандай ұстаным?

А) психологиялық дайындық;

В) мейлінше аз зұлымдық;

С) борыш сезімін ұстану;

Д) адамгершілік қасиетін ұстану;

Е) атаққұмарлық;

9. «Гамлетизм» дегеніміз не?

А) жеке даралықты, мансапқорлықтың көріністерімен байланысты;

В) белгілі іс- әрекет саласындағы табысты қамтамасыз етуші қабілеттер;

С) адамның қателесуден қорқуының салдарынан шешуші әрекеттерді жасамауы;

Д) адамның тұрақты қажеттерімен байланысты көңіл- күйге толық сәйкестенген бағыт- бағдары;

Е) тұлғаның әлеуметтік қалыптасқан әрекет қылығының жобасы;

10. ПО қызметкерлерінің әңгімелесуінің негізгі факторлары қандай?

А) кәсіби;

В) қарапайымдылық;

С) мәселені тез әрі әділ шешуге қабілеттілік;

Д) сыпайылық;

Е) барлық жауап дұрыс;

5 тақырып. Жанжал және оның моральдық-ізгілік құрылысы.

Құқық қорғау қызметі қылмыскерлермен күресуінің, арнайы күшқұралдарды қолдануы нәтижесінде өз қызметкерлерін адамгершілік жанжалдың жағдайына жиі алып келеді. Аталған жанжалдар себептердің қарама-қайшылық бағыттылығы жағдайында жиі болады. Мұндай жағдайда субъектіге борыш талаптарынан көрініс тапқан қоғамдық қажеттілік пен өзінің жағдайына байланысты пайда болған көзқарастарын, алыс және жақын мақсаттың біреуін, үлкен және одан азырақ қауіптің біреуін таңдауға тура келеді²²

Адамгершілік шиеленістің ерекшелігі мынада - белгілі бір жағдайдағы моральдық нормаға негізделген әрекеттің басқа бір норманы бұзуы. Бұл жердегі күрделілік адамның кейбір адамгершілік нормаларды білмеуі салдарынан таңдау жасай алмауында емес, тіпті, оның моральдық талаптарды орындағысы келмейтінінде де емес, мәселе - осы талаптардың бір - біріне қайшы келмеуін болдырмаудың қажеттігінде.

Мысалға, құқық қорғау органдарының қызметкері сезіктінің немесе айыпталушының пәтеріне тінту жасауға келгенде төсек тартып жатқан науқас адамды көрді делік. Оның алдында мынадай таңдау тұрады: заң талаптарын орындай отырып, қатты науқас болсадағы, сол тұлғаның төсегіне тінту жасау немесе адамгершілік көзқарастар негізінде төсекті тінтуден бас тарту.

Құқық қорғау органдары қызметкері үшін кәсіби мәні бар шиеленістердің қатарынан сыртқы және ішкі шиеленістерді атауға болады. Сыртқы шиеленістер адамдар арасындағы адамгершілік жанжалдар ретінде көрініс табады. Олар жеке тұлғалардың, әлеуметтік топтардың және қоғамның құндылықты бағыт-бағдарының қайшы келуін білдіреді.

Ал ішкі шиеленістердің табиғаты басқаша. Олардың қайнар көзі болып тұлғаның жүріс-тұрысының бір-біріне бағынышты себептерінің күрделілігі, әртүрлі сипатта болуы табылады²³

²² Зеленый В.А., Куребаев Е.А. Профессиональная этика и эстетическая культура сотрудников органов внутренних дел: Учебно-методический комплекс / Под общ.ред.О.К.Биктасова. – Семипалатинск: СЮК МВД РК, 2004. – 260 б.

²³ Щеглов А.В. Профессиональная этика сотрудников органов внутренних дел. – М., 199

Бірқатар жағдайларда ішкі жанжалды шешу сыртқы шиеленістің пайда болуына негіз болуы мүмкін. Мысалы, тұлғаның құқық қорғау органдарымен құпия негізде одақтасуы, оның ішкі жанжалын жеңудің негізінде жүзеге асқанымен, осы құпия көмекші мен оның қызмет ету саласының арасында сыртқы жанжал туындауы мүмкін.

Құқық қорғау органдары қызметкерінің тағы бір ерекшелігі- кей кездері өзінің мемлекеттік құрылымдарға қатысын жасыра отырып, оған қылмыстық ортада жұмыс істеуге тура келеді. Мұндай жағдайларда адам санасында бір мезетте екі адамгершілік жүйелер қалыптасады: біріншісі- ол өзі қабылдаған көзқарастар жүйесі; екіншісі- қылмыстық ортада негізге алынған көзқарастар, ал қызметкер өз жүріс-тұрысын осы екінші жүйеге негіздеп, оңтайландыруы керек.

Мұндай жағдайларда адамның санасында моральдық құндылықтардың әр түрлі жүйелері бір мезетте шиеленіске түседі. Бұл көзқарас тұрғысынан аталған шиеленісті ішкі деп те атауға болады. Алайда, ішкі жанжалдың ерекшелігі мынада — оған тұлға өзі дұрыс деп санайтын құндылықтардың, нормалардың күресі тән. Ал сыртқы жанжал өзінің көзқарастарына қайшы сенімдердің, көзқарастардың, құндылықтардың, идеялардың дұрыстығын жоққа шығару тән²⁴

Бөтен салада жасырын жүрген қызметкер осы салада үстемдік құрған моральдық құндылықтарға қатысты өзінің шиеленісті қарым-қатынасын жасыруға мәжбүр болады. Мұндай жағдай моральдық таңдаудан емес, жедел-ізвестіру қызметінің ерекшеліктерінен туындайды. Сол себепті де, мұндай шиеленісті сыртқы шиеленістің жасырын нысаны деп атауға болады.

Құқық қорғау қызметіндегі моральдық шиеленістердің көрініс табу нысандары түрліше. Олар осы қызметтің белгілі бір бағытының нақты ерекшеліктеріне, осы қызмет жүзеге асатын ерекше жағдайларға, шиеленіске қатысушылардың әлеуметтік психологиялық мінездемелеріне және басқа да жағдайларға байланысты.

Жанжалдың дамуы оны шешуге, яғни, жүріс-тұрыс немесе әрекеттің белгілі бір түрін таңдауға алып келеді. Мұндай жағдайда адамға өзі қабылдайтын шешімнің негізінде жатқан дұрыс бағытты анықтауға көмектесудің маңызы зор. Бұл бағыт адамның өзі қабылдайтын моральдық талаптары сенімге айналған сайын берік бола бастайды.

Аталған мәселе құқық қорғау қызметі үшін, нақты айтқанда, құпия көмекшілермен жұмыс үшін тәжірибелік мәнге ие. Құпия көмекші өзінің құқық қорғау органдарымен бірігіп қызмет ету туралы қабылдаған шешімнің дұрыстығын сезінсе де, бұл шешімнің моральдық маңызы зор екендігін түсінсе де, жедел ізвестіру өкілінің тапсырмаларын саналы және ерікті түрде орындаса да, өз әрекетіне субъективтік, психологиялық түрде іштей қанағаттанбауы мүмкін. Өз жүріс - тұрысыңды түсіну, сезіну, сенімге, әдетке,

²⁴Этическая мысль: Научно-публицистические чтения / Под. общ.ред. А.А.Гусейнова. – М.: Республика, 1990. – 480 б.

тұрақты сезімдерге айналмауы мүмкін. Құпия көмекші дұрыс әрекеттер жасап, оларды негіздей алса да, бұл негіздеу сеніммен жүзеге асырылмауы мүмкін. Өзін-өзі мәжбүрлеу, борыш сезімі - бұлар да әрекеттің жоғары негіздері, алайда, оларды адамгершілік жүріс-тұрыстың жоғары түрін сипаттайтын сеніммен бір қатарға қоюға болмайды.

Әдебиеттерде адамгершілік шиеленістердің алдын алуға және оларды шешуге жәрдем беретін ұсыныстарды жасау ұмтылыстары біршама. Бұл жағдайда ортақ қағида ретінде адамгершілік құндылықтардың үстемдігі туралы ереже ұсынылады²⁵

Моральдық шиеленістерді шешуде қоғамдық мүдденің жеке мүддеден үстемдігі туралы ереже көп жағдайда бұл ереже қате, дөрекі түсініліп, жүзеге асырылады.

Шиеленіс жағдайды көбінесе жеке мүдделерге зиян келтіре отырып шешу орын алады. Әрине, қоғамдық мүдде жеке мүддеге қарағанда әлдеқайда маңызды. Алайда, кей кездері жағдайды дұрыс түсіну нәтижесінде жеке мүддеге ешбір зиян келтірмей-ақ, қоғамдық мүддені қанағаттандыруға болады.²⁶

Жеке мүддені қоғамдық мүддеге бағындыру - шешімі қиын жағдайларда жиі кездесетін мәселе. Шиеленісті жағдайдан ең жақсы, оңтайлы жолмен шығу үшін тұлғаның өз мүдделерін ескермеуге талпынысы ғана емес, сонымен қатар, қоғамның тұлғаның мүдделерін қанағаттандыруға деген ұмтылысы да қажет. Осындай, тұлғаның қоғамға, қоғамның тұлғаға дұрыс қатынасы жағдайында ғана дұрыс моральдық таңдау жүзеге асырылады.

Таңдау жағдайында қабылданған шешімді жүзеге асыру үшін қойылған мақсатқа жетудің белгілі бір құралдары қажет.

Бұл көзқарас тұрғысынан, құралдар таңдау мен мақсаттың ортасында аралық буын кезеңі мақсат пен оған жету құралының өзара қатынасының мәселесі ретінде сипатталады. Құқық қорғау органдарының қызметкері үшін бұл мәселені шешудің ғылыми да, тәжірибелік те маңызы зор.

Адамдардың өз алдарына қойған мақсаттары мен оған жетуде қолданылатын құралдардың арақатынасы туралы мәселе көптеген ғасырлар бойы дау туғызуда. Этикалық ой тарихы мақсат пен құралдардың өзара байланысы туралы мәселеге қатысты екі баламалық жауап ұсынған. Олар макиавеллизм концепциясынан және абстрактілі гуманизмнен көрініс тапқан. Бірінші бағыт «мақсат кез-келген құралды ақтайды» қағидасы ретінде белгілі. Бұл бағытқа сәйкес, құралдар мақсатқа тәуелді, оған бағынады, ал мақсат құралдардан тәуелсіз.

Құралдарды таңдаудың негізгі талабы ретінде олардың мақсатқа жетудегі тиімділігі ұсынылады, ал олардың адамгершілік жағдайы есепке алынбайды. Екінші концепция жоғарыдағы концепцияға қарама-қарсы бағытты ұстанған, бұған сәйкес, ешқандай мақсат оған жету құралдарын ақтай алмайды.

²⁵ Литвин А.Н. Деловой этикет. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2003. – 224 б.

²⁶ Халиулина В.П. Профессиональная этика юриста: Учебное пособие – М.: Изд-во РУДН, 2004. – 161 б.

Құралдар мақсаттан толығымен тәуелсіз және өзіндік оң немесе теріс құндылыққа ие. Мысалы, бірінші концепцияның өкілдері ретіндегі иезуиттер «егер ол мақсатқа жетуге жәрдемдессе, кез-келген зорлықты ақтауға болады» деп санаған, ал екінші концепцияны жақтаушылар зорлықты абсолюттік зұлымдық ретінде тани отырып, оны мақсатқа жетудегі құрал ретінде қолдануға тыйым салған²⁷

Соңғылардың пікірінше, құралдар қандай болса, мақсат та сондай болады: адамгершілік сипаттағы құралдар адамгершілік сипаттағы мақсатқа алып келсе, арам ниетті сипаттағы құралдар арам мақсатқа алып келеді. Басқаша айтқанда, бұл тұжырымның негізі мына анықтамада бекітілген: мақсат құралдарды ақтамайды, керісінше, құралдар мақсатты анықтайды.

Құқық қорғау қызметі мақсат пен құралдардың арақатынасы мәселесін ғылыми шешуді талап етеді. Көп жағдайда бұл қоғамдық көзқарастың осы мезетте қолданатын құралдарға қатысты, кейбір жағдайда мақсаттардың өздеріне де қатысты теріс бағалауымен байланысты. Тіпті, адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауға байланысты адал ниетті мақсаттардың болуы да құқық қорғау органдары қолданатын құралдар мен әдістерді қоғамдық пікірдің теріс бағалауынан құтқармайды.

Аталған мемлекеттік органдардың қызметкерлері макивеллизмнің концепциясын да, абстрактілік гуманизм концепциясын да толығымен қолданысқа енгізе алмайтыны белгілі, себебі жоғарыдағы концепциялардың екеуі де мақсат пен құралдардың арақатынасы мәселесін шешуде тым қатты көзқарастарды ұстанған²⁸

Бұл көзқарасқа сәйкес, адамдардың алдында тұрған мақсаттардың оларға жетудегі құралдармен өзара тығыз байланысы танылады. Сонымен қатар, құралдардың мақсатқа кері әсері де жоққа шығарылмайды, яғни, кейбір құралдардың адал ниетті мақсатты бұрмалау мүмкіндігі танылады.

Құралдар алдыға қойылған мақсатқа сай болуы тиіс. Мақсат құралдардың құрамын анықтап, олардың адамгершілік мазмұнына мән береді.

Мақсат пен құралдардың сәйкестігінің біртұтастығы әрекет немесе жүріс-тұрыс мақсат пен құралдардың дербес құбылыстар ретінде теріс бағаланғанына қарамастан адамгершілік — оң сипатта деп бағалануы мүмкін. Яғни, жүріс-тұрысты бағалау мақсат пен құралдардан тәуелсіз жүзеге асырылады. Мысалы, қылмыстылықпен күрес өз бетінше адамгершілік-оң сипаттағы құбылыс ретінде бағаланғанымен, оған жету жолындағы адамды мәжбүрлеу мәселелері теріс бағаланатыны сөзсіз. Алайда, біз қылмыстылықпен күрес пен мәжбүрлеуді мақсат пен құрал түрінде қарастырсақ, мұндай теріс бағалау жоғалып кетеді.

Егер сот біреуді тонағаны үшін қылмыскерді бас бостандығынан жазасына кессе- бұл әділ жаза, мұнда құрал мен мақсаттың сәйкестігі көрінеді. Ал,

²⁷ Кондрашов В.А. Этика. – Ростов-на-Дону, 1998.

²⁸ Этическая мысль: Научно-публицистические чтения / Под. общ.ред. А.А.Гусейнова. – М.: Республика, 1990. – 480 б.

керісінше, көшені тыйым салған жерден кесіп өту үшін бас бостандығынан айыру әділетсіз жаза ретінде қабылданады, себебі, бұл жағдайда мақсат пен құралдардың сәйкестігі қағидасы бұзылады²⁹

Әрекеттің немесе жүріс- тұрыстың оң немесе теріс құндылығын анықтаудың негізі мынадай: адамгершілік сипаттағы болып, оны жүзеге асыру жүзеге асырмауға қарағанда мейлінше аз материалдық, адамгершілік және басқа да шығындарды алып келген әрекет саналады. Немесе басқаша айтқанда, аталған құралдардың көмегімен жеткен нәтиже өз мәні бойынша осы құралдарды пайдаланудан келген зияннан жоғары болса.

Өз мәні бойынша осы негіз аса қажеттілік жағдайындағы заңды жауапкершіліктің негізінде жатыр, бұдан адамгершілік және құқықтық нормалардың тұтастығын байқауға болады.

Құқық қорғау қызметінде адамгершілік мақсатқа жету үшін тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірумен байланысты құралдарды пайдалану жиі орын алып жатады. Алайда, барлық құралдардың ішінен ең тиімді болса да, көрінеу теріс құралдарды пайдаланумен сипатталатын әрекеттердің жағымсыз сипатты иеленетіні сөзсіз³⁰

2.Ситуациялық тапсырмалар:

1.Автобус жүргізушісі көше қиылысында жүріп келеді, оған қарсы бетте велосипед жүргізіп келе жатқан адамды көреді. Онымен соқтығысудан қашқан автобус жүргізушісі, солға қарай жүреді, бірақ сол уақытта жолды өтіп бара жатқан жасөспірімді басып кетеді. Жол қиылысында тұрған ЖПБ инспекторы полиция аға лейтенанты Балтабаев оқиға болған жерге келеді, сол уақыт ішінде адамдар жиналып, автобус жүргізушісін қылмыс жасағаны үшін кінәлап жатыр.

1. Болған оқиғаның объективті және субъективті (психологиялық) жақтарын көрсетіңіз.

2. Жол көлік апаты болған жерде кінәлі адам бар ма? Жауапкершілікке кім тартылады?

3. Болған жағдайға қатысты полиция аға лейтенанты Балтабаев өзін қалай ұстауы керек?

2. Күршім АІБ кезекші бөлімінің көмекшісі полиция аға лейтенанты Спановқа әр түрлі жағдайда әңгімелесу немесе сөйлесу қажет. Олар:

- Қарақшылар туралы телефонмен хабарлама алуы;
- Жәбірленушінің жәбірленуі туралы арыз қабылдауы;

²⁹ Литвин А.Н. Деловой этикет. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2003. – 224 б.

³⁰Опалев .В. Умение обращаться с людьми. Этикет делового человека. М.: Культура и спорт, 1996.

- Ұсталынған және өзін дөрекі, ешкімнен қорықпаймын деп ұстайтын құқық бұзушымен сөйлесу.
- Телефон арқылы полиция қызметкерлерінің жұмысына наразы адамдармен сөйлесу (психикалық ауытқулары бар адам).
- Келіп тұрған бұрынғы мектептегі досымен әңгімелесу.

Бұл жердегі тұлғааралық және профессионалды сөйлесу орын алып тұр. Спановтың әр адамға әр түрлі стильде сөйлесу қиынға соғадыма? Бұндағы жеке тұлға ерекшеліктеріне назар аудару қажет пе?

3.Күндізгі уақытта, учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Оразов балалар саябағында өз итімен тұмылдырықсыз серуендеп жүрген азаматты көреді. Сол уақытта саябақта көп балалар ойнап жүрген.

Осы жағдай бойынша учаскелік полиция инспекторының іс- әрекетін бейнелеп беріңіз. Бұл жағдайда учаскелік полиция инспекторы даулы жағдай туғызбай, құқық бұзушыға қалай түсіндіруі қажет? Полиция қызметкерлері азаматтармен қарым-қатынас барысында өздерін қалай ұстау қажет?

4.Жаңа салынып біткен үйде тұрғындар уақытқа қарамай жөндеу жұмыстарын (түнгі сағат 2-ге дейін) жүргізуде. Осы жағдайға байланысты екі көрші арасында ұрыс жанжалдар туындады. Бір күні таңертен бір көршінің жаңа салынған есігін қызыл түсті бояумен боялғанын көреді. Барлық болған оқиған туралы көршілер бір біріне полицияға арыз жазды. Сағат 14-00 арыз жазушыларға учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Ырзағұл келді.

Ырзағұлдың арыз беруші көрші мен күдікті көршінің арасындағы қарым қатынасын саралап беріңіз.

Дау жанжал жағдайларының себептерін анықтаңыз.

5.Жаңадан келген анықтаушы Рүстем мен бұрынғы анықтаушы Кайраттың арасында қарым-қатынас келген кезден орнамады. Кайратқа Рүстемнің төмен профессионалдығы жынына тиді (теориялық білімі жетік болғанмен, оны практикада қолдана алмауы), жұмысқа деген көзқарасы (жұмысқа кешігуі, берілген құжаттардың үстіне шәй немесе печенье қоюы) және т.б. Ал, Рүстемге Кайраттың әрдайым айтатын сыны, әрқашан қанағаттанбауы жынына тиетін. Бұндай жағдай шамамен 4 ай жалғасты. Бірде Рүстем Кайраттан сұрамай оның үстелінен бір бума қағазды алады. Қағаздың жоғалғанын көрген Кайрат Рүстемге барлығын жаман сөздердің барлығын айтып салды, Рүстем де қалысқан жоқ. Оларды әріптестері ажыратып алды.

Даулы жағдайдың себебі неде, атап өтіңіз. Рүстем мен Кайраттың арасындағы жағдайды дау-жанжал, инцидент деп есептеуге боладыма? Егер иә болса, қарым- қатынастың қай кезеңінде?

6.М.және 3. подъезд бойынша көрші болып келеді, бірақ олардың қарым-қатынастарын көршілердің қарым- қатынасы деуге болмайды, олар бір-бірімен бірнеше жыл амандаспайды, бір- бірінің есігінің алдына қоқыс тастап кетеді, есікті бүлдіреді.

Аталған жағдайдағы дау- жанжалдың түрін атаңыз.

7. Криминалды полиция қызметкері Ілияс тәуілік бойы жұмыста жүреді, әйеліне балаларын тәрбиелеуге, үш шаруаларын шешуге көмектесейді. Кезекті рет Ілияс үйіне кешігіп, сағат 23 шамасында келеді, бұл кезде әйелі бөлменің еденін жуып болып жатады, Ілияс жуған жерді аяқ киімімен бүлдіреді.

Сіздің ойыңызша Ілияс әйліне не деп айтты, егерде әйелі жуған жерді бүлдірдің, қайда жүрсің кешкі уақытқа дейін деп ұрысып, ас бөлмеге тамақ жасауға кетіп қалды.

8.Президенттің келуіне орай полиция қызметкерлеріне біраз уақытқа берілген аумаққа жауап беруі қажет. Бірақ бұл үкіммен азаматтар келіспейді. Сөйтіп, полиция қызметкеріне азаматша келіп, оны үйіне өткізуін сұрайды. Өзінің сұрауына теріс жауап алған азаматша, полиция қызметкерін балағаттап, оны ұра бастайды.

Бұл жағдайда пайда болған психологиялық факторларды атап өтіңіз. Полиция қызметкері жағдайды дұрыстау үшін қандай шара қолдану керек.

9.Бөлімшеде аға жедел іздестіру өкілі зейнеткерлікке шығады, сол қызметкердің орны босайды. Сол бөлімшеде екі қызметкер бұл орынға отырғысы келеді. Олардың жұмыс жасаған стажы, білімі, тәжірбиелігі бірдей, біреуінің ұлты қазақ біреуі орыс.

Соңғы уақытта ұжымдағы ахуал біршама өзгерді. Екі үміткер бір- бірін күлкі етіп, бірінен соң бірі бастыққа кіріп бір бірін жамандайды. Екеуінің пікірлері бір біріне қарама қарсы болады.

Бұл жағдайда пайда болған психологиялық факторларды атап өтіңіз. Екеуінің қайсысын бастығы бұл бос орынға тағайындауы қажет? Ұжымдағы психологиялық жағдайды қалай дұрыстауға болады?

10. Ақтөбе қаласының тұрғындары М.және Н.есімді азаматтар жұмыстан қайтып келе жатады. Сол уақытта патрульдік полиция қызметкерлері оларды тоқтатып, құжаттарын көрсетуді өтінеді. М.құжаттары болмаған соң оны ИБ жеткізуге бел буады, бірақ Н.өз құжаттары өзімен болғанмен, ол М.азаматты танымын, ол менің көршім десе де оны полиция қызметкерлері тыңдамайды. Керісінше, М.азаматты да ИБ жеткіземіз деді.

ИБ үш сағат болғаннан кейін екеуі де үйлеріне жіберілді. Келесі күні екеуі ИБ бастығына арыз жазды, оларды айтуынша Конституция бойынша әр бір азамат қалтасында жеке куәлік құжаттарын салып жүру міндетті емес деп жазылған және де сол үшін полиция бөліміне жеткізулері дұрыс емес деп шағым түсіреді.

Бұл жағдайда бөлім бастығы кім болы саналады?Полиция қызметкерлеріне бұл шағымды алдын- алу мүмкін бе еді?

3.Тест тапсырмалары:

1. ПО қызметкерлерінің адамгершілік сипаттамасы. Дұрыс жауабын табыңыз.

- A) тәртіптілік пен сауаттылық;
- B) жұмысқа қабілеттілік пен ұйымшылық;
- C) басқа адамдардың құқығы мен бостандығын құрметтеу;
- D) еңбекке, өмірге, іс- әрекетке эстетикалық қатынас;
- E) барлық жауап дұрыс;

2. Дүниетанымның анықтамасы:

- A) адамның дүниеге көзқарасы;
- B) қоғамтану;
- C) психологиялық өлшем;
- D) еңбекке, өмірге қатынас;
- E) барлық жауап дұрыс;

3. Біздің қоғамда адамды танып- білуге деген ұмтылыс күннен- күнге артуда. Этика да, құқық та адамтанушы пәндер ретінде қалыптасуда. Бұл екеуін біріктіретін басты өзек?

- A) адамгершілік;
- B) адам;
- C) психология;
- D) қарым- қатынас;
- E) жүйелілік;

4. Құқық философиясының анықтамасы:

- A) құқықтың танымдық, құндылықты және әлеуметтік негіздері туралы ғылым, құқықтың мәні туралы ілім;
- B) адамға құқықта қалыптасқан мүмкіндіктерге тәуелді ауыспалы сипатты зерттейді;
- C) құқықтағы адамды қарастырады, адамның құқыққа деген құндылық қатынасын талдаудан құралатын ілім;
- D) адамды табиғи- тарихи урдіс ретінде қарастырады, адамның дамуы экономикалық, саяси, техникалық жағдайлармен анықтайды;
- E) мемлекет жариялаған нормалар мен заңдардың жиынтығы ретінде қарастырылатын ғылым;

5. ПО қызметкері адамгершілік нормаларын басшылыққа алу қажет ететін шешім қабылдауда «норма- шек» нормасын ұстану қажет. Анықтамасы қандай?

- A), тұлғаның өз әрекеттерінің салдарын сезініп, осы сезінуге сәйкес, моральдық нормаларды басшылыққа ала отырып әрекет ету;
- B), адамның жүріс- тұрысының жоғарыдан анықталып қойғандығы, оның таңдау еркіндігі болмағандығы;

- С), мұның жиынтығына бүкіл классикалық этика мен адамгершіліктің барлық қарапайым қағидалары негізделеді;
D), қызметкердің өз қызметтік міндетін атқару барысындағы шынайы жағдайдың нақты шарттарымен және мүмкіндіктерімен
Е) барлық жауап дұрыс:

6. Құқық этикасының анықтамасы:

- A) құқықтың танымдық, құндылықты және әлеуметтік негіздері туралы ғылым, құқықтың мәні туралы ілім;
B) адамға құқықта қалыптасқан мүмкіндіктерге тәуелді ауыспалы сипатты зерттейді;
C) құқықтағы адамды қарастырады, адамның құқыққа деген құндылық қатынасын талдаудан құралатын ілім;
D) адамды табиғи- тарихи урдіс ретінде қарастырады, адамның дамуы экономикалық, саяси, техникалық жағдайлармен анықтайды;
Е) мемлекет жариялаған нормалар мен заңдардың жиынтығы ретінде қарастырылатын ғылым;

7. Әлеуметтік этиканың ерекшелігі қандай?

- A) адам қызметінің және адамдық ерекшеліктердің алуан түрлілігі жағдайындағы мәдени нысандарды іріктеуге бағытталған;
B) адамға құқықта қалыптасқан мүмкіндіктерге тәуелді ауыспалы сипатты зерттейді;
C) жекелеген, нақты бір адамның емес, социумның мүдделеріне бағытталған;
D) адамның дүниетанымының басқалармен біртұтастығын білдіреді;
Е) адамның ішкі күш қайратының дамуы;

8. Құқық жүріс- тұрыстардың сыртқы жағына, ал этика олардың жағына мән береді. Дұрыс жауапты табыңыз.

- A) психология;
B) ішкі;
C) келбет;
D) қарым- қатынас;
Е) киім;

9. Құқыққорғау органдары қызметкерлерінің жүріс- тұрысының механизмі, олардың ұжымдағы адамгершілік қатынастардың мәні неше маңызды факторға негізделген?

- A) 1;
B) 2;
C) 3;
D) 4;
E) 5;

10. Ар- ұят адамның ішкі дауысы, «қайырымдылықты іштей анықтау үдерісі» - деген қай ғалым?

- A) Гегель
B) И.Кант
C) Э.Фромм

- D) Платон
E) М.Ремарк

6 тақырып. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік қарым -қатынас жасау мәдениеті

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің кәсіби борышы қоғамдық борыштың құрамдас бөлігі бола тура, өзінің объективтік және субъективтік көрінісі бойынша адамгершілік сипатқа ие. Борыштың объективтік мазмұнының моральдік құндылығы оның ең жоғары және әділ міндетті шешуге бағытталуымен тығыз байланысты. Бұл міндет – тұлғаның (міндеттері) құқықтары мен бостандықтарын қорғау, өз мемлекетінің қауіпсіздігін қамтама сөз ету, құқықтық тәртіпті нығайту. Алайла әскери борыштың шынайы мүмкіндіктері субъективтік адамгершілік қатынаспен толықтырылғанда ғана айқын көренеді. Себебі, адам қоғамдық міндеттерді өзінің жеке міндеттеріндей қабылдан, сезінгенде ғана, өз қызметіне бар жан тәнімен берілгенде ған борыш туралы сөз қозғауға болады.

Құқық қорғау органдары қызметкерінің борышы – тұлғаны, қоғамды және мемлекетті қорғамдық объективтік қажеттіктерінен туындайтын, мемлекеттік құқықтық талаптармен және адамгершілік ішкі сезімдермен танықтырылатын ерекше міндет.

Негізгі тілек пен борыштың сәйкес келуі адамгершілік үшін ерекше бір мәселе. Борыш пен тіліктің объективтік талаптарының сәйкес келуін түрлі ғалымдар түрліше түсіндіреді. Кейбір ғалымдардың ойынша, міндетті нәрсе мен қалаулы нәрсенің арасында ешқандай қарамақайшылықтар жоқ. Алайда, кез келген адам эмпирикалық жол арқылы басқаша қорытындығы келе алады.Әрине, қоғамдық міндеттілікті өзіндік талап ретінде түсіну міндеттілік пен қалаушылықтың арасын біршама қысқартады. Мұндай жақын дастыққа жоқ, алмайды және міндеттілік пен қалаушылықтың арасындағы белгілі бір қарамақайшылықтарды жас алмайды. Сонымен қатар, борыш пен

Тілекті бірен бірі жоққа шығаратын талпынас, оларды мәңгілік қарамақайшылық ретінде қарастыратын көзқараста дұрыс емес. Ақиқат осы екі көзқарастың ортасында деген дұрыс балар борыш пен тілек – бірін – бірі жаймайтын қарамақайшылықтар. Олар бір – біріне жақындасуы немесе бір – бірінен алшақтады мүмкін, бірақ іс жүзінде бірін – бірі ешқашан жойманды. Бұл жерде ерекше атап өтенгін бір жайт – ақыралғында борыш белгілі бір тілекке жетуге негіз табылады, ал тілекті дұрыс түсіну борышты нәтижелі орындауға алып келеді. Борып сезімі жоғары тура алады және өзін борыштық талаптарына бағындыра алады. Осылай, міндеттілік белгілі бір дәрежеде тілекке айналып, сыртқы талпыныстан тұлғаның талпыныстары, құштарлықтары арасындағы, борыш пен өзін өзі сақтан қалу сезімінің арасындағы қарамақайшылықтар тапсырылған істің жүзіге оспай қалуы мен қатар құқық қорғау органдарының қызметкері үшінөте ауырсалдарға ауыр салдарға, тіпті өлімге де алып келуі мүмкін. Қызметтік борышты орындауға,

тансырылған істің әділдігіне бір сәт болса да күмәндану тұлғаның өмірін мүлделі басқа бағытқа бұрын жіберді мүмкін.

Адамгершілік іс жүзінде адамдар арасындағы барлық қарымқатынастарды, олардың мемлекет пен қоғамға қатынасын қамтиды, адамның күнделікті өміріне мемлекет пен қоғамның қойған талаптарын адамгершілік одан әрі нақтыландыра оның ішкі сеніміне айналып, сезімдерін басқарады, оның үйреншікті әдетіне ауысады. Қоғамдық мораль қоғамдық және мемлекеттік құрылымның одан әрі бекітілуіне жәрдемдеседі, белсенді тұлғаны қалыптастырады. Тұлғаның даму дерісінде оған моральдік бағалаушылық және нормативтік жақтары әсер етеді. Моральдік бағалаушылық жағы жақсылық пен әділікке негізделсе, нормативтік жағы борышқа бағытталған. Борыш- бұл моральдық нормалардың барлық жиынтығын адамдардың іс жүзіндегі әрекетімен байланыстыратын өзен. Бұл өзекке бір тұтас болып негізгі мен туынды, бағалаушылықпен нормативтік, жетістіктермен арман тілектер жинақталған. Мұнда теория тәжірибеге, жақсылық пен әділік идеялары мықты материалдық күшке, моральдық қағидалар мен нормалар шынайы әрекеттерге айналады. Борыш арқылы моральдық белсенді табиғатты тікелей көрініс табады. Ол идеялар мен мақсаттарға нақты сипат берумен қатар оларға жетуге итереді. Сол себепті де, қоғамдық борышты қолданыстағы сана деп атауға болады. Ол, ең алдымен, адамның адамгершілігіне сипаттама бере алады, себебі, адамның әрекеттері арқылы оның адамгершілік қасиеттері мен кемшіліктеріне баға беруге болады.

Қоғамдық борышқа деген қатынас тек тұлға туралы ғана емес, сонымен қатар, ұжым туралы, қоғамның рухани күштері туралы мәліметтер бере алады. Құқық қорғау органдарында борышқа олардың қызметін тікелей реттеуші құрал ретінде негізгі мән беріледі.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жүріс турасының механизмі, олардың ұжымдағы адамгершілік қатынастардың мәні үш маңызды факторға негізделеді:

- Қызметкердің ұйымнан, мемлекеттен және қоғамнан тәуелділігі, абырой сезімінен көрініс табатын оның қоғамдық қолдауға мүделілігі.
- объективтік анықталған мүмкіндіктер түрінің шегінде қызметкердің белгілі бір жүріс тұрыс түрін таңдау мүмкіндігінен көрініс табатын тәуелсіздігі, бостандығы.
- өз әрекеттерінің “еркіндігінің” нәтижелері мен салдары үшін қызметкерлердің жауапкершілігі, яғни, әрбір жекелеген қызметкердің ұжым мен қоғам қалыптастырған адамгершілік нормаларын шегінде өзінің моральдық таңдауына жауап беру міндеті.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершілік борышының объективтік және субъективтік жақтары болады. Объективтік жақ мемлекет пен қоғамның қауіпсіздіген қорғау, оның азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қажеттігімен анықталады. Субъективтік жақ мемлекеттің құқық қорғау органдарының алдына қойған төмендегідей нақты міндеттерімен анықталады; құқықтың тәртіпті нығайту, мемлекет пен

қоғамның қауіпсіздіген, оның азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға байланысты өзіне жүктелген міндеттерді орындаудағы қызметкерлердің борыш талаптарын, жалпы істігі өз орны мен ролін түсінугі, өзінің борышқа деген ішкі сезімін анықтаудан, өзіне өзі жоғары талаптар қас білудегі қабілеті мен дайындағы.

Құқық қорғау органдарының кейбір мақсат міндеттері еректі және мақсатқа жетелеуші қызметке айналады, себебі оларды қызметкерлер әділ әрі ақиқатты ретінде қабылдайды. Ішкі қозғаушы себеп құқық қорғау органдарының әрбір қызметкерінің адамгершілік күштерінің қайнар көзі ретінде екен кетеді.

Екерін өтетін бір жайт, қоғамдық борыштың талаптары қоғамның барлық мүшелері үшін бірдей. Алайда құқық қорғау органдары қызметінің еңбегі ерекше. Олардың борышына қойылған талаптардың олардың қызметтерімен байланыстыруға болады. Мұндай қызмет жоғары жауапкершілікті, ұйымдастырушылықты және адамгершілік, физикалық күштерін барынша пайдалануді талап етеді.

Құқық қорғау органдары қызметін ұйымдастырудың ерекшелігіне қарай олардың адамгершілік қатынастар азаматтық өмірдің басқа салаларына қарағанда құқықтық нормалармен әлде қайда жан – жақты реттелген. Сол себепті де, борыштілек емес, ол ең алдымен, мемлекет пен қоғамның талабы және бұл талаптың орындалуы сипатқа ие. Борыштық адамгершілік мазмұны заң күшіне ие құқықтық талаптар мен бекітілді. Борыштық адамгершілік сүімі арқылы көптеген жоғары қасиеттер ашылады. Олар саналы ынта, қайрат абырой, қоғамдық міндеттерге деген белсенді қатынас.

Кәсіби борышты тікелей көрсетін және бекітетін қатынастардың барлығы адамгершілік және құқықтық беделге ие. Моральдік нормаларды бузу көп жаздайларда заң нормаларын бузуды да білдіреді. Антта, жарғыларда, құсқауларда көрініс табатын рәсімделген борыш талаптарында моральдік бағалау мен құқықтық норма бірдей орын ойған. Кәсіби борыш саласында моральдік күші жоқ заңда талаптар болмайтына есікілді құқықтық белсенділігі жоқ адамгершілік нормалары да болмайды.

Алайда құқ. қор. Органдарының қызметік реттейтін құқықтық актілерде қоғамдық (актілердің) талаптардың бұл екі түрінің өзара әсері әлдеқайда тыуғыз, әрі тереңірек. Құқықтық және адамгершілік нормалар ұйымдастырушылық, нақтылық пен тәртіптің жоғары деңгейік қам – з етеді. Кәсіби борыш белсенді күшке ие, ол қызметкерлердің істері мен ойларын жұмысты нақты және мерзімде орындауға, барлық күшін қойылған мақсаттарға жетуге бағытталатын ұмтылыспен толықтырады.

Кәсіби борышта құқықтық және адамгершілікталаптарды нақты бөліп қарастыруға болмайды. Борыштық құқықтық жағының ерекше қасиеті болып қатысты болса да, жоғарғы бауылаудан болуы, әкімшілік санкцияны қолдану мүмкіндігі және ережеледі орындамаудағы жазалаудың орын алуы табылады. Ал моральдік нормалар ішкі сенімнің, ар – намыстық негізінде және қозғалық көзқарас күшінің әсер етуімен жүзеге асыралады. Осы жерде борыштың екі жағы біртұтас сипатқа ие болады.

Яғни кәсіби борыш құқықтық және адамгершілік (талаптарды) жақтардың бір тұтастығын білдіреді, себебі, моральдық талаптар мемлекет еркімен сәйкес келеді. Құқықтық санкция мен моральдік итермелегіш күш құқыққорғау органдарының қызметкерлерінің санасы мен еркіне әсер етуде түрліше сипатқа ие, алайда, моральдық тұрғыдан дайындағы бар қызметкер өз әрекеттерін адамгершілік қағидаларға сәйкес қатар түрде жүзеге асыру үшін уақыт қажет. Құқықтық санкция бірден әсер етеді және жекелеген қызметкерлерге мемлекеттік мәжбүрмуды қолдану мен сипатталады. Адамгершілік талаптар адамның әрекеттерінің барлық түрлеріне таралады. Олар қызметкерлердің қатынастарындағы өзгерістерді бағалау мен көрініс табу жағынан белсенді сипатқа ие.

Адамгершілік борыштың маңызды құрамдас бөлігі болып өзіндік тәртіп табылады. Егер жеке сеніммен, арналыспен сәйкес келмесе, құқықтық әсер ету күші де, ұжымның әсері де жедел қызметтік іс — әрекеттерде қызметкердің моральдық нормаларды сақтап, өз мінезінің беріктігін көрсетуінің кепілі бола алмайды. Ең алдымен, адамның борышқа деген адамгершілік қатынасының жоғары дәрежесі қажет, борышты орындау арожданның талабына сәйкес болуы тиіс және кәсіби борыштыңбасты көрінісі ретіндегі тәртіп өзіндік тәртіпке айналуы тиіс. Себебі, өзіндік тәртіп дегеніміз кәсіби борыштың талаптары орындау қажеттігін түсіну, өз әрекеттерін кәсіби борыш талаптарына келістіруге дайындық, ішкі моделік. Анттық, жарғылардың, өз басшыларының талаптарын орындаудағы ішкі дайындық, оны қажеттік ретінде түсіну — жауапкершіліктің ең жоғарт көрсеткіні, кәсіби борышты мәжбүрлеу арқылы емес, өз аrojданына қарай, ерікті орындау дайындығы. Борыш пен жеке моральдық сезімдер арасында, борыш пен аroждан арасында оқтайлы қатынастарды орнықтару борыштың талабы ретіндегі қоғамдық тәртіптің өзіндік тәртіп деңгейіне көтерілуіне алып келеді. Борыш адамгершілік қажеттікке айналады. Сол себепті де, өзіндік тәртіп дегеніміз борыш пен аroжданның жақындасуы негізінде жүзеге асырылатын, жоғары адамгершілік сипатқа ие мінез — құлық қалпы.

Алайда, кәсіби борыштың қоғамдық қажеттігін түсіну, суіну — өзіндік тәртіптің бір жағы ғана. Оның екінші жағы болып алдағы қойылған міндеттерді орындау шегіндегі жүріс жұрысты таңдау бостандығы, ерік бостандығы табылады. Орындаушылық қасиет ынтамен, өз дербес шешілік үшін жауапкершілікті мойына алуға дайындықпен толықтырылғанда ғана қызмет үшін маңызды сипатты иеленеді. Ынтаның болмауы орындаушылықтың адамгершілік құндылығын жоғалтады, ал орындаушылықсыз ынта — тәуекел ретінде көрсетуге тырысатынкелешілік. Саналы тәуекел жалпы мүдделерден, борышқа деген адалдықтан туындайды.

Ерекше атап өтетін бір мәселе, құқық қорғау қызметінде адамгершілік қатынастарды қалыптастырудың тәжірибедегі міндеті қызметкерлер қызметінің моральдық талаптары мәселесін шешуді қажет етеді. Кәсіби борышты орындауды моральдық бағалау талабын анықтау қызметкер мен ұжымның жүріс тұрысыныңсебептерін зерттеуді талап етеді. Кәсіби

борыштың адамгершілік өлшемі болып сөздер емес, мемлекет пен қоғамға, қызметкерлердің бір – біріне деген қатынасынын туындайтын істер табылады, қызметкерлердің жоғары моральдық патриоттық және кәсіби қасиеттерін көп жағдайда олардың кәсіби және қоғамдық қызметке белсенді араласуы кезінде қалыптасатыны белгілі.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби борышын орындаудың адамгершілік талабы түсінігіне оның тәжірбиелік нәтижелерімен қостар жүріс тұрыс себептері де кіреді. Жекелеген түрде қызметтің объективтік салдары (оның нәтижелері) да, субъективтік себептер (жүріс тұрыс себебі) де кәсіби борышты орындаудың адамгершілік құндылығы туралы жауап бере алмайды. Оны жүзеге асыру үшін қызметкерлердің алдына қойған міндетін орындаудағы тауапкершілігінің деңгейін, тұлғаның мәселелерді шешу мүмкіндігін және өз әрекеттерінің салдарын есепке алу деңгейін анықтаудың маңызды зор.

Сонымен қатар, қызметкерлердің нақты әрекетін адамгершілік тұрғыдан бағалау оның бұрынғы қызметін есепке алуға негіз бола алады.

Кәсіби қызметтің моральдық талабы қызметкерлердің адамгершілік күш қайратын борынша дамытуға бағытталады және кәсіби борыштың субъективтік жағын тереңдетуге негізделеді.

Кәсіби этиканың маңызды категорияларының қатарына абырой- бұл өз борышын жан тәнімен орындаудың жоғары әлеуметтік құндылығын (қажеттігін және маңыздылығын) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өздерінің түсінуі және оның қоғамдық көзқараспен танылуы. Абырой сезімі – бұл құқық қорғау органдары қызметкерлерінің істері мен әрекеттерінің құатты қозғағыш күші

2 . Кәсіби әділдік

Қайырымдылықтың нақтыланған формасының бірі әділеттілік болып табылады. Ол ізгіліктер арасында негізгі орынды алады, өйткені, адамдар арасында ізгіліктермен зұлымдықтар бөлінісін сипаттайды және бағалайды. Әділеттілік адам өмір сүруінің тәсілдері мен шарттарының бағасы ретінде адамдар өмірі мәнімен тығыз байланысты. “Әдептілік, — деп жазады Д. Раулс, — ғылым жүйесінде ең басты ізгілік ретінде ақиқат саналатын сияқты, қоғамдық институттардың ең басты ізгілігі болып табылады. ” (теория справедливости – “Этическая мысль”, М, 1990)

Қоғам өз мүшелеріне игілік беріп қана қоймай, ол әдептілік қағидасымен тиімді реттелгенде ғана жақсы ұйқасады. Жалған теорияның ертелікке теріске шығатыны сияқты, әділетсіз қоғам қатынастар жайылуы немесе түзетілуі тиіс. әдептіліктің кепілдікке берілген құқықтары сияқты сауда объектісі бола алмайды.

Әдептілік ұйымы, сонымен қатар, салыстырмалы, нақты – тарихи болып табылады. Алғашқы қауымдық мәдениетте әділеттілік, “қанға қан, жанға жан” мағынасында табуға, ташонға жақын тұрады. Ру игілігі құдайларының міндетіне бекітілген заңдары қамқорлығында болды. Әділеттілік осы қасиетті дәстүрлерге дұрыс қатынаспен сипатталды. Оны бұзғандар жазаға тартылады.

Оның көріністерінің бәріне рулық кек институты жатады. Рулық құрылыстан өркениетке өтуге байланысты әділеттіліктің жоғарыдағы ұйымы оның таратылушылық түсінігімен алмасты. Алдыңғы орынға әділеттілік – теңдік шықты. “Бәріне бірдей болу” идеясы мен көбірек алып қалуға ұмтылу адамзаттың кейінгі моральдық дамуына үлкен ықпал етті. Тек моральдық дамуда ғана емес, әділеттілік пен теңдік туы астында революциялар, біліктер, басқыншылар болды. “Әлеуметтікәділеттілік” ұранымен болшевиктер Ресей империясындағы бай және іскер адамдары қырып жойды. Жептіс жыл бойы номенклатура КСРО – дағы бөлініс құралдарын қолдарынада ұстады. Теңдікті жүзген асыру үшін мемлекеттік биліктің қандай да бір органына қоғамдық өнімді орталықтарған басқару құқығымен беру керек. Алайда, бұл моральдың салдары адамдардың орасан зор мүшелерінің жойылуына және қалғандарының кедейшілікке ұғынуына алып келді. “Әлеуметтік әділеттілік” деген тіркес те, “Хылықтық демократия” сияқты жай семантикалық бос сөз ғана. Бөлінуші әділеттілік идеясы — әрбір индивид өз адамгершілік абыройына сай алуы тиіс деген мұндай кеңістілген, адамзат қауым дастығында өз мәнін жоғалтады.

“Менің байқауымша, — деп жазады. Ф. Хаяк, -“әлеуметтілік ” анықтамасы кіріс айырмашылығына азайтуды немесе жоюды көздейтін барлық нәрселерге тіркеле береді... Социализмнің “әлеуметтік әділеттілігіне ” қарай тағыда бір қадам итермелеу болып табылады. Ал, бұл бәсекелес нарықтық тәртіппен, сонымен бірге тұрғылықты халық ұстаумен, өсуімен және жеткен байлық деңгейін сақтау мен сәйкес келмейді. “(Погубная самонадеянность М.1992,203бет) Қазіргі кездегі Қазақстандық (және ТМД)”әлеуметтік қорғалған экономика” терминін де осылай бағалауға болады. Алайда, абстрактілік теңдік пен бөлініс әділеттілігінің жарамсыздығы әділеттіліктің моральдық қағидасының құнсыздануын білдірмейді. Д.Белл жазғандай , азамат санасының әділеттіліктің моральдық схемасы барлық әлеуметтік тәртіптің қажетті негізі болып табылады. Заңдылықтың болуы үшін билік ақталуы тиіс, және ақырында дәл осы адамгершілік идеялар, яғни қалаулы нәрсе туралы көзқарастар адамзат ұмтылыстары арқылы тарихты қалыптастырады.” (Культурные противоречия капитализма. М,1976).

Теңдік туралы идеяның өзі гуманистік әлеуметін сарқыған жоқ. Бұқаралық санада теңдіктің үш түрі кездеседі. Құдай алдында, мораль алдында және заң алдында.

Теориялық ойдағы мүмкіндіктер теңдігі “концепциясы қызығушылық тудырады.”Нәтижелерін теңдігін” талап ету байлықтың кедейлер пайдасына қарай радикальді қайта бөлінісін білдіреді, ал бұл бөлініс пен экономикалық өсімнің қарқынын баяулатады. Кезінде Аристотель “мөлшер бойынша теңдік ” пен “абырой бойынша теңдіктер ” айырмашылығын айтқан болатын және теңге теңсіз ретінде,теңсізге тең ретінде қатынас орнатар әділетсіздік пайда болатынын айтқан еді. Д.Беллдің пікірінше, теңсіздік теңсіздік индивидтің қоғамдағы орнымен анықталатын өмір жағдайына, әлеуметтік ортаға,қызмет түріне, мұрасына сәйкес келуі тиіс. Сондықтан да дәрігермен санитардың,

жұмысшымен менеджердің, ассистент пен профессордың теңсіздігі туралы айту мүмкін емес.

Д.Белл бойынша азаматтардың бұл категориялары арасындағы теңсіздікті адамзаттардың бұл категориялары арасындағы теңсіздікті, олардың әлеуметтік мәртебесі, табысы мен беделінде, жеке қабілеттер теңсіздігі жағдайында қоғамдық еңбектің жойылмайтын нәтижесі ретінде мойындау керек. Тиімділігі жағынан да, әділеттілігі жағынан да дұрыс бөліністің жалғыз – ақ қағидасы төмендегідей: әркімге жеке қосқан үлесіне қарай және оның өз әрекет саласындағы өкілеттілігі мен сіңірген еңбегіне қарай беру. Адамдарға пайда әкелетін теңсіздіктер әділетті және әркімге де өмірде табысқа жетуге мүмкіндік береді. Алайда, қоғам игіліктерінің қолға жинақталуы мен қалғандарының кедейшілікке ұрынуына жол бермеуі тиіс. Қоғамдық топтар арасындағы мұндай айырмашылыққа әртүрлі әлеуметтік қимылдар арқылы қарсы тұру қажет. Қазіргі уақытта әлеуметтік – экономикалық және моральдық мәселелерді реттеуде мемлекеттің ролі күшеюде. Ендігі кезде өмірдегі теңсіздік үшін жауапкершілікті нарыққа артып қою мүмкін емес. Жолы болмағандардың топтық құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Бұл мәселелерді шешу адамзат дамуына әділеттілік жол мен жетуге жағдай жасайды.

“Бақыт” ұғымы – этикадағы ең іргелі (фундаменталды) түсініктің бірі. Оның үстіне ол ең жемісті әлеуметтік идеялардың бірі болып табылады. Спинозаның айтуынша “бақыт” – бұл ізгіліктің қайтарымы емес, ізгіліктің өзі, өз құмарлықтарымызды нокталағанымыз үшін бақытты емеспіз, керісінше біздің бақытты болуымыз оларды нокталауға қабілетті етеді. ”Бақыт”-адамға сезілетін құбылыс сияқты көрінгенімен, ол ішкі қайшылықтарға толы. Этика тарихында бақыттың мәні туралы пікірлермен көзқарастар өте көп.

Мәдениет тарихында бақыт туралы қолданбалы этикалық пән феминистология қалыптасқан. Маңызды феминистарлық шығармалар қатарына төмендегілер жатады: Аристотельдің “Нокимах этикасы”, Сенеканың “Бақытты өмір туралысы”, Ф.Авкинскийдің “Бақыт туралы трактаты”, Бофцийдің “Философиялық жұбанышы”, Августиннің “Бақытты өмірі”, Гельвицийдің “Бақыт поэмасы”, Л.Фейрбахтың “Эвдемонизмі”, Дж.С.Милльдің “Еркіндік туралысы”, Э.Фромның “Өзің үшін адамы”, В.Татаркевичтің “Адамның бақыты”, және т.б. Этика тарихындағы бұл шығармалар бір тақырып төңірегінде жазылғанымен алуан түрлі көзқарастарды ұстанады.

Бірі бақыт сүйіспеншілікте деп тұжырымдайды. Алайда, бақыттың тез өткіншілігіде белгілі. Бақыт жастықта ма? Бірақ, Цицерон кәрілік – бақыттырақ деп есептейді. Көпшілігі бақыт қажеттіліктерді қанағаттандыруда деп санайды. Алайда тойымшылдықтан бас тартып өзін – өзі шектейтіндер қателесе ме? Мүмкін дос тықта болар? Бірақ ”достан қашық бол, жауыз одан қауіпті емес”, Білім ше? Білім алған адам қашыны да арқалайды “Данқ ? Алайда , данқты іздеме өйткені онда сені кезкелген жағымсыз тауып алады”. Бақыттың парадокс – тары көпқырлы. Алайда бұл бақыт ұстатпайды және теориялық талдауға көнбейді дегенді білдіреді. В. Татаркевичтің пікірінше

адамдар бақатты әрқалай түсінеді. Негізінен бақытты ерекшелеуге болады. Бұқаралық санада ең кеңінен таралғаны бақыт бұл сәттілік, кездейсоқтық, бізге бағынбайтын тағдыр (“бақыт құ- сы”). Екінші бақыт — өмірден қанағат, ләззат алу, қуаныш, Үшіншісі, бақыт – бұл ләззат алу мөлшері де емес, бір сәттілік қуаныш та емес, сыртқы игіліктерге болу да емес, ол бүтіндей өмірден толық, ұзақ қанағат алу, қайғы – қасіреттер арқылы болмыстың құпия мәніне ие болу. Осы соңғысы көңілге қонымды секілді. Бірақ ол да “бақыт формуласын толығымен ашпайды”.

Фемецитарлық идеялардың жалпы мазмұнына үңіmek ондғы пікірлердің қайшылықтарымен қатар, бақыт ұғымындағы жалпы белгілерді де аңғаруға болады.

- Ләззат алудың субъективті көңіл – күйі, өз — өзімен бақыттың жеткілікті өлшемі бола алмайды.
- Бақыт ізгілікпен қатар жүреді.
- Бақыттың объективті өлшемін табуға болады.

Платон мұның өлшемі ретінде “жақсы адам” идеясын а.л. Аристотел “адамның мақсаты” идеясын есптеді. Стеноза адамның өз күшін пайдалана отырып, жаратылысын іске асырылуы деп санаса. Спенсер – адамның биологиялық және әлеуметтік эволюциясын атайды.

Адам бақыты туралы ілімдерде негізінен үш бақытты айқындауға болады, бақыт психологиясы, бақыт аксиомасы, бақыт социологиясы. Психикалық тұрғыда бақыт позитвті көңіл күй, өмірден ләззат алу, қуаныш пен шаттық және рақаттану болып табылады. Бақыт сезімі бүгінгі күнгі бір оқиғаға байланысты туындаған бір сәттәк тез өткіншісі нәрсе болуы мүмкін.

Ол үнемі, тұрақты, бүкіл, рухани күштің, жақсы келешектің үйлесімділік пен қана – ғатшылықтың толассыз қуанышы болуы да мүмкін. Бақыт сезімі осылайша адамның өзіне және ілімге қанша қатынасының алуан тірлігін білдіреді. Бұл жағдайда бақыт пен қуаныштың арасын ажырату маңызды. Олардың айырмашылығын, егер қуанышы жекелеген атқа ғана толық сезіну. Бақыт – Э. Фромның анықтауынша – бұл өмір сүру өнеріндегі кепілдік өлшемі, өзінің гуманистік этикадағы мағынасындағы ізгілігі сай (Человек для себя М 1992, 182- бет) Адам әрекетінде әрине бақыттың тура және ашық соңына түсу жоқ. Әр түрлі өмірлі мақсаттарды қою және оған жету адамды автоматты түрде бақытты ете алмайды. Алайда соған ұмтыла отырып, ол бақытты сезінеді. Бұл “қу стратегия”, бақыттың “психологиялық заңы”, болып табылады. (ДЖ. С. Малль) – Адамда индивидуалдық өмірқамының ішкі құндылық мәнін және оның соңғы эффектiлiгiн бақылап отыратын “мүлгімейтін көз” болады. Алайда бақыт психологиясы негізінен көңілкүй айғақтарын айқындайтын сипатталушы терминдерді қолданылады. Ләззат алу немесе қасірет бақыт немесе бақытсыздықтың ең басты көрсеткіштері бола алмайды. Кейбіреулер садизмнен, деструк – тивтіліктен, біреулерді балағаттағаннан ләззат алса, ал кейбір сүйіспеншіліктен, кейбір адамдар достарымен бөліскенен шығармашылықтан ләззат табады. Егер бақыт пен бақытсыздық олар туралы біздің сезімдерімізге сай болса, онда бұл туралы

білмей ләззат алу немесе қайғыру бәрі – бір ләззат алмауды және қайғырмауды білдіреді. Егер құлдар қожайыны келтірген қасіретін сезінбесе, онда бейтарап адам жалпы адамның бақыты үшін қалай құлдыққа қарсы шыға алады? Бақыт та бақытсыздық сияқты ақылдық жағдайы ғана емес, бақыт немесе бақытсыздық бұл бүкіл тұлға жағдайының кірісі.

Бақыт сезім мен ойлау күшінің, тірліктің, жемістіліктің ұлғаюына сәйкес келеді; бақытсыздық бұл қабілеттер мен функциялар әлсіреуіне ықпал етеді.

Аксиологиялық тұрғыдан алғанда, бақыт – бұл құндылық, адам өмірдегі қайырлық өлшемі. Бақыт қайырымдылықты, ізгілікті білдіреді, тек сол ғана адам бойында оның болмысы мәнімен байланысты ең жақсы деген адамы қасиеттерді дамыта алады. Бақыт жекелеген сезімдері немесе белгілі бір әрекет емес. Батыс этигі Р.Барраздың айтуынша, адамның өлімнен қатынасын және байланысын бағалауда өз позициясы болуы керек. Егер ол нақты болса, объективті мүмкіндіктерге сай болса, онда адам бақыттың үш мәнді шартына жетеді; қауіпсіздік; өзін — өзі бекіту және ахуалды дұрыс түйсіну. Моральдық құндылықтар бақыттың тікелей себебі бола алмайды. Өйткені моральды адам бақытсыз болуы мүмкін, ал бақытты аморальды болуы мүмкін. Бірақ құндылықтың дағдарыс рухани – эмоционалды дағдарыспен міндетті түрде бірігеді. Бақытқа ұмтылу әрқашан да адамдарды біріктіре бермейді, әсіресе біреудің бақытсыздығы, екінші бақытының шарты болған жағдайларда. Адамдар кейде, “Кішкентай бақытқа да” ырза болады.

Өзі үшін зиян және өзін төмендететін жағдайларды, оның нағыз мәнін аңғармай жатып бақыт деп есептейді. Адамдардың бақыт туралы көзқарасы мен бақыт ұғымынақтылық пен абстрактылық шақты ажыратылады, қажеттілік пен мәнділік арасында қайшылық туады. Бақыт ұғымы ахуалдық алғышарт емес, императивті негіздегі идеялдылықты, шынайылықты, тойымдылықтыбілдіреді.

Этика адамның пікірін “басқашалау”, бақытқа толы деп кінәласа, ал адамдарға нағып бақыт үшін бұл берілген өмір сай келмейтіндей болып көрінеді.

Бақыт социологиясы – фелицитологияның маңызды құрамдас бөлігі. Ол адамдар ұмтылатын құрмет байлық, ұрпақ өсіру, дәулетті кәрілік сияқты жалпы белгілі игіліктерді сипаттайды. Сондықтан бақыт социологиясында қоғамдық игіліктерге жету жолдары мен құралдары және ең алдымен өзінің барлық формулаларындағы адал, таза еңбек ерекше орын алады. Бақыт социологиясы уталитаризм классиктері еңбектерінде кеңінен сипатталған. Мысалы, И. Бентам адамды бақытқа жақындататын құндылықтар тізімін келтіреді; денсаулық, іскерлік, достық, абырой, билік, адамдық, ізгілік, шыдамдылық, іскерлік, қарым – қатынас, жұбаныш және т.б. Бұл әсіресе өтпелі қоғамға тән. “Қазіргі адам – деп тұжырымдайды Е. Дубко мен В. Титов — өзгермелі тағдырға бейімделген өз — өзінен реттелетін құрылғымен және өзгеше еркін толқыталы ” “психика — троскоппен” қаруланған. (Идеал, справедливость счастье М 1889 72 — бет)

Нарықтық экономикамен бұқаралық мәдените жағдайларында өмір сапасымен өз — өзінді іске асыру бағаланады. Бұрын ол қоғамның этикалық қабатына тән болса, енді бұқаралық сипат алды. Жас ұрпақ өмірдің жоғары стандартына зор мән береді, аштық пен ауру туралы аз ойлайды. Алайда РТР және ақпараттық жарылыс адам өмірі ырғағын жылдамдатып жіберді, қақтығыстарды оқшауландыру тетіктері әлсіреді, адамгершілікпен экологиялық ахуал шиеленісті. Бұл үдірістің салдарлары дәлірек айтқанда, түзілу өмірдің маңызды ешнәрсе бермейтіндігін сезіну, ерік жұмысшысының төмендеуі, уайым көңілділік сезімімен агрессивтік адамның бақытты өмір сүруіне кедергілер келтіреді. Нарықтық экономика мен адам бақытының өзара әректі мәселесі этикалық жаралыстың — ғылыми, техникалық әдебиеттер кеңінен таралған.

Бақыт — бұл әр алуан адамның қажеттіліктерді өтеуге қабілетті айырбас затының пайдалылығы (тауар) және “қалтаға салып жүретін зат” ақша. өз бақытын көбейтіп және өзелерге әкелу адамгершілігі мол адамның ғана қолынан келеді. Т. Джерффергонның “Тәуелсіздік — декларациясында” былай жазылған. “Бақытқа деген ұмтылысты, қорғай отырып мемлекет өз мақсаты бойынша адамдардағы кәсіпкерлік рухты тәуелкелшіл дербюестік сезімін қолдауы және қорғауы тиіс.”

Қорытындылай келе бақыттың төмендігі құрылымдық элементтерін келтіруге болады. 1 — ден қайғысыз, жоқшылықсыз, аурусырқаусыз, бәлежаласыз өмірді білдіретін игілікті береке. 2- ден қажеттіліктерді қанағаттандыру. Қажеттіліктерді өтеу үшін белгілі дәрежеде қалыпты баланс қажет. Бұл жерде адам меншігі үлкен мағынаға ие болады, онсыз еркіндікте, байлық та жоқ. 3- ден элемент — қанағат, ырзашылық. Бұл адамның өз қалауына сай өмір сүріп жатқанына ризашылық сезімін білдіреді. 4- ден, бақыт қуанышсыз болмайды. Адам өз қуанышында ақылын да, сезімін де құндылықтың спектірін де көрсетеді. 5- ден элемент ретінде өмірді адами мәнділік пен міндеттілік тұрғысынан бақылауды айтуға болады. Этика өзінің өз басты ізгіліктері ретінде бақыт пен қуаныш құндылығын өте жақсы негіздей алады, алайда ол адамнан анау — мынау емес, өз қиын міндетті шешуді талап етуді де біледі, бұл оның жемісті де толық дамуын (Э. Фроим человека для себя, 184 — бет).

Ұлы Кантта мынадай тамаша ой кездеседі. “Адамды екі нәрсе жанын тебіренітіп шексіз тандандырады, жұлдызды аспан мен ішкі моральдық заңдылық шексіздігі.

1- ші шексіздікті адам жаңа кеңіс тіктерді бірте — бірте игере отырып меңгерпсе,

2- 2- ші ар — ұят деген не ?”

3. Кәсіби ар-намыс

Бұл ұғымдардың бір-бірімен тығыз байланыстығы соншалық оларды бөліп-жарып қарастырудың өзі қиын. Ұлы неміс философы Канттың жүрек тебіренерлік төмендегідей жолдары бар: “Бұл әлемде өзінің шексіздігімен ғаламаттылығы тұрғысынан адамды тандандыратын тек екі нәрсе ғана бар:

төбедегі мәңгілік шексіз аспан және менің ішкі жан дүниемдегі адамгершілік заңы”. Осындағы адамгершілік заңының жүзеге асуын қадағалаушы ар-ождан мен ұят. Ұят-адамгершіліктің біржемісі, сонымен қатар, ар-намыстың қосшысы. Ұят жоқ жерде әдеп-инабаттылық жоқ.

Ненің ұят және ненің ұят еместігі туралы түсініктердің барлық жерде бірдей еместігін айта кету керек.

Ар-намыс арқылы адамның өз қылықтарын парыз, міндет, тиеселілік тұрғысынан бағалай білетіндігі көрінеді. Адамның парызы сияқты ар-намыс та өзіндік, ешкімге тәуелсіз дүние.

Ұят деп адамның өзінің қоршаған ортасында қалыптасқан ортақ нормаларға немесе қауымның өзінен үміттенген биіктеріне сай келмегендігін сезінуден туындайтын қолайсыздық күйі.

Ар-намыс пен салыстырған ұят ішкі, өзіңмен-өзің қалатын күйемес, басқалардың қоршаған ортаның көзқарасымен анықталатын күй. Өйткені өзіңнің жасаған келеңсіз әрекеттің, іс-қылығы үшін басқаларда неститін сөзді ойлап, олардың сен туралы көзқарастарының бұзылатындығын ойлап қам жейсің.

2. Ситуациялық тапсырмалар.

1. Тергеушілердің біреуі денсаулығының жарамсыздығына байланысты екі аптадан бері демалыста, оны тағы бір аптаға созуда, бөлімге ПМ-нен тексеріс келейін деп жатыр. Тергеу ісіндегі бастықтың орынбасары әуежайға, келетін комиссияны күтіп алуға барған кезде, өзінің қол астында жұмыс жасайтын, ауруына байланысты үйінде жатқан тергеушіні көрген кезде ашуланады.

Психологиялық тұрғыдан бұл болған оқиғаны қалай дұрыс шешуге болады? Сіздің ойыңызша дау-жанжалдан құтылу мүмкін бе? Бұл жағдайды шешуге өзіңіздің үлесіңізді қосыңыз.

2. Анықтаушы бөлімінің кабинетінде төрт жұмыстық орын бар. Бұрынғы салтқа байланысты үш қызметкер (39-44 жас) жұмыс уақыты кезінде бұл жерде шылым шегеді. Бұл қылық жұмыс жасау барысына және жұмыстың орындалмауына ешқандай әсерін тигізбегендіктен бөлім бастығы бұларға ешқандай шара қолданбайды.

Бөлімге жаңадан келген қызметкер полиция майоры Досумов (34 жаста) бұл жағдайға өзінің наразылығын білдірді. Өзі темекі шекпейді, салауатты өмір салтын әрдайым ұстанып жүретін бұл қызметкерге жаңа орынға үйренісу ауыр тиді. Досумов әрдайым «жігіттер темекі тартуды қойыңыздаршы», «сендермен менде темекі шегіп кетемін» деген сөздерді айтып жүрді. Жұмыс уақытында темекі шегуді шай ішуге айналдырғысы келді, бірақ оны әріптестері түсінбеді, оны жаңадан келіп жаңа салт құрғысы келеді деп ойлады. Бұл шараларынан еш нәтиже шықпағандықтан, ол бөлім бастығы Касымовқа шықты.

Дау жанжалдың психологиялық шешімін табыңыз? Моральды психологиялық ахуалды жақсарту үшін не істеу керек?

3. Мақсат 16 жаста, ата- анасынан 300 мың теңге ұрлап кетеді, себебі ұзақ уақыт бойы одан бопсалаушылар ақша талап етеді. Бұл жағдайдан басқа шығар жол таба алмайды. Аз уақыттан кейін ата- анасы ақша жоғалғанын көріп, полицияға арыз жазады. Бұл уақытқа дейін жәйбірақат жүрген Мақсат, енді шындықтың ашылатынына көзі жетті. Бұл тығырықтан шығар жол таба алмай, Мақсат өмірінен қол үзгісі келеді.

Мақсат қандай күй- жай кешіп жүр? Тұлғайшілік дау- жанжалдың ішінде не жатыр? Бұл дау- жанжалдың түрін атаңыз. Бұл жағдайдан шығудың басқа жолын табыңыз?

4. Үшінші курс тыңдаушысы К.досының хатынан оның қызы оны алдап жүргенін біледі. Бірнеше күн бойы ол беймазаланып және агрессивті болып жүреді. Бірақ, институт психологымен сойлескен К.біршама жеңілдеп қалады, аз уақыттын кейін досының хатынан оның бұрынғы қызы жаман жолға түскенін біледі. Көңіл күйі жақсарған К.оған оның курстасы жай қарамайтындығын байқайды.

Сіздің ойыңызша К.психолог не деп айтты?Сіз К. қандай кеңес берер едіңіз?

5. ҚР ІІМ оқуын бітірген Б. бір ауылдық жерге участкілік полиция инспекторы болып жұмысқа барады. Бұл ауылға келгеннен кейін ол, ауыл шетіндегі бір үйді жалға алып, сонда тұра бастайды. Бұл ауылда одан басқа патрульдік полиция мен кәмілетке толмағандар ісі жөніндегі полиция инспекторы жұмыс жасайды. Б. жұмыста кешке дейін болады, көмек күтетін ешкімі жоқ, ІІБ ол ауылдан 200км жерде. Ол күнделікті жұмыстан кеш шығып, үйіне барып өзіне тамақ пісіріп, өз-өзін ретке келтіреді. Осы жағдай күнделікті қайталанады.

Б.қандай кеңес берере едіңіз, ол бұл жерге тез бейімделіп, жұмысын тастап кетпей тәжірбиелі полиция қызметкері болуы үшін.

6. Сазды ІІБ-нің тергеушісі Ахметов өзін соңғы кездері нашар сезініп жүр, себебі жұмысында жұмыс көп, үйінде әйелі түсінбейді.

Алдыңғы күні жалпы отырыста Ахметовты әріптескетінің көзінше төмен түсірді, оны кері әсерлермен жұмыстан шығаратынын айтып қорқытты. Ал Ахметовта құр қалған жоқ, ол да бастығына керек емес сөздері айтып, жиналыстан шығып кетті.

Өткен жетіде Ахметов әйелімен ұрысып қалады. Әйелі оның әрдайым жұмыста кешігетінін айтып, балаларға қарамайтындығын айтап ұрыс шығарады. Ұрыс соңы Ахметовтың әйелін ұруып-соғуымен аяқталады. Әйелі киімдерін жинап, балаларын алып, үйінен кетіп қалады және айырылысуға арыз берем дейді.

Бұл жағдайда пайда болған психологиялық факторларды атап өтіңіз. Ахметовтың жұмыстағы және үйдегі қылығын қалай бағалайсыз? Тергеу

бөлім бастығының жіберген қателіктері қандай? Жағдайды ушықтырмау үшін тергеу бөлім бастығы мен Ахметов қандай шара қолдану керек?

7. УПИИ полиция капитаны Саимов, өзінің жолдасының әке болғанын естіп құттықтауға бет бұрады, бірақ кенеттен жолдасы Азаматпен бір жағдай үшін керісіп қалып (бірақ сол керіске Саимовтың өзі кінәлі), сөйлеспегеніне бір жарым жылдай болып қалғаны есіне түседі.

Сіздің ойыңызша, бұл полиция қызметкері өзінің менмендігінен аттап, осы досына хабарласқан жөн бе? Хабарласқан жағдайда да ол сөзді неден бастауы қажет?

8. ____ қаласының ____ көшесінде №34 үйдің 42 пәтері тоналады. Бұл туралы үй иелері полицияға хабарлайды. Полиция қызметкерлері оқиға болған жерге барып, осы үйдің көршілерінен түсініктеме алғысы келеді. Көрген бірей барма, қай уақытта үйде болдыңыз, күдікті адамдарды байқаған жоқсыз ба деген сұрақ қойғылары келген. Бірақ көршілерінің біреуі де есікті ашпай, «мен бұл кезде үйде болған жоқпын», «есікті сыртынан кілттеп кетті, мен іштен аша алмаймын», «мен ештеңе естіген жоқпын», «есікті ашсам өзімді кінәлі етіп қоясыздар» деп ешқайсысы көмектескісі келмеді.

Сіздің ойыңызша полиция қызметкері қандай қателік жасады? Жұртшылықпен сөйлескенде неге ең алдымен назар аудару керек? Бұл жағдайда қандай психологиялық тәсілдерді қолдануға болады

9. АІБ-не жаңадан оқуын тәмамдап келген жас қызметкер полиция лейтенанты Исаев жұмысқа келеді. Бұл келген АІБ-де ол қатарлы жас қызметкерлер жоқ. Ең жас дегені бұл қызметкерден 8 жас үлкен. Сонымен қатар бұл мекемеде олар бұрыннан жұмыс жасап келе жатыр, соның ішінде тергеу бөлімінде 9 адам жұмыс жасайды, оның үшеуі көшбасшылыққа талпыныс жасайтындар, төртеуі әрдайым ішімдікке жақын жүреді, екеуі бала кезден дос, сол себептен ешкіммен көп араласпайды.

Бұл жас полиция қызметкерінің ұжымда бейімделуі қалай өтеді. Бұл ұжымға тез сіңісіп кетуге жағдай бар ма?

10. Т.... қаласының АІБ бастығы өзінің қарамағындағы инспектор психолог полиция капитаны Елемесоваға, осы АІБ жұмыс жасайтын полиция қызметкерлері Исаев пен Калдыгаринді психологиялық зерттеуден өткізіп, маған қорытындысын беріңіз деп бұйырады. АІБ бастығы қандай психологиялық зерттеуден өткізу керектіген нақты айтқан жоқ. Бастықтың тапсырмасын орындап, инспектор психолог жоғарыда аталған екі полиция қызметкерін зерттеп, қорытындысын тапсырады. Содан кейін бұл психологиялық зерттеу бос тұрған орынға кімді қою керектігін білмей, екеуінің арасында таңдау керек болғасын өткізгенін айтады. Содан АІБ бастығы инспектор психологтың жұмысына наразылығын білдіреді, себебі ол бұл зерттеуде полиция қызметкерлерінің ұйымдастырушылық қасиеттері мен

басқарушылық қасиеттері зерттелмеген. Содан соң психологиялық зерттеуді қайтадан өткізуге тура келді. Кейін бос тұрған орынға орналаса қалмай алған қызметкер бұған кінәлі инспектор психолог деп ойлады, себебі психологтың берген қорытындысына бастық аса маңыз аударды.

Инспектор психологқа тапсырма берер алдында талап қойылды ма? Психологтың басқа қызметкерлермен ара қатынасы бұзылмау үшін қандай профессионалды этикалық ережелерді сақтау қажет?

3.Тест тапсырмалары:

1. «Категория» сөзі қай тілінен шыққан?

- A) латын
- B) француз
- C) ағылшын
- D) грек
- E) ежелгі латын

2. Этика категориялары дегеніміз не?

- A) моральдың ең мәнді жақтары мен тұстарын көрсететін, ғылым ретіндегі этиканың теориялық аппаратын құрайтын жалпы түсініктер
- B) этиканы ғылым ретінде қарастыру үшін арналған
- C) тек жақсылық пен жамандықты зерттейтін, этика бөлімі
- D) нақты қоғамдық социологиялық және тарихи аспектілерін зерттейтін, этика бөлімі
- E) инстинктивті, импульсивті мінез-құлықтар

3. Ар-ұят категориясының қысқаша анықтамасы:

- A) қайырымдылықтың нақтыланған формасының бірі
- B) өткеннің қалдығы
- C) тұлға қызметінің борыш талабымен сәйкестігі
- D) мазмұны бойынша игілік пен жақсылыққа қарама-қарсы тұрады
- E) біздің өзімізге өзіміз беретін жауабымыз

4. Аристотельдің «Никомах этикасы», Л.Фейербахтың «Эдемизмі» деген еңбектері этиканың қандай категориясына арналған?

- A) жауапкершілік
- B) ар-ұят
- C) бақыт
- D) борыш
- E) қайырымдылық

5. Этика категориясының жақсылық категориясына қарама – қарсы әрекетті категориясы?

- A) жамандық
- B) әділеттілік
- C) борыш
- D) әдемілік
- E) махаббат

6. Этика категориясының қосымша түрлері:

- A) Өмір, бақыт;
- B) Жақсылық пен жамандалық;
- C) Әділеттілік;
- D) Ар – намыс;
- E) Мораль

7. Міндеттілік, жауапкершілік, адамдарды әлеуметтік жағдайына, лауазымына қарамай адамдардың құқықтарына тең қарайтын категория –

- A) әділдік категориясы;
- B) махаббат категориясы;
- C) өмір сүру категориясы;
- D) жамандылық категориясы;
- E) жәрдемдесу категориясы.

8. Қандайда бір қоғамның, топтың, мамандық иесінің, адамның жүріс – тұрыс нормаларының жиынтығы.

- A) Құқық
- B) Мораль
- C) Адамгершілік
- D) Этика
- E) Категория

9. Этика категориясына жатады?

- A) Барлығы дұрыс
- B) Бұрыш
- C) Ар
- D) Жауапкершілік
- E) Жақсылық

10. Жағымды эмоциялық сезімдерді туғызбайтын және туғызуға мүмкіндігі жоқ этика категориясы:

- A) сұрақы;
- B) кейіпсіз;
- C) қайғылы;
- D) барлық жауаптар дұрыс;
- E) дұрыс жауап жоқ

Мазмұны:

Кіріспе	5
1. Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің кәсіби этикасының категориялары	7
2. Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің кәсіби этикасының категориялары	15
3. Мораль. Мораль функциялары, оның құрылымы және элементтері	27
4. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіптік қарым-қатынас жасау мәдениеті	40

5. Жанжал және оның моральдық-ізгілік құрылысы	47
6. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік қарым -қатынас жасау мәдениеті	56
7.Глоссарии	72
8.Қорытынды	74
9. Пайдаланылған қайнар көздері	77

ГЛОССАРИЙ

Этика – (грек тілінен аударғанда ethos – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлық болып табылатын ежелгі теориялық пәндерінің бірі.

Этикет сөзі – жақсы әдеттер ережесі дегенді білдіреді. Этикет тарихи дамып отыратын құбылыс. (дипломатиялық, телефонмен сөйлесу, қонақ күту, азаматтық, қызметтік іскерлік).

Мораль – (латын *moralis* – әдет-ғұрып) – адамдар мен әлеуметтік бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін қағида; адамның мінез-құлқын реттеу қызметтерін атқаратын әлеуметтік институт. Мораль әлеуметтік шындықтың этикалық сапаларын (ізеттілік, мейірбандық, әділеттілік, мінез-құлық, әдет-ғұрып, т.б.) бейнелейтін қоғамдық сананың ерекше нысанына жатады.

Категория - шынайы өмірдің маңызды жақтарын көрсететін мейлінше жалпы түсініктер сипатталады. Ол — адам танымының өзекті пунктері.

Этика категориялары — моральдың ең мәнді жақтары мен тұстарын көрсететін, ғылым ретіндегі этиканың теориялық аппаратын құрайтын жалпы түсініктер.

Моральдық сана - белгілі бір деңгейде тұлғаның әрекеттерін, істерін және адамгершілік жүріс-тұрысын анықтайды.

Адамгершілік – кімнің қандай екенін көрсететін адам қылықтарының объективті аспектісі.

Адалдық - адамгершіліктің аса маңызды талаптарының бірін бейнелейтін моральдық қасиет. Ол шыншылдық, әділдік, принциптілік, мойнына алған міндеттемелерінен жалған сөйлеп, жалтармаушылық, уәдесінде тұрушылық сияқты қасиеттерді қамтиды.

Арамдық – моральдық қасиеттің адалдыққа қарама-қарсы кесапатты түрі. Оған алдау-арбау, суайттық, жымсықтық, ұрлық, опасыздық, екі жүзділік сияқты жаман қылықтар жатады.

Адал – араб тілінде «рұқсат етілген», «таза» деген мағына беретін сөзі. Яғни мұсылмандар үшін рұқсат етілген іс-әрекет, қылықтар, сонымен қатар таза саналған азық, ішу-жеуге жаратылатын нәрселер.

Ар-ұят – өмірдің әр түрлі көріністерді жасаған әрекеттің жөнсіздігін түсінушілік.

Бейсана (санасыздық) – адамда саналы жан қуаттарымен қатар, санадан тыс (бейсана) құбылыстар да болады. Оларға әр түрлі соқыр сезімдер, ырықсыз қозғалыстар жатады.

Диалог (грек тілінде – dialogos) – ауызша сөйлеудің түрі, екі немесе бірнеше адамның тілдесуі. Іскерлік қатынаста өзара ақпарат алысуды және әрбір қатысушының әңгімелесушілердің психикалық жай-күйі мен мүдделерін есепке алуын көрсетеді.

Ерік – адамның өз мәнез-құлқын меңгере алу қабілеті. Ойланып істелінетін, алға мақсат қоюды қажет ететін қимыл-қозғалыстар.

Инстинкт (латын тілінен аударғанда instincts – санасыз ұмтылу дегенді білдіреді) – жануарлар мен адамдарда тумысынан берілетін мінез-құлықтың қарапайым түрі.

Интеллект (латын тілінен аударғанда intellects – таным, түсіну, пайымдау дегенді білдіреді) – адамның ойлау қабілеті, дүниені тануы.

Интуиция (латын тілінен аударғанда intuition – сырттай қарау, байқау) – ішкі байқау. Интуиция теориясын зерттеуші француз ойшылы Бергсонның анықтауынша, интуиция ішкі танымдық сенім ретінде көрінеді.

Қабілеттер – бұл іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке дара қасиеті.

Қабылдау – іскерлік қатынастағы әріптестің сыртқы түрң мен мінез-құлқына негізделген тұтастай бейнесі.

Қажеттіліктер – адамның рухани немесе материалдық, болмаса шығармашылық іс-әрекетке, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға, т.б. ұмтылуы, ниеттенуі.

Қызығу – айналадағы заттар мен құбылыстарды аса белсенділікпен танып, терең білуге бағытталған адамның сезім дүниесін қамтитын біршама тұрақты, жеке-дара ерекшелігі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құқық қорғау органдары қызметкерінің тағы бір ерекшелігі- кей кездері өзінің мемлекеттік құрылымдарға қатысын жасыра отырып, оған қылмыстық ортада жұмыс істеуге тура келеді. Мұндай жағдайларда адам санасында бір мезетте екі адамгершілік жүйелер қалыптасады: біріншісі- ол өзі қабылдаған көзқарастар жүйесі; екіншісі- қылмыстық ортада негізге

алынған көзқарастар, ал қызметкер өз жүріс-тұрысын осы екінші жүйеге негіздеп, оңтайландыруы керек.

Мұндай жағдайларда адамның санасында моральдық құндылықтардың әр түрлі жүйелері бір мезетте шиеленіске түседі. Бұл көзқарас тұрғысынан аталған шиеленісті ішкі деп те атауға болады. Алайда, ішкі жанжалдың ерекшелігі мынада — оған тұлға өзі дұрыс деп санайтын құндылықтардың, нормалардың күресі тән. Ал сыртқы жанжал өзінің көзқарастарына қайшы сенімдердің, көзқарастардың, құндылықтардың, идеялардың дұрыстығын жоққа шығару тән. Бөтен салада жасырын жүрген қызметкер осы салада үстемдік құрған моральдық құндылықтарға қатысты өзінің шиеленісті қарым-қатынасын жасыруға мәжбүр болады. Мұндай жағдай моральдық таңдаудан емес, жедел-іздістіру қызметінің ерекшеліктерінен туындайды. Сол себепті де, мұндай шиеленісті сыртқы шиеленістің жасырын нысаны деп атауға болады.

Құқық қорғау қызметіндегі моральдық шиеленістердің көрініс табу нысандары түрліше. Олар осы қызметтің белгілі бір бағытының нақты ерекшеліктеріне, осы қызмет жүзеге асатын ерекше жағдайларға, шиеленіске қатысушылардың әлеуметтік психологиялық мінездемелеріне және басқа да жағдайларға байланысты.

Жанжалдың дамуы оны шешуге, яғни, жүріс-тұрыс немесе әрекеттің белгілі бір түрін таңдауға алып келеді. Мұндай жағдайда адамға өзі қабылдайтын шешімнің негізінде жатқан дұрыс бағытты анықтауға көмектесудің маңызы зор. Бұл бағыт адамның өзі қабылдайтын моральдық талаптары сенімге айналған сайын берік бола бастайды. Аталған мәселе құқық қорғау қызметі үшін, нақты айтқанда, құпия көмекшілермен жұмыс үшін тәжірибелік мәнге ие. Құпия көмекші өзінің құқық қорғау органдарымен бірігіп қызмет ету туралы қабылдаған шешімнің дұрыстығын сезінсе де, бұл шешімнің моральдық маңызы зор екендігін түсінсе де, жедел іздістіру өкілінің тапсырмаларын саналы және ерікті түрде орындаса да, өз әрекетіне субъективтік, психологиялық түрде іштей қанағаттанбауы мүмкін. Өз жүріс - тұрысынды түсіну, сезіну, сенімге, әдетке, тұрақты сезімдерге айналмауы мүмкін. Құпия көмекші дұрыс әрекеттер жасап, оларды негіздей алса да, бұл негіздеу сеніммен жүзеге асырылмауы мүмкін. Өзін-өзі мәжбүрлеу, борыш сезімі - бұлар да әрекеттің жоғары негіздері, алайда, оларды адамгершілік жүріс-тұрыстың жоғары түрін сипаттайтын сеніммен бір қатарға қоюға болмайды.

Әдебиеттерде адамгершілік шиеленістердің алдын алуға және оларды шешуге жәрдем беретін ұсыныстарды жасау ұмтылыстары біршама. Бұл жағдайда ортақ қағида ретінде адамгершілік құндылықтардың үстемдігі туралы ереже ұсынылады.

Моральдық шиеленістерді шешуде қоғамдық мүдденің жеке мүддеден үстемдігі туралы ереже көп жағдайда бұл ереже қате, дөрекі түсініліп, жүзеге асырылады. Шиеленіс жағдайды көбінесе жеке мүдделерге зиян келтіре отырып шешу орын алады. Әрине, қоғамдық

мүдде жеке мүддеге қарағанда әлдеқайда маңызды. Алайда, кей кездері жағдайды дұрыс түсіну нәтижесінде жеке мүддеге ешбір зиян келтірмей-ақ, қоғамдық мүддені қанағаттандыруға болады. Жеке мүддені қоғамдық мүддеге бағындыру- шешімі қиын жағдайларда жиі кездесетін мәселе. Шиеленісті жағдайдан ең жақсы, оңтайлы жолмен шығу үшін тұлғаның өз мүдделерін ескермеуге талпынысы ғана емес, сонымен қатар, қоғамның тұлғаның мүдделерін қанағаттандыруға деген ұмтылысы да қажет. Осындай, тұлғаның қоғамға, қоғамның тұлғаға дұрыс қатынасы жағдайында ғана дұрыс моральдық таңдау жүзеге асырылады.

Таңдау жағдайында қабылданған шешімді жүзеге асыру үшін қойылған мақсатқа жетудің белгілі бір құралдары қажет. Бұл көзқарас тұрғысынан, құралдар таңдау мен мақсаттың ортасында аралық буын кезеңі мақсат пен оған жету құралының өзара қатынасының мәселесі ретінде сипатталады. Құқық қорғау органдарының қызметкері үшін бұл мәселені шешудің ғылыми да, тәжірибелік те маңызы зор.

Адамдардың өз алдарына қойған мақсаттары мен оған жетуде қолданылатын құралдардың арақатынасы туралы мәселе көптеген ғасырлар бойы дау туғызуда. Этикалық ой тарихы мақсат пен құралдардың өзара байланысы туралы мәселеге қатысты екі баламалық жауап ұсынған. Олар макиавеллизм концепциясынан және абстрактілі гуманизмнен көрініс тапқан.

Бірінші бағыт «мақсат кез-келген құралды ақтайды» қағидасы ретінде белгілі. Бұл бағытқа сәйкес, құралдар мақсатқа тәуелді, оған бағынады, ал мақсат құралдардан тәуелсіз. Құралдарды таңдаудың негізгі талабы ретінде олардың мақсатқа жетудегі тиімділігі ұсынылады, ал олардың адамгершілік жағдайы есепке алынбайды.

Екінші концепция жоғарыдағы концепцияға қарама-қарсы бағытты ұстанған, бұған сәйкес, ешқандай мақсат оған жету құралдарын ақтай алмайды. Құралдар мақсаттан толығымен тәуелсіз және өзіндік оң немесе теріс құндылыққа ие. Мысалы, бірінші концепцияның өкілдері ретіндегі иезуиттер «егер ол мақсатқа жетуге жәрдемдессе, кез-келген зорлықты ақтауға болады» деп санаған, ал екінші концепцияны жақтаушылар зорлықты абсолюттік зұлымдық ретінде тани отырып, оны мақсатқа жетудегі құрал ретінде қолдануға тыйым салған. Соңғылардың пікірінше, құралдар қандай болса, мақсат та сондай болады: адамгершілік сипаттағы құралдар адамгершілік сипаттағы мақсатқа алып келсе, арам ниетті сипаттағы құралдар арам мақсатқа алып келеді. Басқаша айтқанда, бұл тұжырымның негізі мына анықтамада бекітілген: мақсат құралдарды ақтамайды, керісінше, құралдар мақсатты анықтайды.

Құқық қорғау қызметі мақсат пен құралдардың арақатынасы мәселесін ғылыми шешуді талап етеді. Көп жағдайда бұл қоғамдық көзқарастың осы мезетте қолданатын құралдарға қатысты, кейбір жағдайда мақсаттардың өздеріне де қатысты теріс бағалауымен байланысты. Тіпті, адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауға байланысты

адал ниетті мақсаттардың болуы да құқық қорғау органдары қолданатын құралдар мен әдістерді қоғамдық пікірдің теріс бағалауынан құтқармайды. Аталған мемлекеттік органдардың қызметкерлері макивеллизмнің концепциясын да, абстрактілік гуманизм концепциясын да толығымен қолданысқа енгізе алмайтыны белгілі, себебі жоғарыдағы концепциялардың екеуі де мақсат пен құралдардың арақатынасы мәселесін шешуде тым қатты көзқарастарды ұстанған.

Бұл көзқарасқа сәйкес, адамдардың алдында тұрған мақсаттардың оларға жетудегі құралдармен өзара тығыз байланысы танылады. Сонымен қатар, құралдардың мақсатқа кері әсері де жоққа шығарылмайды, яғни, кейбір құралдардың адал ниетті мақсатты бұрмалау мүмкіндігі танылады. Құралдар алдыға қойылған мақсатқа сай болуы тиіс. Мақсат құралдардың құрамын анықтап, олардың адмгершілік мазмұнына мән береді.

Пайдаланылған қайнар көздері:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы 30.08.1995 ж. (02.02.2011 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.)
2. Қазақстан Республикасы Заңы «ҚР ПО туралы» 23.04.2014 ж. (08.11.2015 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді)

3. Қазақстан Республикасы Президентінің № 153 29.12.2015 ж. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» жарлығы
4. Ғабитов Т.Х. Заңгер этикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 66 б.
5. Молдабеков Ж.Ж., Маханбетова А.Ә., Оралбекова А.Ш. Кәсіби этика. Оқулық. – Астана, 2008. – 158 б.
6. А.А.Салимов, А.А.Умурзакова Заңгер этикасы. оқу-тәжірибелік құралы Ақтөбе, 2016. – 66 б.
7. Кобликов А.С. Юридическая этика. Учебник для вузов. – М.: НОРМА, 2004. – 176 б.
8. Жаринов В.М. Этика: Учебное пособие для вузов. – М.: ООО «Приор-издат», 2003. – 208 б.
9. Красникова Е. Этика и психология профессиональной деятельности: Учебник для вузов. – М., 2007. – 224 б.
10. Морозов А. Деловая психология: Курс лекций. – М., 2005. – 1040 б.
11. Психология и этика делового общения: Учебник для вузов/ В.Ю. Дорошенко, Л.И. Зотова, В.Н. Лавриненко и др./ Под ред. проф. В.Н. Лавриненко. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Культура и спорт, ЮНИТИ, 1997. – 279 б.
12. Психология, педагогика, этика/ Под ред.: Ю.В.Наумкина.- М., 1999.
13. Профессиональная этика работников правоохранительных органов: Учеб.пособие / Под ред. Г.В.Дубова, А.В.Опалева. М., 1998.
14. Сокова З.К. Профессиональная этика: Курс лекций. М.: ЦИиНМО КП МВД России, 2000. – 204 б.
15. Шеретов С.Г. Профессиональная этика юриста: Учебное пособие. – Алматы: Юрист, 2009. – 148 б.
16. Этика юриста / Составитель Т.Х.Габитов: Учебное пособие для юридических вузов. – 2-е изд. – Алматы: Данекер, 2000. – 127 б.
17. Юридическая этика /Под ред: А.С.Кобликова. – М., 1999.
18. Ботавина Р.Н. Этика деловых отношений: Учебное пособие. – М.: Статистика и финансы, 2003. – 206 б.
19. Все об этикете. Книга о нормах поведения в любых жизненных ситуациях.- Ростов-на-Дону: Феникс, 1996. – 512 б.
20. Гусейнов А.А., Иррилиц Г. Краткая история этики.- М., 1987.
21. Зеленкова И.Л., Беяева Е.В. Этика: Учебное пособие и Практикум. – Минск: НТООО «ТетраСистемс», 1997. – 320 б.
22. Зеленый В.А., Куребаев Е.А. Профессиональная этика и эстетическая культура сотрудников органов внутренних дел: Учебно-методический комплекс / Под общ.ред.О.К.Биктасова. – Семипалатинск: СЮК МВД РК, 2004. – 260 б.
23. Зеленухин А.В. Предмет и категории этики: Учебное пособие. –Саратов: СГАП, 2002. – 124 б.

24. Ибрагимов М.М., Куличенко В.В., Съедин Б.Г. Профессиональная этика и этическая культура сотрудников органов внутренних дел – Киев, 1990.
25. Карпец И.И. Уголовное право и этика. – М., 1985.
26. Кильмашкин Н.Ф., Кильмашкина Т.Н. Психологические средства общения в системе ОВД: Учебное пособие. – Кустанай: КВШ МВД РК, 1996. – 60 б.
27. Кокорев Л.Д., Котов Д.П. Этика уголовного процесса. – Воронеж, 1993.
28. Кондрашов В.А. Этика. – Ростов-на-Дону, 1998.
29. Кондрашов В.А., Чичина Е.А. Этика. Эстетика.- Ростов-на-Дону, 1999.
30. Кунанбаев А. Слова назидания. – Алматы, 199
31. Литвин А.Н. Деловой этикет. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2003. – 224 б.
32. Лыков А.Ф. Казахстанский полицейский: духовное богатство, моральная чистота, физическое совершенство. Пособие для руководителей ОВД, сотрудников воспитательно-кадровых аппаратов и слушателей УЗ МВД РК. – Алматы: Данекер, 2003. – 36 б.
33. Опалев В. Умение обращаться с людьми. Этикет делового человека. М.: Культура и спорт, 1996.
34. Пиз А. Язык телодвижений. – М.: Прогресс, 2008. – 164 б.
35. Разум сердца: мир нравственности в высказываниях и афоризмах. – М., 1990.
36. Соловьев В.С. Оправдание добра – М., 1996.
37. Халиулина В.П. Профессиональная этика юриста: Учебное пособие – М.: Изд-во РУДН, 2004. – 161 б.
38. Шепель В.М. Имиджелогия. Секреты личного обаяния. М.: Культура и спорт. ЮНИТИ. 1994 (2-е изд. – 1997).
39. Щеглов А.В. Профессиональная этика сотрудников органов внутренних дел. – М., 1999.
40. Энциклопедия этикета. СПб., 1996.
41. Этическая мысль: Научно-публицистические чтения / Под. общ.ред. А.А.Гусейнова. – М.: Республика, 1990. – 480 б.

ⁱ Пиз А. Язык телодвижений. – М.: Прогресс, 2008. – 164 б.

1. Разум сердца: мир нравственности в высказываниях и афоризмах. – М., 1990.
2. Соловьев В.С. Оправдание добра – М., 1996.
3. Халиулина В.П. Профессиональная этика юриста: Учебное пособие – М.: Изд-во РУДН, 2004. – 161 б.
4. Шепель В.М. Имиджелогия. Секреты личного обаяния. М.: Культура и спорт. ЮНИТИ. 1994 (2-е изд. – 1997).

-
5. Щеглов А.В. Профессиональная этика сотрудников органов внутренних дел. – М., 1999.
 6. Энциклопедия этикета. СПб., 1996.
 7. Этическая мысль: Научно-публицистические чтения / Под. общ.ред. А.А.Гусейнова. – М.: Республика, 1990. – 480 б.

С.А.Мендыбаева

ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы

Оқу құралы
